



Маңғыстау әдіскері

Республикалық ғылыми-әдістемелік және танымдық журнал
Республиканский научно-методический и познавательный журнал

№ 2 (41)
2025




Біз әлеуметтік желіде:

 Өрлеу Маңғыстау

 orleumangystau





Білім мен тәрбие бесігі

Нурлыкулова Эльмира Бекмаханбетовна
«TANYM school» мектебінің директоры

Елдің ертеңі болар ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне алдымен отбасы, сосын өскен ортасы - балабақша және мектебі тікелей әсер етеді. Жарқын болашақтың кілті – саналы тәрбие мен сапалы білімді бойына сіңірген жастардың қолында. Ендеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқаратын мектепке дейінгі және және жалпы орта білім берудегі жетістіктеріміз қандай? Ұлт мұраты жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан «TANYM school» мектебі мен «TANYM» балабақшасы әр баланың осы бағытта тең мүмкіндіктерге қол жеткізуіне септік етуде.

Балабақшамыздың іргетасы 2014 жылы желтоқсан айында “Күншуақ-Ақтау” оқу-тәрбиелік орталығы атауымен қаланып, 3 топпен жұмысын бастады. Қазіргі таңда балабақшада 10 топта 236 бала тәрбиеленуде. “Баланы ең әуелі мейір - шапағатқа, одан соң ақыл - парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға еңбекке баулы” деп Абай атамыз айтып кеткендей, бақытты балалық шақ - қабілетті тұлға болып қалыптасудың кілті. Осы ретте мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі басты орынға қойылады. Оны білікті кадрлардан тұратын сапалы педагогикалық ұжым қамтамасыз етеді. Бүгінде мекемеде 48 адам еңбек етеді. Әрбір үйдің үкілеген үміті, ертеңіне зор сенім артқан ұрпағын жетектеп әкеп зор сеніммен тапсырған соң, оларға ұлттық және заманауи негізге сүйене отырып тәрбие

беру – міндетіміз. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп әл-Фараби бабамыз айтқандай, бала бойында ізгі қасиеттерді дамыту өте маңызды. Атап айтқанда, балабақшада қыркүйек - табиғатты қорғау айы атап өтіледі. Оның мақсаты - балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілік қасиеттерін арттырып, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Табиғаттағы су, ауа, топырақтың пайдасын, оларды дұрыс пайдалану ережелерін меңгерту. Сонымен қатар қазан - денсаулық айы. Бұл айдың мақсаты - балаларға денсаулықтың маңыздылығын түсіндіру, салауатты өмір салтының негіздерін ұғындыру, денсаулыққа зиянды әдеттер мен олардан сақтану және балалардың денсаулыққа қатысты дұрыс таңдау жасау дағдыларын дамыту. Одан соң қараша - отбасы айы, мұның мақсаты - балалардың отбасыға, елге-жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, балаларды туған жерге пайдалы азамат бола білуге тәрбиелеу, туған жерді гүлдендіруге идеялар ұсына алуды меңгерту. Балабақшада тәрбиемен қатар балдырғандардың бойындағы өнерін, талантын дамытып, қабілетін ұштауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте мекемеде бірнеше бағытта үйірмелер жұмыс істейді. Атап айтсақ, каратэ, хореография, интеллектум, ағылшын тілі, бейнелеу өнері, құм терапиясы, тұз шахтасы, нейрогимнастика деп аталатын ерекше үйірмелер олардың жан-жақты машықтарды меңгеруіне ықпал етеді.

«TANYM school» мектебінің ерекшелігіне келсек, оның жұмысы өте бірегей бағдарлама арқылы құрылған. Жаңа өмір табалдырығын аттап, білім айдынында жүзуге ұмтылған оқушылардың танымын кеңейтіп, талабын ұштайтын білім ордасы 2023 жылы 30 жылдың тәжірибесі бар «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының басшылығымен Ақтау қаласында есігін айқара ашты. Қордың ұйымдастыруымен бұл мектеп тек оқушыларға арналған іс-шараларға қатысып қоймай, сонымен бірге кадрларды дамыту, әдістемелік қолдау жұмыстарын да жүргізеді. Жалпы мектептің алдына қойған мақсаты – о қ ы т у б а р ы с ы н д а а д а м и құндылықтарды бойына сіңірген білімді ұрпақ тәрбиелеп шығару. Мектеп ұжымының ұстанымы – махаббат, тазалық, құрмет, жауапкершілік, табандылық, ізеттілік, денсаулық, жомарттық, ауызбірлік құндылықтарын жоғары қою. Бүгінгі таңда мектепте 121 адам қызмет етеді.

Мектептің оқу жоспары «ҚР жалпы міндетті стандарттар» негізінде жасалған. Оқу ордасы 1-4 сыныптарға білім беретін бастауыш оқу бағдарламасына сәйкес жұмыс істейді, қазақ және орыс сыныптары қамтылған. Бастауыш сыныптарда «Домбыра» ұлттық аспабы міндетті сабақ ретінде өткізіледі. Интеллектум және робототехника пәндері бағдарламаға балалардың ойлау ұшқырлығын дамыту, дұрыс шешім қабылдау, сенімділігін арттыру және шығармашылығын өсіру мақсатында қосылған. Тілдік толеранттықты арттыру мақсатында бастауыш сыныптарда ағылшын тілінен қосымша сабақтар өткізіледі. Сондай-

ақ математиканы терең үйрету үшін 1-2 сыныптарға «Ойла.Математика» және 3 -4 сыныптарға «Қызықты математика» вариативті компоненттері қосымша беріледі. Мектептің күн тәртібінде міндетті түрде кітап оқуға ерекше көңіл бөлініп, уақыт арналады. «TANYM school» мектебі Project Based Learning (PBL) жобасы бойынша оқу әдістемесін пайдаланады. Бұл әдіс сөйлеу мәдениетін, ой ұшқырлығын дамытып, баланың топта жұмыс істей алуына, оларға жаңашылдықтарды тез үйретуге септік етеді. Ата-аналармен кері байланыс орнату мақсатында мектеп «EduPage», «EDUS», «BIL Platform» онлайн жүйелері бойынша жұмыс істейді. Ата-аналар сабақ кестесін, балаларының оқудағы жетістіктерін, күн сайынғы бағалары мен хабарламаларды осы электронды журналдан біліп отыруы керек. Мектептегі тәрбие жұмыстары Values based education жобасының құндылықтарына негізделген білім беру арқылы жүзеге асырылады. Аталған жоба мақсаты – ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейту. Жоба аясында тәрбие беру бағыттары 18 топтастырылған құндылықтар арқылы түсіндіріледі. Оқу жылының әр айына бір құндылық жоспарланып, оқушылар айдың соңына дейін сол құндылықпен толық танысып шығады. Атап айтқанда, бұл құндылықтарға – Бірлік, Құрмет, Жауапкершілік, Адалдық, Еңбекқорлық, Көрегендік, Этика, Табандылық, Патриоттық, Төзімділік, Махаббат, Жомарттық, Әділдік, Эмпатия, Қанағаттанушылық, Тазалық, Денсаулық, Қайсарлық жатады.

Мектеп оқушылары қызығушылығына қарай сыныптан тыс іс-шараларға қатыса алады, мәселен, қозғалыс ойындары, серуендеу, саяхаттау, зерттеу жұмыстары, жобалар дайындау. Бұл қызметтерді мектеп тегін ұсынады. Балалардың оқуға, әдебиетке деген қызығушылығын ояту, ойын әдемі жеткізуге септік ету үшін күнде кітап оқуға көңіл бөлінеді. Кітаптар жас шамасына қарай қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде іріктелген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде оқушылар кітап оқудан жарысқа қатысады. Білім ошағында сонымен бірге би, сурет салу, вокал, домбыра, шеберлік, каратэ, шахмат, интеллектум, футбол, роботехника, құммен сурет салу, ағылшын тілі, қызықты математика және дзюдо үйірмелері жұмыс істейді. Оларды оқушылар өз қалауына қарай таңдайды. Үйірмелер сабақтан тыс уақытта өткізіледі. Олардың жұмысы оқу жылы басталған соң 3 аптадан кейін басталып, сабақ біткенге дейін жалғасады. Бір бала 2 үйірмені таңдай алады. Мектептегі түскі уақыт түскі ас ішу және демалыс уақыты болып саналады. Сабақ кезінде оқушыларға таңғы ас, түскі ас және түстен кейінгі тамақ ұсынылады. Оқушыларға мектеп асханасында ыстық, пайдалы, дәмді тамақтар беріледі. Тамақтардың барлық түрлері ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің стандарттарына сәйкес және диетологтың басшылығымен әзірленеді. “Edupage” жүйесі арқылы онлайн түрде бір апталық ас мәзірін қарауға болады. Балалардың улануына жол берілмес үшін сырттан Балалардың туған күнін атап өту кезінде де мектеп асханасынан ғана тамақ ішуге рұқсат етіледі. Балалардың қауіпсіздігі үшін мектеп аумағына кіріп-шығу қатаң бақылауда.

«TANYM school» мектебіне кіру үшін оқушылар мен ата-аналар face id арқылы кіреді. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты жақсарту мақсатында Ата-аналар мен мұғалімдердің қоғамдастығы құрылған. Сонымен қатар мектепте ата-аналардың курсы бар, мәселен, олар ағылшын тілінен курсқа қатысады, өзара волейбол ойнайды. Мектеп ұжымы Ержан Мырзабаев сияқты танымал психологтарды шақыра отырып ата-аналарға жылына бір рет семинар өткізеді. Сондай-ақ әр айдың соңғы сенбісінде мұғалімдерге де психологтардың қатысуымен семинар ұйымдастырылады. Ұстаздар да тек Ақтаудың өзінде ғана емес, сонымен бірге еліміздің басқа өңірлеріне білімі мен біліктілігін жетілдіру курстарына жіберіліп тұрады. Мектептегі тәрбие жүйесі моральдық құндылықтарды насихаттаудан тұрады, яғни тым қаталдық пен жазалауға тыйым салынады. Тәрбие – білім беру саласындағы тұлғаның өсуі, өзін өзі тәрбиелеу, қоғамның толыққанды, белсенді мүшесін қалыптастыру. Біздің мақсатымыз – оқушының білім алуына кедергі әдеттерді анықтап, өз әрекетіне жауап беруді үйрету, тәртіп арқылы қоршаған ортамен байланысын бекіту. Саналы тәрбие берудегі тиімді жол – мектеп пен отбасының арасындағы бірлескен жұмыс. Мектеп өмірінде ата-аналар маңызды рөл ойнайды, сондықтан оларды мектеп өміріне тарту бағытында іс-шаралар ұйымдастырылады. Баланың мектеп пен қоғамдағы мінезі үшін алдымен ата-ана жауапты. «TANYM school» мектебінде білім ала отырып әрбір оқушы төмендегі жақсы қасиеттерді бойына сіңіреді: сабаққа кешікпей және дайындықпен келу.

Іс-шараға қатыса алмайтын болса ескерту, өз заттарына мұқият болу, қоқыстарды әр жерге тастамау, техникалық персонал жұмысын бағалау, біреуге залал келтірмеу, өз ойын дұрыс жеткізу, тыңдай білу, қауіпсіздік шараларын ұмытпау, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарау, оқуға жауаппен қарау, әр бастаған ісін тиянақты атқару, дұрыс шешім қабылдау, әділ болу, шығармашылық тұрғыда даму, жаңа технологияларды үйреніп, оны оқуда пайдалану, мақсатқа жету жолын анықтау, топпен де, жалғыз да жұмыс істей білу, ғылыми зерттеулер кезінде табанды

болу, салауатты өмір салтын ұстану, қоршаған ортаны тануға қызығушылық білдіру, жауапты азамат болатынына сену, жаман әдеттерден аулақ болу, қоршаған ортаны таза ұстау, басқа балаларды балағаттамау, кішілерге үлгі болу, мектептің ішкі тәртібін сақтау.

Болашаққа осындай зор ұстаным және мақсаттармен бет алып, өскелең ұрпақ тәрбиесі мен біліміне өзіндік үлесін қосып келе жатқан балабақша мен мектеп ұжымы алдына батыл мақсаттар қоюдан танбай, елдің білім беру саласын дамытуда жауапты да, табанды қызметін жалғастыра бермек

Жоба жұмысы арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту

Қазіргі таңда сапалы білім беру үрдісін жетілдіруде оқушы бойында дағдыларды жетілдіру маңызды орын алатынын ескергеніміз жөн. Дағдылар пәндік және жалпы оқу дағдылары, практикалық және зияткерлік дағдылар болып топтастырылады. Жалпы оқу дағдылары ішінде зерттеушілік дағдысы кең ауқымды дағдылар қатарына жатады. Міне, осы бағытта мектебімізде жоба негізінде оқыту жұмысы жолға қойылған. Бұл жұмыс PBL (Project-Based Learning) - оқушыларды белсенді зерттеулер арқылы оқыту тәсілі негізінде енгізілді. 1-4 сынып оқушылары толық қамтылады. Бұл әдіс оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге жұмылдырып, олардың танымдық қабілеттерін дамытады. PBL-дің басты элементтері оқушылардың шығармашылық ойлауын, ынтымақтастықты, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған. Оны тиімді қолдану үшін белгілі бір элементтерді ұстану қажет.

PBL элементтеріне мыналар жатады:

1. Шынайы проблема немесе сұрақ (Authentic Problem or Question):

PBL жобасының негізі шынайы өмірдегі мәселені немесе сұрақты шешуге бағытталған болуы керек. Бұл мәселе оқушылардың қызығушылығын оятады және олардың тақырыпқа деген ынтасын арттырады. Мұндай мәселелер күнделікті өмірден алынған болуы мүмкін (мысалы, қоршаған ортаны қорғау немесе қоғамдық қажеттіліктерге жауап беру).

2. Тапсырма немесе жоба (Task or Project):

Оқушыларға нақты бір тапсырма беріледі, ол шынайы мәселеге байланысты болады. Жоба барысында оқушылар зерттеу жүргізіп, оны шешуге қажетті әртүрлі тәсілдерді қолданады. Тапсырма оқушылардың өздері жобаның құрылымын жасауы үшін кең мүмкіндік береді.

3. Оқушылардың зерттеу және зерттеу дағдылары (Research and Inquiry Skills):

PBL әдісінде оқушыларға өз білімін жинақтау, деректерді зерттеу және ақпаратты өңдеу дағдылары беріледі. Олар қандай әдістермен жұмыс істейтінін өздері шешеді және мәліметтерді жинақтап, оны талдайды.

4. Топтық жұмыс және



Коккозова Акерке Іздібайқызы
Ақтау қаласы, «Tanym school» мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

(Collaboration and Teamwork):

Оқушылар шағын топтарға бөлініп, бірге жұмыс істейді. Топтық жұмыс арқылы олар өз идеяларын бөлісіп, бір-бірінен үйренеді. Ынтымақтастық және топтық жұмыста тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту маңызды.

5. Шешім немесе нәтиже (Solution or Outcome):

Оқушылар өздерінің зерттеу нәтижесінде шешім немесе нәтиже ұсынады. Бұл шешім нақты бір мәселені шешуге арналған болуы керек, әрі оны нақты дәлелдермен қолдайды.

6. Рефлексия және бағалау (Reflection and Evaluation):

Жоба соңында оқушылар өздерінің жұмысын талдап, процеске қайтып оралады. Олар не дұрыс, не қате болды деген сұрақтарға жауап беріп, өзін-өзі бағалау арқылы жұмысын жақсартады. Мұғалімдер де бағалау жүргізіп, ұсыныстар береді.

7. Қорытынды және презентация (Final Presentation):

Жобаның соңында оқушылар өз зерттеу нәтижелерін, яғни соңғы өнімдерін сыныпқа немесе басқа аудиторияға ұсынады. Бұл - оқушылар үшін нәтижелерін көрсету, қорытынды шығару және алған білімдерін дәлелдеу мүмкіндігі.

8. Мұғалімнің, ата-ананың ролы (Teacher's Role):

Мұғалім мен ата-аналар PBL барысында бағыт беруші және кеңесші рөлін атқарады. Олар оқушыларға зерттеу жұмысын бастауға көмектеседі, бірақ барлық шешімді оқушылар өздері қабылдайды. Мұғалімнің және ата-аналардың басты міндеті — оқушыларды қолдау, сұрақ қою және ойлануға бағыттау.

9. Құралдар мен ресурстарды пайдалану (Tools and Resources):

Оқушыларға қажетті зерттеу құралдары мен ресурстар беріледі. Бұл кітаптар, интернет-ресурстар, мамандармен кездесулер немесе сұхбаттар болуы мүмкін (2,3 сурет). Мұғалімдер мен оқушылар қажетті ақпаратты жинақтауға және оны дұрыс пайдалануға бағытталады.

Жоғарыда аталған элементтерді негізге ала отырып, жоба кезеңдері төмендегідей жоспарланады (1-сурет)



Жоба жұмысы барысында жүргізілуі тиіс құжаттар болады. Бұл құжаттар оқушылардың өз зерттеу жұмыстарын бақылауға, ойларын жүйелеуге және нәтижелерін қорытындылауға көмектесетін өте маңызды құралдар. Алдымен оқушылар өз топ мүшелерімен келісімшарт жасайды. Мұғалім жұмысты жоспарлау парағын, ал топтар күнделік пен жұмысты бақылау парағын жүргізеді. Аяқталған жұмыс арнайы критерийлер арқылы бағаланады.

3 «А» сынып оқушылары мен

өткізілген алғашқы жобаларымыздың бірінен үзінділер ұсынылды. Жоба жұмысы балалардың басым бөлігі ұнататын тәттісі шоколад туралы алынды.

Қорытындылай келе, PBL әдісінде оқушылар белсенді түрде қатысып, зерттеу жүргізу арқылы білім алады. Бұл әдіс олардың жеке дағдыларын дамытуға және шынайы өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған. PBL элементтері оқушылардың сыни ойлау, топта жұмыс істеу, ақпаратты жинақтау және нәтижелерін талдау сияқты қабілеттерін жетілдіреді.



2-сурет Дәрігерден кеңес алу сәтінен



3-сурет Нутрициолог маманмен телекөпір
Кот-Д*ивуар, Абиджан қаласы (Африка)

Жасанды интеллект - білім беру саласындағы жаңаша мүмкіндіктер

Мухамбетова Маншук Бисенгалиевна
«Тапым school» мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақалада жасанды интеллекттің негіздері мен оның бастауыш сыныпта білім беру үдерісіне қалай ықпал ететіні қарастырылады. Жасанды интеллект оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту бағдарламаларын құруға, қателіктерді талдап, оларға тиімді түсіндірмелер беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ арқылы ойындар мен түрлі оқу платформалары арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білім алу сапасын жақсартуға болады. Мақалада ЖИ-дің тиімділігі мен қауіпсіз қолданылуы туралы да айтылған.

Abstract

This article discusses the fundamentals of artificial intelligence (AI) and how it impacts the educational process in elementary schools. AI helps create learning programs tailored to students' individual needs, analyzes mistakes, and provides effective explanations. Additionally, through games and various learning platforms, AI can enhance students' interest and improve the quality of their learning. The article also touches on the effectiveness and safe use of AI in education.

Аннотация

В данной статье рассматриваются основы искусственного интеллекта (ИИ) и его влияние на образовательный процесс в начальных классах. ИИ помогает создавать учебные программы, соответствующие индивидуальным потребностям учеников, анализировать ошибки и предоставлять эффективные объяснения. Также с помощью игр и различных образовательных платформ ИИ способствует повышению интереса учеников и улучшению качества их обучения. В статье также обсуждаются эффективность и безопасное использование ИИ в образовании.

Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл компьютерлер мен бағдарламалардың адам тәрізді ойлау, үйрену, шешім қабылдау қабілеттерін іске асыратын технология. Қазіргі таңда ЖИ көптеген салаларда кеңінен қолданылып, адам өмірінің түрлі аспектілеріне әсер етіп жатыр. Оны білім беру саласында да тиімді пайдалану мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Бұл мақалада Жасанды интеллекттің негіздері

мен оның бастауыш сыныпта қолданылуы туралы айтылатын болады.

Жасанды интеллект дегеніміз — бұл компьютерлердің, роботтардың немесе басқа да техникалық құрылғылардың адамның ақыл-ой қабілеттерін еліктеп, олардың орнына бірқатар тапсырмаларды орындауға арналған жүйелер. ЖИ-дің негізінде алгоритмдер, деректерді өңдеу және үйрену қабілеті жатыр. Мұндай жүйелер адам сияқты ойлауға, үйренуге және шешім қабылдауға қабілетті.

Қазіргі таңда мектептерде оқушылардың білімін дамытуға арналған көптеген білім беру қосымшалары жасалған. Бұл қосымшалар ЖИ технологиясын пайдалана отырып, оқушыларға математика, әдебиет, тілдер сияқты пәндер бойынша тапсырмалар береді, оқушының деңгейін анықтап, оларға сәйкес тапсырмалар ұсынады. Бұл тәсіл әрбір оқушының жеке қарқынымен оқуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ оқушылардың қателіктерін талдап, қай жерлерде қиындық туындағанын көрсетіп, дұрыс түсіндірмелер береді.

Жасанды интеллекттің тағы бір қолданылу аясы — тіл үйрену. Әсіресе ағылшын тілін үйретуде ЖИ арқылы оқушылардың сөздік қорын арттыруға және олардың сөйлеу қабілетін жақсартуға мүмкіндік бар. Мысалы, тілдік жаттығулар арқылы оқушының дұрыс сөз қолдану дағдыларын қалыптастыруға болады.

ЖИ негізінде жұмыс істейтін ақылды оқулықтар мен платформалар оқушыларға түрлі тапсырмаларды орындауды ұсынады. Олар оқушылардың білім деңгейіне қарай материалды реттеп, қажетті түсіндірулер мен қосымша тапсырмалар береді. Мысалы, математика пәнінде есептерді автоматты түрде тексеріп, қателерді түзетіп, түсіндірмелер ұсынуға болады.

Ойындар арқылы оқыту — жасанды интеллекттің тағы бір қызықты тәсілі. Ойындарда қолданылатын ЖИ технологиялары балаларды қызықтырып, олардың назарын ұзақ уақыт сақтайды. Бұл тәсіл оқушылардың логикалық ойлау

кабілетін дамытуға, сондай-ақ қиын тапсырмаларды жеңіл әрі көңілді түрде орындауға көмектеседі.

Жасанды интеллект оқушылардың оқу жылдамдығына және қажеттіліктеріне қарай бейімделген адаптивті оқыту жүйелерін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер әр оқушының нәтижелеріне қарай оқыту материалдарын реттеп, әр оқушыға жеке жұмыс жоспарын ұсына алады. Бұл, әсіресе, әртүрлі білім деңгейіндегі оқушыларға арналған өте тиімді әдіс.

Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері болашақта оқу үдерісінде кеңейе түседі. Оқушылар үшін жеке оқыту бағдарламалары мен әдістері жасалып, әр оқушының ерекшеліктеріне сай білім беру жүйесі қалыптасатын болады. Сонымен қатар, ЖИ мұғалімдерге оқушылардың білімін бағалауда және олардың жетістіктерін бақылауда көмек көрсетеді. Бұл әдіс мұғалімдерге оқушыларды әртүрлі бағытта дамытуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект — бұл білім беру саласындағы мүмкіндіктерді кеңейтіп, оқушылардың оқу сапасын арттыруға көмектесетін құрал. ЖИ оқытудың жеке тәсілдерін іске асырып, оқушыларға білім беруді жеңілдетуге, қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Оқушыларды жаңа технологиялармен таныстыру, оларды шығармашылыққа баулу және білімге деген қызығушылықты арттыру үшін ЖИ қолдану үлкен пайдасын тигізеді. Бірақ, ЖИ-ді дұрыс әрі қауіпсіз қолдану маңызды, өйткені оның дамуы мен мүмкіндіктері адамның жауапкершілігін қажет етеді.

Жасанды интеллекттің мектептерде кеңінен қолданылуы, әсіресе бастауыш сыныптарда, оқу үдерісінің сапасын арттырып, оқушылардың дамуына жаңа мүмкіндіктер береді. Алайда, бұл технологияның қолданылуында бірқатар маңызды аспектілер мен мәселелерді ескеру қажет.

Жасанды интеллект білім беру саласына жаңа мүмкіндіктер әкелгенімен, мұғалімдердің рөлі ешқашан жоғалмайды. ЖИ оқушылардың білімін бағалауға және жеке оқыту жоспарын құруға көмектескенімен, мұғалімдер өз тәжірибелері мен педагогикалық дағдыларын қолдана отырып, оқушылармен тығыз байланыс орнатып, олардың моральдық және әлеуметтік дамуына ықпал етуі керек. ЖИ мұғалімдерге

уақыт үнемдеуге және оқу жоспарын тиімді ұйымдастыруға көмек көрсете алады, бірақ оқушылармен эмоциялық байланыс орнату және олардың қажеттіліктерін түсіну — мұғалімдердің ең басты міндеті.

ЖИ технологиясы оқу әдістерін өзгертіп, оқытудың жаңа тәсілдерін ұсынады. Мысалы, оқушылар өздерінің жеке қарқынында білім ала алады, өйткені ЖИ тапсырмаларды автоматты түрде бейімдеп, оқушының деңгейіне сәйкес етіп ұсына алады. Бұл әсіресе әртүрлі деңгейдегі оқушылар үшін тиімді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушыларға өз білімдерін бағалауға, қателіктерінен үйренуге және өз қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Жасанды интеллект жүйелерін қолданған кезде оқушылардың жеке деректерін қорғау өте маңызды. Жиі қолданылатын білім беру қосымшалары мен платформалар оқушылардың жеке ақпараттарын жинайды, сондықтан олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету қажет. Мұғалімдер мен мектептер ЖИ жүйелерін пайдалану барысында осы қауіпсіздік шараларын ұстануы керек.

Барлық мектептерде бірдей ресурстар бола бермейді, сондықтан технологиялық теңсіздік мәселесі туындауы мүмкін. Кейбір мектептерде қажетті құрылғылар мен интернет жылдамдығы болмауы мүмкін, бұл оқушылардың ЖИ-мен жұмыс істеуге тең мүмкіндік алмайтынын білдіреді. Осыған байланысты, мемлекет пен білім беру органдары осы мәселелерді шешу үшін нақты шаралар қабылдауы қажет.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы әлеуеті өте үлкен. Болашақта ЖИ оқушылардың оқу сапасын тек арттырып қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық әдістерді қайта қарап, оқу процесін барынша тиімді етуге мүмкіндік береді. Мектептерде ЖИ арқылы оқытудың жаңа, инновациялық тәсілдері енгізілсе, оқушылардың оқу қызығушылығы артады, жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған көмек беріледі.

Жасанды интеллект тек оқытуды жақсартуға ғана емес, білім беру мекемелерінің басқаруын да жеңілдетеді. Мысалы, оқушылардың бағаларын автоматты түрде есептеу, оқу нәтижелерін бақылау және әртүрлі әкімшілік жұмыстарды жүргізу жүйелерін жасауға болады.

Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оларды шығармашылық жұмыстарға көбірек арнауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану бойынша

әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 290 б.

2. Жасанды интеллект: Білім сапасын жақсартудың жаңа мүмкіндігі

<https://kyzylorda-news.kz/bilim/zhasandy-intellekt-bilim-sapасыn-zhakhsartudyng-zhangamuemkindigi-15-11-2024>

3. Жасанды интеллект технологиялары: ЖИ – білім беруде қолданудың тиімділігін зерттеу бағыттары <https://bilimdinews.kz/?p=269330>

4. А. Ж. Асамбаев Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б.

5. Баймұхамедов М.Ф., Баймұхамедова А.М., Боранбаев С.Н. Б 20 Жасанды интеллект: қазіргі заманғы теория және тәжірибе / Artificial Intelligence: Modern Theory and Practice: оқу құралы / М.Ф. Баймұхамедов, А.М. Баймұхамедова, С.Н. Боранбаев, 1 бөлім – Алматы: «Бастау», 2020. – 248 бет.

«Tanum school» бастауыш мектебінде оқытылатын «Интеллектум» пәні

**Нұрғали Айсара
Ақтау қаласы, «Tanum school»
мектебінің интеллектум пәні
мұғалімі**

2023 жылдың 1 қыркүйегінде Ақтау қаласында «Таным» бастауыш мектебі салтанатты түрде ашылды. Бұл мектеп «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық Қоғамдық Қорының жетекшілігімен құрылып, бастауыш сынып оқушыларына арналған заманауи оқу орны ретінде жұмыс істейді.

«Таным» бастауыш мектебі – бұл балалардың сапалы білім алуы мен жан-жақты дамуына бағытталған мекеме. Оқу процесі мен мектептің жалпы қызметі заманауи әдістер мен жоғары стандарттарға негізделген. Мектеп 1-4 сынып оқушыларына арналған.

«Таным» бастауыш мектебінің негізгі мақсаты – оқушыларды интеллектуалдық, шығармашылық және әлеуметтік тұрғыда дамыту. Бұл мектеп:

- Балалардың білімге деген сүйіспеншілігін арттырады;

- Жеке және топтық жұмыс істеу қабілетін дамытады;

- Заманауи қоғамның талаптарына сай көшбасшыларды тәрбиелеуге негізделеді.

Таным мектебінің мұғалімдері – өз ісіне берілген, жоғары білікті мамандар. Олар әр оқушыға жеке көңіл бөліп, білім сапасын арттыру үшін түрлі тәсілдерді қолданады. Мұғалімдер тұрақты түрде біліктіліктерін арттырып, жаңа білім беру технологияларын меңгереді.

Мектепте ата-аналармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінеді. Тұрақты жиналыстар, ашық сабақтар және жеке кеңес беру арқылы ата-аналар оқу процесіне белсенді қатыса алады. Сонымен қатар ата-аналармен әртүрлі іс-шаралар болады. Мысалы, "Brain gain" интеллектуалды ойыны, "Толағай" отбасылық эстафетасы, ата-аналар комитетімен саяхат және т.б.

Оқыту жүйесі-инновациялық тәсілдер мен ұлттық құндылықтарды үйлестіре отырып, баланың білімге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Мектеп заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Таным бастауыш мектебінде оқу

бағдарламасы мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қосымша пәндер мен үйірмелер арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беріледі:

1. Инновациялық әдістер:

- Информатика, 3D модельдеу, мобилография сабақтары;

- Робототехника және бағдарламалау элементтері.

2. Шығармашылық бағыт:

- Сурет салу және құммен сурет салу сабақтары мен үйірмелері;

- Музыка, домбыра және хореография сабақтары;

- Қолөнер мен ұлттық өнерді үйрету.

3. Қосымша білім беру:

- Шет тілдерін тереңдетіп оқыту;

- Сингапур математикасы;

- Интеллектуалдық және логикалық ойындар өткізуге негізделген интеллектум сабағы және үйірмесі;

- Шахмат және тоғызқұмалақ үйірмелері.

4. Дене шынықтыру және спорт:

- Спорттық үйірмелер: дзюдо, каратэ, футбол;

- Балалардың физикалық денсаулығын жақсарту үшін арнайы спорттық бағдарламалар ұсынылады және жарыстар ұйымдастырылады

Интеллектуалдық және логикалық ойындар өткізуге негізделген интеллектум сабағы және үйірмесі

«Интеллектум» ойын сабағы – бұл балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілі. Бұл сабақта оқушылар логикалық ойлау, есте сақтау, зейін қою, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. «Интеллектум» бағдарламасы арнайы әзірленген ойындар арқылы баланың білімге деген қызығушылығын арттырып, оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді.

«Интеллектум» ойын сабағының мақсаты:

- Балалардың ойлау жылдамдығын арттыру;

- Логикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыту;

- Жеке және топтық жұмыс істеу қабілетін нығайту;

- Интеллектуалдық ойындар арқылы баланың шығармашылық қабілетін жетілдіру.

Сабақтың ерекшеліктері:

- Балалар үшін ойын форматы арқылы жеңіл әрі қызықты білім беру;

- Әр оқушының жеке қабілеттеріне қарай тапсырмаларды бейімдеу;
- Ұжымдық жұмыс арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- Қиын тапсырмаларды жеңе отырып, сенімділіктерін арттыру.

“Интеллектум” ойын сабағының пайдасы:

- ☒ Балалар күрделі тапсырмаларды шешуді үйренеді;
- ☒ Оқу процесі қызықты әрі тиімді болады;
- ☒ Зейін, есте сақтау, шапшаң ойлау қабілеті жақсарады;
- ☒ Балалар өзара жарысып, ынталана түседі.

Сабақ барысында қолданылатын ойындар

“Интеллектум” ойын сабағында әртүрлі зияткерлік ойындар қолданылады. Олардың ішінде:

1. “Equilibrio” – кеңістіктік ойлау мен құрылымдық дағдыларды дамытатын ойын.

2. “Becerekli Yapılar” – балалардың логикасы мен қол моторикасын жетілдіруге бағытталған.

3. “Look Look” – зейін мен шапшаң ойлау қабілетін жақсартатын қызықты ойын.

Бұл ойындар балалардың өздігінен ойлауына, тез шешім қабылдауына және түрлі тапсырмаларды орындауда шығармашылық танытуына көмектеседі.

“Becerekli Yapılar” (қазақша аудармасы: «Шебер Құрылымдар») – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлауын және моторикасын дамытуға арналған білім беру ойыны. Бұл ойын көбінесе балалардың инженерия мен дизайн саласындағы қабілеттерін ояту үшін қолданылады.

Ойынның мазмұны:

1. Негізгі идеясы:

• Ойын барысында қатысушылар әртүрлі құрылымдарды құруы қажет: көпірлер, мұнаралар, үйлер, лабиринттер және басқа да нысандар.

• Әр құрылымды салу үшін берілген материалдарды, шектеулер мен нұсқауларды қолдану керек.

2. Күрделілік деңгейі:

• Бастапқы деңгейлерде қарапайым құрылымдар ұсынылады (мысалы, кубиктерді жинау).

• Кейінгі деңгейлерде құрылыс материалдарының саны артып, тапсырмалар қиындай түседі (мысалы, тұрақты көпір салу).

3. Физика заңдары:

• Құрылымдарды құру кезінде салмақ, ауырлық орталығы, тепе-теңдік сияқты физикалық заңдарды ескеру керек.

• Егер құрылым тұрақсыз болса, ол құлап қалады, сондықтан ойыншы оны қайтадан салуға мәжбүр болады.

4. Материалдар мен құралдар:

• Ойын ішінде әртүрлі құрылыс материалдары беріледі: ағаш, металл, қағаз, пластик және т.б.

• Кейбір деңгейлерде ойыншылар материалдарды біріктіріп, ерекше шешімдер табуы керек.

Ойынның мақсаты:

1. Шығармашылықты дамыту:

• Оқушыларға еркін ойлауға, ерекше идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

2. Инженерлік дағдыларды үйрету:

• Құрылыс принциптері мен физика заңдарын тәжірибе арқылы түсінуге көмектесу.

3. Логикалық ойлау:

• Әр құрылымды құру кезінде оқушылар ойлануға және материалдарды дұрыс орналастыруға үйренеді.

4. Моторика мен зейінді жақсарту:

• Қол моторикасы мен дәлдік дағдыларын дамыту.

• Құрылымдардың тепе-теңдігін сақтау арқылы шоғырлануды арттыру.

5. Топтық жұмыс:

• Кейбір тапсырмалар командалық форматта орындалады, бұл оқушыларды бір-бірімен тиімді жұмыс істеуге баулиды.

Ойынның білім беру артықшылықтары:

1. Практикалық білім:

• Теорияны тәжірибемен ұштастыруға көмектеседі.

• Оқушылар физикалық заңдылықтарды ойын арқылы түсінеді.

2. Қызықты және интерактивті:

• Сабақтарды ойын форматына айналдыру оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

3. Проблемаларды шешу дағдылары:

• Ойын барысында оқушылар қиындықтарды шешу, қателіктерді түзету және нәтижеге жету әдістерін үйренеді.

4. Өзін-өзі дамыту:

• Ойын оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға, өз күшіне сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

“Becerekli Yapılar” – бұл оқушыларға шығармашылық ойлау, инженерлік қабілеттер мен физикалық заңдарды

тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік беретін ойын. Ол балаларды болашақта инженерия, дизайн немесе архитектура саласына қызығушылық танытуға ынталандыруы мүмкін.

Қорытынды

“Интеллектум” ойын сабағы – бұл тек білім беру әдісі ғана емес, балалардың шығармашылық және логикалық қабілеттерін дамытудың тамаша мүмкіндігі. Бұл сабақтар арқылы оқушылар тек жаңа дағдыларды меңгеріп қана қоймай, өздерінің қабілеттерін жан-жақты дамытады.

Ойын сабақтары баланың есте сақтау қабілетін, зейінін және жылдам шешім қабылдау дағдысын арттырады. Сонымен қатар, олар командалық жұмыс дағдыларын қалыптастырып, балаларға бірлесіп жұмыс істеуді, өз ойларын нақты жеткізуді үйретеді.

Болашақта білім алудың интерактивті және ойын форматындағы әдістері маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан “Интеллектум” ойын сабағы – балалардың өз әлеуетін толық ашуына мүмкіндік беретін инновациялық және тиімді тәсіл.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, оларды қызықты әрі пайдалы сабақтарға қатыстыру “Интеллектум” ойын сабақтары – ең дұрыс таңдау!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

<https://tanym.edu.kz/>

1) “Таным” бастауыш мектебінің ресми парақшасы



Мектептегі ашық сабақтар: мәні мен мақсаттары

**Теміржанұлы Азамат
Ақтау қаласы, «Tanym school»
мектебі
Білім жөніндегі директор
орынбасары**

Мектептегі ашық сабақтар - бұл барлық мүдделі тараптарға - мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға, тіпті әкімшілерге білім беру процесінің қалай өтетіні туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін әрі мұғалімдерді жетілдіретін бірегей іс-шаралар. Мұндай сабақтар білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып, көптеген мақсаттарға қызмет етеді.

Ашық сабақтың маңызын қозғамас бұрын, бұл жүйе Таным мектебінде қалай жүріп жатқаны туралы айта кетейін. Себебі Таным мектебі ең көп ашық сабақ өткізетін мектептердің бірі. Яғни жылына мұғалімдер арасында 20-ға жуық ашық тәрбие сағаты, 50-ден астам ашық сабақ, ата-аналар қатыса алатын 3 ашық есік күні жасалады. Ашық есік күнінде ата-ана кез келген мұғалімнің сабағына келіп, қатыса алады. Бұның ішіне тәжірибелі мамандардың жас мамандарға арнап жасайтын, жас мамандардың тәжірибелі мамандарға арнап өткізетін ашық сабақтары бар. Және айына бір рет әр мұғалім әріптесінің сабағына қатысып, кері байланыс береді.

Таным мектебіндегі ашық сабақ процесі 3 кезеңнен тұрады: Ең алдымен уақытын белгілеу, соған дайындық жасау. Бір ескертетін жәйт ол мектете аптасына 2 рет сабақ жоспарлау уақыты қойылған, яғни әр бірлестік бір жерге жиналып, сабақ жоспарын құрастырады. Осы жерде жас мамандарға ашық сабақ жоспарын құрастыруға көмек беріледі. Екінші, сабақ барысы. Мұғалім ашық сабағына әкімшілік пен мұғалімдер қатысады. Сабақ барысы толық бақыланады. Үшінші, сабақ аяқталғаннан кейін, сабақ барысы талқыланып, мұғалімге кері байланыс беріледі. Бұл жерде өзіміздің мұғалімдерді бағалау критерилеріміз бар, соған қарай мұғалімге кері байланыс береміз. Мысалы: Сабақ мақсатын көрсетті, мақсатты түсінгенін қадағалады, сабақ ортасында сабақ мақсатына сілтеме жасады, соңында мақсатқа жетіп-жетпегінін анықтады..... Осы секілді 20-30ға жуық критерий арқылы

мұғалімнің сабағын талқылап, келесі сабақтарына көмек, ұсыныс жасаймыз. Міне осылай мұғалімдеріміз әрдайым даму үстінде болады.

Міне, Ашық сабақтардың басты мақсаттарының бірі педагогикалық әдістер мен тәсілдерді көрсету. Мұғалімдер инновациялық техниканы қалай енгізетінін, заманауи білім беру ресурстары мен оқыту тәсілдерін қалай пайдаланатынын көрсете алады. Бұл әріптестерге табысты тәжірибелерді қабылдауға және өздерінің оқыту әдістерін жақсартуға мүмкіндік береді.

1. Кері Байланыс және Кәсіби Даму

Ашық сабақтар әріптестер мен әкімшіліктен кері байланыс алудың маңызды құралы болып табылады. Сабақтан кейін, әдетте, сындарлы сынға және жақсарту бойынша кеңеске ие болу үшін талқылау жүргізіледі. Бұл мұғалімдерге кәсіби өсуге және оқушылармен өзара әрекеттесудің жаңа жолдарын табуға көмектеседі.

2. Ата-ананың қатысуы

Ата-аналар үшін ашық сабақтар балалардың сыныпта қалай оқып, өзара іс-қимыл жасайтынын көруге мүмкіндік береді. Бұл ата-аналардың білім беру процесіне қызығушылығын арттыруға және мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

3. Оқушыларды қолдау

Ашық сабақтар оқушылар үшін де пайдалы болуы мүмкін. Олар өз білімдері мен дағдыларын аудитория алдында көрсету мүмкіндігіне ие болады, бұл өздеріне сенімділік пен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытады. Бұдан басқа, ата-аналар мен мұғалімдердің қызығушылығын көріп, оқушылар оқуға қолдау мен уәждемені сезінеді.

4. Сабаққа дайындық

Ашық сабаққа дайындық мұқият пысықтауды талап етеді. Мұғалім сабақтың мақсаттарын, қолданылатын материалдар мен әдістерді алдын ала ойластыруы тиіс. Сондай-ақ сыныптың ерекшеліктерін ескеріп, сабақты оқушылардың дайындық деңгейіне бейімдеу маңызды.

Сабақ өткізу кезінде мұғалім әртүрлі әдістемелерді пайдалана отырып, барлық оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл топтық жұмыстар, интерактивті тапсырмалар, пікіргаластар және басқа да белсенділік түрлері болуы мүмкін.

Нәтижелерді талқылау

Сабақтан кейін талқылау өткізіледі, онда барлық қатысушылар өз әсерлерімен және ұсыныстарымен бөліседі. Бұл жақсарту үшін күшті жақтар мен салаларды анықтауға мүмкіндік беретін маңызды кезең.

Бұлардан бөлек ашық сабақтар оқытушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал етіп қана қоймай, білім беру процесінде шешуші рөл атқаратын маңызды құндылықтарды да көрсетеді. Яғни:

Ашық сабақтардың құндылықтары

Ашықтық. Ашық сабақтар процесінің барлық қатысушылары оқыту мен оқу процесінің сапасын көре алатын және бағалай алатын ашық білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Бұл барлық тараптардың - оқушылардың, ата-аналардың, оқытушылар мен әкімшіліктің арасындағы сенімді қалыптастырады.

Ынтымақтастық. Ашық сабақтар педагогтар арасындағы өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ынталандырады, бұл тәжірибе мен үздік тәжірибелермен алмасуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл тұрақты дамуға ұмтылатын кәсіпқойлар қоғамдастығын құруға ықпал етеді.

Пікірді құрметтеу. Ашық сабақтар кезінде алынған кері байланыс білім беру процесінің әрбір қатысушысының пікірінің маңыздылығын көрсетеді. Бұл әрбір дауыстың маңызы бар құрмет пен мойындау мәдениетін қалыптастырады.

Үздіксіз жақсарту. Ашық сабақтар барлық қатысушылар үшін тұрақты оқыту мен өзін-өзі жетілдірудің құндылығын көрсетеді. Оқытушылар өз әдістерін, ал оқушылар өз дағдыларын жетілдіре алады, бұл ақыр соңында білім берудің анағұрлым жоғары сапасына әкеледі.

Жауапкершілік. Ашық сабақтарға бақылаушылардың қатысуы мұғалімдер мен оқушыларды өздерінің іс-әрекеттері мен нәтижелері үшін жауапты болуға ынталандырады. Бұл оқу процесіне неғұрлым салмақты көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, ашық сабақтар білім беру сапасын арттыру құралы болып қана қоймай, сонымен қатар оң білім беру ортасын қалыптастыруға және процеске қатысушылардың барлығының дамуына ықпал ететін маңызды құндылықтарды да қамтиды.

Қорытынды

Ашық сабақтар - тәжірибе алмасуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін білім беру процесінің ажырамас бөлігі. Олар мұғалімдердің де, оқушылардың да дамуына қолайлы жағдай жасайды және білім беру процесіне қатысушылардың арасында өзара іс-қимылды нығайтады.



Біздің мектепте қазіргі балаларға білім беруде қалай мотивация береміз?

Аман Айсана Ақылбекқызы «Tanum school» мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі бастауыш сынып оқушылары ХХІ ғасырдың алғашқы буыны, яғни альфа буыны болып есептеледі. Альфа ұрпағы басқа ұрпақтарға қарағанда зейіні өте шашыраңқы, күш жігері төмен болып есептеледі. Бұл ұрпақтың балалары жазалаудан гөрі мақтау мен марапатты, сыйлық алғанды жақсы көреді. Бұл нәрсе оларды ерекше жігерлендіреді.

Біздің мектеп, Таным мектебі – білім инновация халықаралық қоғамдық қорымен меморандумға отырған жеке меншік мектеп. Біздің мектептердің миссиясы: адами құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті жаһандық тұлға қалыптастыру. Демек, бәсекеге қабілетті болу үшін білім мен тәрбиені қатар алып жүру керек. Біздің мектептің мұғалімдері қазіргі таңда жұмыстарын осы миссияға сүйеніп жасауда. Оқушыларымызға арналған мотивация болсын деп «tm бағалау» жүйесі ұйымдастырылған.

Tm бағалау жүйесі дегеніміз не? Ол қалай жұмыс жасайды? Артықшылықтары неде? деген сұрақтарға жауап беріп көрейік. Tm сөзі «tanum» сөзінен қысқартылып алынған купера атауы, яғни ол мектебіміздің жеке куперасы (ақшасы). Оқушыларға әр сабақтан tm тапсырмаларын береді. Балалар орындаған тапсырмаларына сай ақша алып отырады. Әр тоқсан соңында ата-аналар және мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен жәрмеңке болады. Оқушылар жинаған tm ақшаларына сол жерден өздеріне ұнаған заттарын сатып алады.

Tm тапсырмаларының жасалуының өзіндік шарттары бар:

- ең алғашқы шарты оқушыға берілген тапсырма мектеп бағдарламасынан тыс, бірақ сол тақырыпқа байланысты қосымша тапсырма болу керек;

- тапсырмалар оқушының функционалды сауаттылығын көтеруге бағытталу керек;

- тапсырма деңгейлері сыныптағы оқушылар деңгейіне сай болуы керек;

- ең маңыздысы, оқушы бұл

тапсырмаларды өздері орындау керек.

Tm бағалау жүйесінің оқушыларға берері көп. Әлемдегі білім сапасы бойынша алғашқы орындардың бірінде тұрған финляндиялықтардан білім сапасын көтеру бойынша кеңес сұрағанда:

«Біз оқушыларымызды емтиханға емес, өмірге дайындаймыз» - деген жауап алған едік. Балалар tm тапсырмаларын орындау арқылы жауапкершілік алуға үйренеді. Tm тапсырмалары функционалды сауаттылықты көтеруге бағытталғандықтан балаларын функционалды сауаттылығы артып отырады. Әртүрлі тапсырманы орындауға дағдыланған оқушы, болашақта жан-жақты ойлана алатын тұлға боп өсетіні сөзсіз. Оқушылар ақша тауып, оны жаратып, қаржылық сауаттылыққа үйренеді. Демек, оқушылардың еңбек ете алу дағдысы дамып жатыр. «Tm бағалау» жүйесінің оқушыларға тигізіп жатқан әсері:

- жауапкершіліктерін арттыруда;
- қосымша білім алу дағдысын қалыптастыруда;
- табандылыққа үйретуде;
- жоспар құрып, оны орындауға дағдыландыруда;
- оқушылар арасындағы ынтымақтастықты арттыруда;
- оқушыларды саналы бәсекелесуге үйретуде;
- саудамен айналысуға үйретуде;
- адалдыққа тәрбиелеуде.

«Tm бағалау» жүйесі оқушыларға білімін арттырудан басқа құндылықтарды орнықтыруға әсерін тигізуде. Жоғарыда жазғанымдай жауапкершілік, табандылық, адалдық, ынтымақтастық және бауырмалдылық сияқты құндылықтардың қалыптасуына айтарлықтай үлесін тигізуде. Балалар тапсырманы жауапкершілікпен орындайды, мұғалім орындаған тапсырмасы үшін өзінің аты жазылып қол қойылған купераны береді. Балалар біреудің ақшасын алмауды, тапсырманы өзі орындау керектігін түсініп, адалдықтың не екенін тереңірек түсініп тәжірибелерінде қолдануда. Балаларда минимум жинау керек tm ақшасының саны бар. Мысалы I-сынып оқушылары II тоқсанда минимум 300 tm жинаулары шарт болған. Бала осы шартты орындай отырып, бойларында табанды құндылығын қалыптастырады.

Оқушыларымызда ынтымақтастық және бауырмалдықтың көрінісін жәрмеңке болғанда байқадық. Себебі минимум tm-нан асырып максимум жинаған оқушыларымыз болды. Олар достарының ақшасын көріп, алғысы келген нәрсеге ақшасы жетпей жатса, оған сатып алып беріп отырды. Сонымен қатар бір-біріне сатып алуға көмектесіп, ерекше қамқорлықтары мен бауырмалдықтарын көрсетті.

Қорыта айтқым келгені, жүйе бар жерде нәтиже болады. Маңыздысы - дұрыс жүйе мен дұрыс мақсат қоя алу. Дұрыс мақсат пен оған жетуде қойылған дұрыс жүйе жетістікке тез жетелейді. Біздің мектептің мұғалімдерінің мақсаты – оқушыларымызға білім мен тәрбиені қатар беру, жазалап емес мотивациямен мақсатқа жету болды. Осы мақсатқа жету үшін «tm бағалау» жүйесін таңдап, мектебімізде қолданып келеміз.



Mobile apps for learning english: Advantages and challenges

Әбдіссаламова Зинеп Әбдіссаламқызы
«Тапұт» мектебі
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Аңдатпа

Қазіргі таңда ағылшын тілін үйренушілер үшін мобильді қосымшалардың орны ерекше. Қосымшаларды оңай жүктеу арқылы кез-келген уақытта, кез-келген жерде тілді жаттықтыруға әрбір адамның мүмкіндігі бар. Қосымшаларды пайдалану тіл үйренушілерге алуан түрлі қызықты ресурстарды ұсыну арқылы тілді үйрену жолына өзгеріс алып келді. Дегенмен де, смартфондағы бұл қосымшаларды пайдаланудың артықшылықтары мен қиындық тудыратын тұстары да жоқ емес. Осы мақалада ағылшын тілін үйренудегі мобильді қосымшалардың тигізетін пайдасы мен зиянын қарастыратын боламыз.

Аннотация

В настоящее время для изучающих английский язык особое место занимают мобильные приложения. Каждый может практиковать язык в любое время и в любом месте, легко загружая приложения. Использование приложений изменило способ изучения языка, предоставив изучающим язык множество интересных ресурсов. Тем не менее, использование этих приложений на смартфоне не лишено преимуществ и проблем. В этой статье мы рассмотрим преимущества и недостатки мобильных приложений при изучении английского языка.

Currently, mobile applications occupy a special place for English language learners. Everyone can practice the language anytime, anywhere by easily downloading apps. Using apps has changed the way language learning, providing language learners with many interesting resources. However, using these apps on a smartphone is not without its advantages and challenges. In this article, we will look at the advantages and disadvantages of mobile apps when learning English. In today's world, where technology permeates every aspect of life, mobile applications have revolutionized the way we learn, communicate, and interact. .

One of the most notable transformations has been in the field of language learning. English, being the global lingua franca, has become the focus of numerous mobile apps aimed at helping learners across the world improve their proficiency. These apps offer a convenient, affordable, and engaging way to learn English. However, despite the benefits, there are also certain challenges that come with using mobile apps for language learning.

Advantages of Mobile Apps for Learning English

1. Accessibility and Convenience. One of the greatest advantages of mobile apps for learning English is their accessibility. With a smartphone in hand, learners can access a wide array of resources and practice English anytime and anywhere. Whether on the bus, in a café, or waiting for an appointment, learners can squeeze in a lesson. This on-the-go approach to language learning allows for flexibility, meaning that individuals no longer need to adhere to a rigid classroom schedule. This convenience makes language learning more adaptable to the busy lives of modern learners and is perfect for people with busy schedules who might not have the time to attend physical language classes. [1]

2. Cost-Effective. Furthermore, mobile apps offer a personalized learning experience, something that traditional learning methods often struggle to provide. Many apps, such as Duolingo or Babbel, use algorithms to tailor lessons based on the learner's skill level and progress. This personalized approach means that learners can focus on their weak areas, whether it's grammar, vocabulary, speaking, or listening, without wasting time on areas they have already mastered. Personalized learning, in turn, makes the process more efficient and engaging, helping learners see progress more quickly.

3. Engaging Learning Experience. Another significant advantage of mobile apps is the interactive and engaging nature of the content they offer. Many apps incorporate gamification, where learners can earn points, levels, and rewards as they complete tasks. This gamified approach makes learning enjoyable, turning the often daunting task of mastering a new language into a fun challenge. For instance, apps like Duolingo keep learners motivated by rewarding progress with badges and encouraging them to keep improving through friendly competition. This approach fosters a sense of achievement and keeps users engaged

in the learning process. Interactive exercises, such as quizzes, listening activities, and speaking tasks, also keep learners engaged and help reinforce learning through active participation. In addition to engagement, mobile apps provide learners with a wide variety of resources that can help them improve their language skills in different areas. From vocabulary building and grammar exercises to pronunciation guides and listening comprehension tasks, these apps offer a comprehensive toolkit for language learners. Many apps also include audio and video materials, making it easier for learners to improve their listening speaking abilities. This vast selection of resources means that learners have everything they need become well-rounded in English, without the need for external resources. [2]

4. Instant Feedback. Another significant advantage is the instant feedback learners receive. Many apps provide immediate corrections when users make mistakes, which helps them learn from their errors and avoid repeating them. This continuous feedback loop allows for faster learning and can boost the learner's confidence as they progress through different levels.

However, despite these advantages, there are several challenges that come with using mobile apps for English learning. One of the biggest drawbacks is the lack of speaking practice. While many apps, such as Rosetta Stone and Babbel, incorporate speaking exercises using speech recognition technology, they cannot replace the real-world experience of conversing with native speakers. Fluency in a language comes from real-life communication, and mobile apps often fall short in providing opportunities for authentic conversational practice. Without speaking practice, learners may struggle with pronunciation, intonation, and building confidence in using the language in social contexts..

1. Over-Reliance on Technology. Another challenge is the risk of over-reliance on technology. While mobile apps are a valuable resource, they cannot replace the benefits of traditional learning methods, such as face-to-face communication and immersive language experiences. Excessive use of apps can lead to learners focusing solely on digital exercises and neglecting other important language skills, such as writing by hand or interacting with others in person.

In addition, learners might become overly dependent on apps and not develop the necessary discipline and study habits that come from attending classes or working with tutors. [3]

Moreover, although many apps offer personalized learning, they still cannot provide the immediate, detailed feedback that a teacher or tutor can offer. In a traditional classroom, a teacher can provide nuanced feedback, point out mistakes, and give tailored advice to help a student improve. Mobile apps, on the other hand, typically provide automated feedback that may not address the specific challenges a learner faces. Without a teacher's guidance, some learners may fail to correct subtle errors or grasp more complex language concepts.

2. Distractions. Another potential challenge with mobile apps is the distraction factor. Smartphones, by their very nature, are designed to provide constant notifications and temptations. It's easy for learners to become distracted by social media, games, or messages while using an app, which can reduce the effectiveness of learning. The convenience of mobile apps can sometimes lead to fragmented learning, where students may start lessons and then get sidetracked, rather than committing to focused, uninterrupted practice.

3. Limited Speaking Practice. Although some apps offer speech recognition features to improve pronunciation, these tools can only go so far. They may not be able to mimic the nuances and variations of human conversation. Without real-world speaking practice, learners might find it difficult to develop their verbal communication skills and may struggle to keep up in fast-paced, natural conversations.

4. Quality and Content Variability. Not all mobile apps are created equal, and the quality of content can vary greatly between different platforms. While some apps offer highly structured, comprehensive lessons, others may lack depth and fail to provide

accurate or engaging content. For learners, it's important to choose apps that are developed by reputable sources, ensuring that the material they're studying is both accurate and effective for their learning needs.

Finally, the quality of mobile apps varies greatly. While some apps are exceptionally well-designed and effective, others may provide low-quality content or teaching methods. With so many apps available, it can be difficult for learners to discern which ones are worth investing time and effort in. Without proper guidance or reviews, users may end up using subpar apps that hinder their learning rather than enhance it. [4]

In conclusion, mobile apps have undoubtedly changed the way we learn languages, offering a range of benefits such as convenience, personalization, engagement, and a variety of resources. They provide an excellent supplement to traditional language learning methods and make it easier for individuals to study English in their own time and space. However, challenges such as limited speaking practice, over-reliance on technology, and the lack of personalized feedback highlight the need for a balanced approach to language learning. To achieve the best results, learners should use mobile apps alongside other resources, such as face-to-face interactions, classroom learning, and immersive experiences, to develop a well-rounded proficiency in English

References

1. Hockly, N. (2018). Mobile Learning and Language Learning: How Mobile Apps Can Support Language Development. *ELT Journal*, 72(3), 299-309.
2. Godwin-Jones, R. (2011). Emerging Technologies: Mobile- Assisted Language Learning. *Language Learning & Technology*, 15(2), 2-11.
3. Stockwell, G. (2010). Using Mobile Phones for Language Learning: Examining the Efficacy of Mobile Apps. *CALICO Journal*, 27(2), 229-248.
4. Faber, J., & Tan, C. (2015). The Future of Learning: Mobile Applications and the New Era of Education. *Journal of educational Technology*, 33(4), 34-41..

Оқу дағдысы - сауаттылықтың бастауы



**Жанбуршиева Назгүл
Доғдырбайқызы
«Tanym school» мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі**

**«Адамды адам еткен-кітап,
адамзат еткен –кітапхана»
Әбіш Кекілбайұлы**

Кітап оқу минуты бастауыш сынып оқушыларына көптеген пайдалы дағдылар мен қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Біздің мектеп тәжірибемізде аталған кітап оқу дағдысы жүйелі қойылған үрдістердің бірі десек болады. Әр сыныптың күнделікті сабақ кестесіне 20 минуттық кітап оқу уақыты енгізілген. Өйткені, оқу — тек білімді арттырып қана қоймай, тұлғаны дамыту үшін өте маңызды процесс. Оқу сауаттылығы барлық сауаттылықтың бастауы, яғни математикалық сауаттылық та, жаратылыстану сауаттылықтары да осы оқу сауаттылығының негізінде қаланады. Бастауыш сынып оқушысына кітап оқу минуты мынадай бірнеше маңызды пайда береді:

1. Төрт тілдік дағдыны қатар дамытады.

Кітап оқу кезінде оқушылар жаңа сөздермен танысады, сөздік қорлары артады. Бұл баланың сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіреді. Мысалы: жаңа сөздер мен сөйлем құрылымын кітаптан үйренеді, өз ойын сауатты, дәлелмен жеткізуге қабілеті артады.

2. Ойлау қабілеттері жетіледі. Оқушылар мәтінді оқып, оны түсініп, талдай отырып, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырады. Бұл дағдылар олардың қиындықтарға тап болған кезде шешім қабылдай алу қабілеттерін жетілдіреді. Мысалы: оқушы мәтін бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, не болғанын, алда не болатынын болжай алады. Бұл бала логикасының дамуына әсер етеді.

3. Концентрация және назарда ұстау

Кітап оқу оқушылардың назарын бір нәрсеге шоғырландыруға мүмкіндік береді. Берілген уақыт аралығында оқушы тек мәтінмен жұмыс жасай отырып, назарын тек оқу процесінде

ұстайды. Бұл баланың ұзақ уақыт бойы зейін қою қабілетін арттырады.

4. Жады, есте ұстауды жақсартады.

Кітап оқудың бір маңызды пайдасы — оқушылардың есте сақтау қабілетінің дамуы. Оқушылар кейіпкерлерді, оқиғалар желісін, негізгі ойларды есте сақтап, қайта айта алады. Бұл жерде, біз оқушыларға басқа балалармен ой талқысына түсіп, қайталап оқиғалар тізбегін айтып беруін қадағалаймыз.

5. Әдебиетке қызығушылығы артады.

Кітап оқу арқылы оқушыларға әдебиет әлеміне қызығушылығын оятуға, жаңа шығармалармен таныстыруға мүмкіндіктер береді. Оқушылар сүйікті кейіпкерлері мен олардың әрекеттерін талдай отырып, басқа да кітаптарды оқуға тілек білдіреді.

6. Оқушы эмоциясын дамытады.

Кітаптар оқушының эмоциялық әлемін кеңейтеді, ол түрлі оқиғалар мен кейіпкерлердің сезімдерін түсініп, эмоциялық интеллектін дамытады. Оқушы әртүрлі жағдайларға қатысты өзін қалай сезінуі керектігін ұғынады.

7. Бала қиялы мен шығармашылығын дамытады.

Оқушы кітаптағы бейнелер мен оқиғаларға қиялмен жауап береді, сол арқылы өз шығармашылығын дамытады.

8. Құндылықтарды дарытады.

Кітап оқу барысында балалар адамгершілік, достық, еңбекқорлық, шыншылдық, адалдық сияқты құндылықтарды меңгереді. Әсіресе, ертегілер мен әңгімелерде этикалық мәселелер жиі кездеседі, олар балаларға дұрыс пен бұрысты айыра білуді үйренеді.

9. Төзімділік пен тәртіпке келеді.

Кітап оқу минуттары тұрақты түрде жүзеге асырылған кезде оқушыларға тәртіп пен уақытты басқаруды үйретеді. Белгілі бір белгіленген уақыт ішінде өз уақыттарын тиімді, әрі дұрыс пайдалану дағдылары қалыптасады. Дағды әдетке айналу үрдісі жүреді.

Міне, осы аталған кітап оқу сәтінің артықшылығын ескере отырып, кіші сынып оқушыларының бойында қажетті дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруға болатынын жеткізгім келді. Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды оңай сіңіруге болатынын да ескерген жөн. Өйткені, кітап оқыған адам саналы, білімді және мәдениетті болады.

Сөзімді қорыта келе, оқу сауаттылығы қазіргі замандағы өмірге дайындықтың ең маңызды өлшемдерінің бірі екенін, оқудың ерте жастан қалыптасатынын да ескеріп, бала болашақта жетістікке жететін тұлға ретінде кітапқа деген қызығушылығын басты назарда ұстау маңызды деп есептеймін.

Мектебімізде әр сыныпқа оқуға бір кітап екі аптаға беріледі. (2 сурет)

Берілген кітапты оқып болған соң, оқушылардан сынақ алынады. Сынақ жұмысы да әртүрлі форматта жүргізіледі. Негізінен, қорытынды жұмысты сапалы түрде ұйымдастыруға басымдық береміз. Бұл жерде оқу сауаттылығының талаптары басты назарда ұсталады. Оқу сауаттылығының сұрақтардың төмен, орташа, жоғары күрделілік деңгейлері мен идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру, тікелей қорытындыларды тұжырымдау, анық түрде берілген ақпаратты табу, мәтін мазмұны мен

элементтерін бағалау және сынау іс-әрекеттік үрдістер қарастырылады. Мысалы: еркін құрастырылатын жауабы бар сұрақтар беру, оқиға бөлігін табу, ашық сұрақтар, тест түрінде және ақпараттық технологиялар көмегімен, сонымен бірге дөңгелек үстел түрінде де қорытындылау қарастырылған. Бұл жерде оқушылар қызығушылығы, жас ерекшеліктері жан-жақты қаралады. Кітап оқу бағыты бойынша мадақтама, «Кітап ал» дүкенінің сертификаттарымен марапаттаулар беріледі. (1 сурет) Оқу минутына «www.astanakitar.kz» арнайы бастауыш сынып оқушыларына арналған кітаптар топтамаларын пайдаланамыз. Сонымен бірге, қазақ ертегілер жинағы, қазақ балалар жазушыларының шығармаларын қолданамыз. Кітап оқуға арнайы уақыт берілуі оқушы үшін де, мұғалім үшін де берілген үлкен, бағалы мүмкіндік.



Жоба жұмысы арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту

Калиева Құралай Жаңабайқызы
Информатика пәні мұғалімі
Ақтау қаласы
“Тапым school” мектебі

Бағдарламалау тілі – адамның компьютермен қарым-қатынасы үшін және хабарларды есептеуіш машиналардың көмегімен сұрыптайтын жасанды тілдер тобын айтамыз. Бағдарламалау тілінің негізін алгоритмдік тіл құрайтыны белгілі, сондықтан қазіргі кезде ең көп тараған тілдің бірі – Python.

Python – қазіргі замандағы заманауи, жоғары дәрежедегі бағдарламалау тілі. Python тілі аз синтаксисті талап етеді, бірақ сол уақытта стандартты кітапханасы үлкен көлемді пайдалау функцияларды қамтиды. Python бағдарламасы көптеген міндеттерді шешеді: ойындар құру, резервті көшіру, электронды поштаны оқу.

Python бағдарламалау тілі ештеңемен шектелмегендіктен оны үлкен жобаларда кеңінен пайдалануға болады. Python тілінің негізгі өрнек, оператор, функция, айнымалы, сан, жол, тізім, логикалық шамалар, типтерді түрлендіру, кодтың орындалуын басқару, блок, шартты өрнек, цикл, шартты цикл, тізім циклі, кластар, объектілер, түсініктемелер, модуль, пакеттер, импорттау, стандартты кітапханалар, сыртқы кітапханалар, Notepad+ мәтіндік редакторы ұғымдары мысалдар негізінде талданған. Python-дағы дизайн үлгісі – бұл әзірлеуші жиі кездесетін бағдарламалық жасақтама дизайнымен жұмыс істеу үшін қолданатын әдіс. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл кодта қайталанатын мәселені шешуге арналған алдын ала анықталған үлгі. Бұл үлгілер негізінен талаптарды талдау негізінде жасалады.

Дизайн үлгісі бағдарламалық жасақтаманы әзірлеудің бөлігі болып табылады. Бұл бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу кезінде ықтимал мәселенің жалпы

қайталанатын шешімі. Біз шаблондардың егжей-тегжейін қадағалап, кодымызға сәйкес келетін шешімді қолдана аламыз. Біз шаблондар мен алгоритмдерді жиі шатастыра аламыз, бірақ олар қайталанатын есептерді шешудің жеке тәсілдері болып табылады. Алгоритмдер әдетте кейбір есептерде жүзеге асырылуы мүмкін шешімдердің нақты жиынтығын анықтайды, мұнда үлгілер шешімнің жоғары деңгейлі сипаттамасы болып табылады.

Мысалы, алгоритм аспаздық рецепт сияқты: бізде бірдеңе (проблемалар немесе мақсаттар) жасау үшін ингредиенттердің нақты жиынтығы (немесе шешімдер жиынтығы) бар. Екінші жағынан, үлгі сызба сияқты: біз нәтижені және оның ерекшеліктерін көре аламыз, бірақ іске асыру тәртібін өзгерте аламыз.

Python – жоғары деңгейлі, ашық бастапқы және динамикалық терілген тіл. Оның ағылшын синтаксисі бар және оны үйрену оңай. Ол әртүрлі дизайнды қолдайтын көптеген кітапханаларды ұсынады.

Python тіліндегі объектіге бағытталған программалау дегеніміз – жалпы алғанда, негізгі тұжырымдары кластар мен объектілер болып табылатын программалау тілі. Осы тұжырым тұрғысынан қарасақ, класс дегеніміз деректердің жиынтығы. Кластарды қолдану программалауды жеңілдету үшін абстрактілі тұрғыда қарауға мүмкіндік береді. Осы тұжырымның негізгі ұғымдары: Полиморфизм: әртүрлі объектілерде бір операция әртүрлі функциялар орындауы мүмкін.

Инкапсуляция: оның көмегімен объектінің ішіндегі кейбір артық ішкі ақпаратты сыртқы ортадан жасыруға болады.

Мұрагерлік: базалық кластар негізінде арнайы кластар құруға болады. Сол арқылы кодты қайталап жазудан арылуға болады.

Композиция: объект бірнеше объектіден құралған құрамдас күрделі объект болуы мүмкін.

Python тілінің мүмкіндіктері: Python тілін бағдарламалауда қолданудың қажеттігін дәлелдейтін көптеген мүмкіндіктері бар.

Олар келесілер: xml/html файлдарымен жұмыс жасау; http сұраныстар жасау; GUI (графикалық интерфейс); веб-сценарийлер құру; FTP-мен жұмыс жасау; кескіндермен, аудио және видеомен жұмыс жасау; робототехникада қолдану; математикалық және ғылыми есептеулерді бағдарламалау және т.б.математикалық және ғылыми есептеулерді бағдарламалау және т.б.

Соған орай Python бағдарламасы көптеген міндеттерді шешеді: резервті көшіру болсын, электронды поштаны оқу болсын немес қандай да ойынды құру болсын. Python бағдарламалау тілі ештеңемен шектелмегендіктен оны үлкен жобаларды пайдалануға болады. Мысалы, python тілі IT-дің алыптары болып табылатын, Google және Yandex жобаларында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, оның қарапайымдылығы мен әмбебаптығы бұл тілді ең үздік бағдарламалау тілдері қатарына қосады. Python тіліне басқа тілдердің ықпалы. Python тілінің кешірек шыққандықтан оған көптеген тілдердің ықпалы болды. Мысалы келесі тілдердің: ABC-операторларды топтаудың шегіністері, жоғары деңгейлі деректер құрылымы.

Python тілінің басым бөлігі (мысалы, бастапқы кодтың байт-компиляциясы)

бұрынырақта басқа бағдарламалау тілдерінде іске асырылатын. Қорытындылай келе, Python – жоғары деңгейлі қуатты динамикалық тіл екендігіне көз жеткіземіз. Оның қарапайым синтаксисі, сондай-ақ керемет модульдік құрылымы және көптеген ыңғайлы мүмкіндіктері бар. Python объектіге бағытталған тіл болғанымен, ол функционалды бағдарламалау стилін қолдайды. Егер жобаға күрделі құрылымдар қажет болмаса, оларды салудың қажеті жоқ. Процестерді автоматтандыру үшін Python тілінде қарапайым сценарийлер жазуға болады. Көптеген бағдарламалау тілдері үлгілерге, соның ішінде Python-ға сәйкес келеді. Сонымен қатар, бағдарламалау үлгілері оларды пайдалану контекстімен тығыз байланысты. Белгілі бір тілдің синтаксисі мен ерекшеліктері әзірлеушілердің өз ережелерін белгілейді. Бұл факторлар әр түрлі тілдерде әр түрлі болуы мүмкін және әдетте нақты мақсатқа ие емес – олар көбінесе техникалық болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бекенова А.С. Python бағдарламалау тілі. Оқу құралы / А.С. Бекенова, – Алматы, Альманахъ, 2019. – 119 б.

**Заман талаптарына байланысты
Оқушының сұранысы**

**Керекбаева Гульмира Джангирхановна
«Тапум school» мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі**

Андатпа

Мақалада заманауи оқушылардың сұраныстарын анықтау және қанағаттандыру мәселесі талқыланады. Жаһандану мен технологиялық прогресс білім беру жүйесіне жаңа әдістерді енгізуді қажет ететіні атап өтіледі. Сандық технологияларды қолдану, жеке тұлғалық және кәсіби дағдыларды дамыту, оқу бағдарламаларының икемділігін арттыру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен оқушыларды әлеуметтік-эмоционалдық қолдаудың маңыздылығы атап көрсетіледі. Білім беру жүйесінің осы бағыттарда дамуы қоғамның интеллектуалдық және мәдени әлеуетін арттыруға ықпал ететіні дәлелденген.

Кілтті сөздер: оқушы сұранысы, білім беру, технологиялар, цифрлық орта, тұлғалық даму, кәсіби дағдылар, қолдау, мұғалімдер, бағдарламалар, жаһандану, инновациялар.

Аннотация

В статье обсуждается проблема выявления и удовлетворения запросов современных учащихся. Отмечается, что глобализация и технологический прогресс требуют внедрения новых методов в систему образования. Рассматриваются пути применения цифровых технологий, развития личностных и профессиональных навыков, повышения гибкости учебных программ. Кроме того, подчеркивается важность повышения квалификации учителей и социально-эмоциональной поддержки учащихся. Доказано, что развитие системы образования в этих направлениях способствует повышению интеллектуального и культурного потенциала общества.

Ключевые слова: спрос учащихся, образование, технологии, цифровая среда, личностное развитие, профессиональные навыки, поддержка, учителя, программы, глобализация, инновации.

Annotation

The article discusses the problem of identifying and meeting the needs of modern students. It is noted that globalization and technological progress require the introduction

of new methods in the education system. The ways of applying digital technologies, developing personal and professional skills, and increasing the flexibility of educational programs are considered. In addition, the importance of teacher training and socio-emotional support for students is emphasized. It is proved that the development of the education system in these areas contributes to the improvement of the intellectual and cultural potential of society.

Keywords: student demand, education, technology, digital environment, personal development, professional skills, support, teachers, programs, globalization, innovation.

Негізгі бөлім

Қазіргі заманда білім беру жүйесінде оқушының сұранысын анықтау мен оны қанағаттандыру аса маңызды мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. Жаһандану үрдістері, технологиялық жетістіктер мен еңбек нарығындағы қарқынды өзгерістер білім беру саласына жаңа көзқарастар мен әдістерді енгізуді қажет етеді [1]. Бұл үрдістер оқушының сұранысын дұрыс түсінуді және оны барынша тиімді қанағаттандыруды талап етеді. Оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі өзгеріп, бейімделуі тиіс. Мақалада осы өзекті тақырыптың мәнін ашып көрсетуге тырысамын.

Бүгінгі оқушылар цифрлық ортада дүниеге келіп, сандық технологияларды еркін меңгеріп өсуде. Бұл жағдай олардың оқу құралдарына, онлайн-платформаларға, виртуалды оқыту әдістеріне және мультимедиялық ресурстарға деген қызығушылығын айқын көрсетеді. Мұндай сұранысты қанағаттандыру үшін білім беру үдерісіне заманауи технологияларды, интерактивті құралдарды және жасанды интеллектті енгізу маңызды қадам болып табылады [2]. Сонымен қатар, білім тек ақпарат беру емес, оқушылардың жеке тұлғалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Олар өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асырып, командамен жұмыс жасау және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік алуы қажет [3].

Кәсіби даярлыққа бағытталған оқу бағдарламалары да оқушылардың маңызды сұраныстарының қатарында. Қазіргі еңбек нарығындағы талаптарға сәйкес келетін дағдыларды дамыту үшін STEM салаларына

ерекше мән беру, кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жандандыру қажеттілігі туындап отыр. Мұндай бағдарлама оқушыларға болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді. [6]. Педагогикалық әдіс-тәсілдер қоржынындағы қарапайым ойындар ойнату ешқашан да заманауи сәннен шығып қалмайтыны белгілі. Әр сабақ кезінде педагог ескеріп, қолдануға қосар құнды ойлармен бөлісуді жөн көрдім. Тұйық және өзін-өзі көрсете алмайтын оқушылар үшін олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін жеке үй тапсырмаларын қолдануға болады: – өз қалауы бойынша тапсырма (бірнеше тапсырмалардың ішінен балалар өздеріне ұнайтын біреуін таңдайды); – ойын–сауық түріндегі тапсырмалар: ойындар, жұмбақтар, жағдаяттар, жаттығулар; – тапсырмалар–нұсқаулықтар (ерекше фактілердің, пәндер бойынша ойын сауық түріндегі тапсырмалар: ойындар, жұмбақтар, жағдаяттар, жаттығулар; – тапсырмалар–нұсқаулықтар (ерекше фактілердің, пәндер бойынша ойын сауық материалын таңдау). Егер мұғалім оқушыға оған орындауға мүмкін болатын тапсырмаларды ұсынса, оқушы сабақта қызығушылықпен жұмыс істейді. Өйткені, оқуға деген құлшыныстың болмауының себептерінің бірі–оқушыға сабақта ол әлі жеңе алмайтын тапсырмаларды орындауға рұқсат етіледі. Оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру және әр түрлі әдістерді, формалар мен жұмыс түрлерін қолдана отырып, кез–келген сабақтың барлық кезеңдерінде оқу процесіне қызығушылықты арттыру қажет. Оларға сараланған көзқарас, әртүрлі дидактикалық, үлестірмелі, иллюстрациялық материалдар, жеке жұмыс, техникалық оқыту құралдары және басқалар жатады. Оқушылардың әр сабақта ашылу қуанышын сезінуі өте маңызды, сондықтан олар танымдық қызығушылықты дамытады және өз күштеріне деген сенім қалыптасады [4]. Сабақта стандартты емес жағдайларды құру сонымен қатар оқу материалына танымдық қызығушылық пен зейіннің дамуын ынталандырады, оқушылардың белсенділігіне және олардың шаршауын жеңілдетуге көмектеседі. Жұмыс тәжірибесінде мұғалімдер көбінесе сабақ–конкурс, сабақ–ертегі, сабақ ойын,

сабақ–саяхат сияқты стандартты емес сабақ формаларын қолданады. Бұл сабақтардың барлығының өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ олардың әрқайсысы білім беру негізіндегі ізгі ниет атмосферасын құруға мүмкіндік беріп, қызығушылықтың оянуына ықпал етеді, бұл оқушыларға білімді игеру процесін жеңілдетуге көмектеседі. Осы әдістер мен формалардың барлығын білу және қолдану арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығының айтарлықтай артуына қол жеткізуге болады [4]. Тиімді әдістердің алуан түрлілігі балалардың қызығушылығының пайда болуына және нәтижелерге ғана емес, сонымен бірге оқу процесінің өзіне, мұғалімге деген оң көзқарасына ықпал етіп, қиындықтарды жеңу кезінде өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі [5]. Тапсырмаларды орындаудағы өзіндік ізденісті арттыру бойынша ұсыныстар: Оқушылардың танымдық іс әрекетін ұйымдастыру арқылы оқушылардың өзіндік ізденісін арттыру кезінде келесі тармақтарды бөлуге болады: –өзіндік жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану, өйткені олардың ауысуы оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіреді; – оқушылардың белсенділігі мен өзіндік ізденісін ынталандыратын таңқаларлық, қиындықтар, оларды шешудің жолдарын іздеу керек проблеманы енгізу; – оқушының эмоционалды–ерікті және интеллектуалды психикалық процестерін белсендіретін шығармашылық жұмыстарды қолдану; – теориялық білімді қолдану арқылы белсенділікті қалыптастыратын практикалық жұмыстарды қолдану. Қиындықтарды жеңе алмайтын өзіндік ізденіс деңгейі төмен балалар үшін қолданған жөн: – алгоритмі бар тапсырмалар; – жауап жоспары бар тапсырмалар; – дайындық жаттығулары бар тапсырмалар; – нұсқаулығы бар тапсырмалар. Өзіндік іздену мен оқытуды дамытуда заманауи ақпараттық технологиялар мектеп оқушыларының оқу іс–әрекетіне танымдық қызығушылығын арттыру құралы ретінде тиімді әсер етуі мүмкін. Пәндер бойынша презентациялар, жаратылыстану ғылыми жобалар, медиа эсселер, әртүрлі тест түрлері, анимациялық және бейне роликтер жасау, шығармашылық жобаларды әзірлеу және т.б. сияқты өзіндік жұмыстардың түрлері оқушыларының оқу іс–әрекетіне танымдық қызығушылығын арттыру процесіне ықпал етері анық.

Кез–келген ақыл–ой әрекеті сұрақтан, таңданудан басталады.

Таңдану ой туғызатындықтан, мұғалім оқушыдан сұрақтуғызуға тырысу керек. Оқушыны кенеттен ашылған бейтаныс жаққа таң қалдыратындай етіп көрсету керек. Егер жағдаяттық мәселе оқушы жас ерекшелігіне сәйкес келсе, оқушы мәселені тұжырымдайды, өйткені балалар өздерінің қызығушылықтары бағытталған күрделі мәселелер саласындағы ақпарат тапшылығын толтыру қажеттілігін сезінеді. Сонымен қатар, алғашқы танымдық сұрақтардың туу шарты–бұл жалпы мәселені шешудің әртүрлі тәсілдерін ұсынатын балалар арасындағы дау болып табылады.

Психологиялық–педагогикалық әдебиеттерді талдау, сондай–ақ бақылау деректері сабақтарда жұмысты ұйымдастырудың келесі моделін жасауға мүмкіндік берді: – мұғалімнің балаларға деген оң көзқарасына, олардың танымдық сұрақтар қоюына, олардың белсенділігін мақұлдауға негізделген іскерлік сенімгерлік қарым қатынас атмосферасын құру, мұғалімге жүгінген іс–әрекеттер (күмән, қарсылықтар, қиындықтарды көрсету, көмек сұрау); – балаларды туындаған қиындықтарды жеңуге итермелейтін проблемалық жағдайларды жасау негізінде оқу материалын ұсыну, сондай–ақ оқушылардың танымдық сұрақтардың көмегімен қойылған міндеттерді шешу үшін жаңа ақпаратты өз бетінше алу қабілетін дамытатын тапсырмаларды қолдану; – әр сабақта оқушылардың тек мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге сыныптастарымен де ынтымақтастығын ұйымдастыру, бұл оқушылардың танымдық бастамашылығын сәтті дамытудың негізгі шарты болып табылады. Өйткені тапсырманы бірлесіп орындау кезінде оқушылар өз білімдері мен дағдыларына сүйене отырып, балалар ойлау, болжам жасау, оқу процесінде өз бетінше жаңа білім алуға үйренеді. Балаларды сұрақты дұрыс қоюға үйрету үшін, яғни оларды дұрыс, дәл тұжырымдап, түсінікті етіп айту үшін мұғалім «тақырыпты тап» ойынын өткізе алады. Ойын мұғалімнің тақырыпты жеткізе білуінде, ал балалар сұрақтар қояды және тақырыпты атамай–ақ мұғалімнің не ойлағанын болжайды. Содан кейін жүргізушінің рөлі тақырыпты болжаған адамға беріледі. Балаларды сұрақтар қоюға үйрету үшін оларға келесі тапсырмаларды беруге болады: – зерттелетін тақырып бойынша мүмкіндігінше көп сұрақтар қою; –

сынып үшін өткен тақырып бойынша мүмкіндігінше көп сұрақтар құрастыруға үйренеді. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің икемділігі маңызды рөл атқарады. Жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқушылар өздеріне қажетті пәндер мен курстарды таңдауға еркіндік алуы тиіс [4]. Модульдік оқу жүйесі осы сұранысты іске асырудың тиімді құралы бола алады. Білім–бүгінгі уақыттың ең шынайы капиталы. Сондықтан да, қоғамымыздағы өзгерістер мен жаңа тұрпатты стратегиялық бағдарлар білім беру сапасына деген бұрынғы талап пен міндеттерге жаңашыл көзқараспен қарауды қажет етеді. Ж. Аймауытов: «Баланың ынтық ояту үшін оқытатын нәрседе бір жаңалық болу керек», – деген екен. Бүгінгі күнде сан түрлі технологияларды меңгеру жолындағы мұғалімдердің ізденістерін жазушы осылай бір–ақ тұжырыммен білдіргендей. Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіштері–әдістеме салаларындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік игеріп, оларды өздерінің сабақтарында пайдалана білу. Қазіргі заман педагогтерінің негізгі мақсаты–оқушылардың алатын білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізілуде. «Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым–қатынас технологиясы, топтық оқыту технологиясы т.б. Бұл технологиялардың қайсы түрі болмасын анықтаманы қажет етеді. Сондықтан да әрбір автор «технология дегеніміз не?»–деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Оқыту технологиясы– бұл оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты мен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламасының жүйелі тәсілі [4].

Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны.

Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады. Еңбек, ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелген. Ол балалар үшін кәмелетке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен қызығушылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Атақты педагогтар В.А.Сухомлинский, Н.К.Крупская, К.Д.Ушинский ойынның балалардың ой өрісін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен. Қазақ халқының ұлттық ойындарының педагогикадағы рөлі туралы алғашқы пікірлерін айтқан - Ә.А.Диваев, М.О.Әуезов. Ойын арқылы оқыту технологиясы бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылады. Әр мұғалім технологияның нәтижесін дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет.

1. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау.

2. Ойын жүргізілетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын-ала әзірлеу.

3. Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.

4. Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету.

5. Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Оқушылардың білім жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеру үшін ұстаздан терең білімділік, кәсіптік шеберлік талап етілері сөзсіз. Осы талаптарға сай мұғалім оқушыларға білімді игертуде бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, әр түрлі әдіс-тәсілдерді жетілдіріп отыруда жүзеге асады. Бала қоршаған орта туралы шындықты белсендік әрекеттің нәтижесінде танып біледі. Ол-ойын. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұнбалы дамуын қалыптастыруға болады. Ойын балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге

қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала болама?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады. Ойынның негізгі мақсаты-баланы қызықтыра отырып, білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті-сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігімен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгетуге қол жеткізу. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылады. Оқушылар ойынын зерттеуші О.С.Газман былай деп жазды: «Табиғат балалар ойынын оларды өмірге жан-жақты бейімдеу үшін жаратқан. Сондықтан да, ойынның адам әрекетінің барлық түрлері мен генетикалық байланысы бар және танымның, еңбектің, қарым-қатынастың, өнердің, спорттың т.б. арнайы формасы болып табылады».

Сонымен қатар, мұғалімдердің біліктілігін арттыру бүгінгі заман талабына сай білім беруді дамытуда шешуші фактор болып табылады. Мұғалімдер жаңа технологияларды, инновациялық әдістемелерді және оқыту тәсілдерін меңгеруі керек. Бұл үшін арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру қажет [5]. Сонымен бірге, оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру да назардан тыс қалмауы керек. Мектептерде психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің және тәлімгерлердің қызметін жетілдіру арқылы оқушыларға жан-жақты қолдау көрсетуге болады.

Қазіргі заманның қарқынды өзгерістері білім беру жүйесіне жаңа міндеттер жүктейді. Сандық технологияларды қолдану, жеке тұлғалық және кәсіби дағдыларды дамыту, ұлттық ойын түрлерін ойнату, сондай-ақ оқушыларды әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда қолдау білім сапасын арттырудың негізгі бағыттары болып табылады. Осы қажеттіліктерді дұрыс түсініп, оларды қанағаттандыру арқылы білім беру жүйесі қоғамның интеллектуалдық және мәдени дамуына зор үлес қосады. Оқушының сұранысына ерекше назар аудару- еліміздің болашағының жарқын кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2018.
2. OECD. Trends Shaping Education 2019. OECD Publishing, 2019.
3. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. 2001. Т. 9, № 5.
4. Vygotsky L. S. Mind in Society: The

Development of Higher Psychological Processes. Harvard University Press, 1978.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан. Нұр-Сұлтан, 2020

6. Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Оқытуда саралауды қолдану - қажеттілік



Шаршбаева Раушан Сәбитқызы
«Тапым school» мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімдер оқуда қиындықтары бар оқушыларды оңай анықтай алады. Алайда мәселе олардың мұны пайдаға асырмайтынында. Олардың оқыту тәжірибесінде ештеңе өзгермейді».

Р. Гуд

Мен 2-ші сыныптың мұғалімімін. Қазіргі таңда үлкен проблемалардың бірі 1-сынып оқушыларының мектепке дайындығының оқуға жеткіліксіз келуі. Себебі, ата-аналар мектепке барған соң игеріп кетеді деп есептеп, баланың интеллектісінің дамуына мән бермейді. Сондықтан әрбір 1-сыныпта алған мұғалім жұмысты алдымен оқушыларының мектепке дейінгі дайындық деңгейін анықтаудан бастау керек деп есептеймін. Бұл бағыттағы жұмыста саралап оқытудың маңызы зор екендігін жеткізгім келеді. 1-2 сыныпта саралап оқыту – әрбір оқушының жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың тиімді әдістерін қолдану арқылы білім беру процесін ұйымдастыру. Саралап оқытудың мақсаты — барлық оқушылардың өзіндік мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сай білім алуын қамтамасыз ету, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту әдістерін қолдану. Бұл әдіс оқушылардың даму деңгейіне сәйкес оқыту мен тапсырмаларды белгілеуге мүмкіндік береді. Күнделікті оқыту процесінде төменде берілген саралау принциптерін назарда ұстанған жөн.

1. Саралап оқытудың принциптері

Жеке көзқарас: Әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктерін ескеру, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім беру.

Дифференциация: Оқушылардың әртүрлі деңгейлерін ескеріп, тапсырмаларды,

материалды меңгеру жылдамдығын және қиындық дәрежесін саралау.

Өзіндік жұмыс: Оқушының жеке жұмыс істеуіне жағдай жасау, оқытушының бақылауымен оқушының өз-өзін дамытуына ықпал ету.

Белсенді оқыту: Оқушының іс-әрекетіне негізделген тапсырмаларды орындау, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушының қызығушылығын арттыру.

2. Саралап оқытуды ұйымдастыру жолдары

A) Тапсырмаларды саралау

1. Тапсырмалардың деңгейлерін саралау:

- Оқушының дайындық деңгейіне байланысты тапсырмалар беріледі. Мысалы, оқу материалын түсінудегі қиындықтарды ескере отырып, кейбір оқушыларға жеңілдетілген тапсырмалар, ал басқаларына күрделірек тапсырмалар ұсынылады.

2. Әртүрлі түрдегі тапсырмалар: - Кейбір оқушылар үшін тек мәтін оқу жеткілікті болуы мүмкін, ал басқаларына қосымша иллюстрациялар, диаграммалар немесе ойындар қажет болуы мүмкін.

B) Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру

1. Жеке жұмыстың ұйымдастырылуы:

- Оқушылардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар беріледі. Бір оқушының есте сақтау қабілеті жақсы болса, оған оқыған материалды есте сақтап, қайталау тапсырмалары беріледі. Басқа оқушыға шығармашылық тапсырмалар немесе логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынылады.

2. Қосымша көмек көрсету:

- Қиындықтарға тап болған оқушыларға қосымша көмек көрсетіледі. Бұл оқушының қабілеттеріне сәйкес қосымша тапсырмалар беру немесе өздігінен оқу үшін оңайлатылған нұсқаулар ұсыну.

B) Оқушының қарқынына сәйкес оқыту

1. Оқу қарқынын саралау:

- Оқушылардың оқу қарқыны әртүрлі болғандықтан, әрқайсысының оқу үдерісі жеке ұйымдастырылады. Кейбір оқушылар белгілі бір тақырыпты жылдам меңгерсе, басқалары үшін оны толық түсіну үшін көбірек уақыт қажет болуы мүмкін. Сыныптағы оқушыларымды саралау барысында түйіндеген тәжірибелеріммен

бөлісіп, баланың мектепте табысты оқып кетуіне кедергі болатын бірнеше мысалға тоқталып өтсем. **1-ден** мектеп табалдырығын аттаған көптеген балалар үшін оқу, жазу, есептеуден бұрын ең күрделі әрекет партада 35-40 минут отыру. Себебі, жаңа басталған мектеп өмірі олардың табиғи жүгіру, секіру, ойнау, бар даусымен еркін қалаған уақытында сөйлеу сияқты қажеттіліктерін тоқтатуға мәжбүр. Бұл көп энергияны қажет етеді. Сабақта тапжылмай партада отыруда қиындықтары балаларды көбінесе энергиясы көп оқушы деп жатамыз. Керісінше, мамандардың айтуы бойынша бұндай балаларда энергия жеткіліксіздігі басым болады екен. Аталған мәселеде бізге көмекке келетін қарапайым нейрожаттығулар жүйесі 2-ші себебі баланың жаңа дағдыны меңгеруде талап етілген іс –әрекетті орындауда шапшаңдықтың жетіспеушілігі. Бұл жерде мұғалім тапсырманың орындалу нұсқаулығын түсінікті түрде қадам-қадаммен беру керек. Адам миы табиғатынан ең жалқау ағза деп жатады. Адам миы дене салмағының 2% ғана құрайды және өз жұмысына 20-25% энергияны жұмсайды екен. Олай болса, қажетті іс-әрекетті немесе дағдыны автоматты деңгейге жеткізу үшін қаншама энергия жұмсалады. Мысалы: велосипед айдауды бала кезіңізде үйренсеңіз, көп жыл өткен соң да сіз велосипед айдау керек болса, айдап кете бересіз. Сондықтан әрбір балада қажетті дағдылар дұрыс берілген нұсқаулықпен, қадам-қадаммен орындап үйретіліп, автоматты шапшаңдық деңгейіне жеткізілуі керек.

Мысалы, үй тапсырмасын орындауға үйретілу қадамдары:

- ✓ Устелдегі артық заттарды алып таста;
- ✓ Күнделігін шығар;
- ✓ Үй тапсырмаларын қара;
- ✓ Қажетті пәннің оқулығын ал;



(1-сурет).

- ✓ Осы сабақтың дәптерін шығар;
- ✓ Уақытты 20 минутқа қой;
- ✓ Қаламды ал;
- ✓ Тапсырманы орында.

Осы сияқты әрбір жаңа білім мен әрекеттің бала қажеттілігіне орай қадамдары нақты беріліп отырса, бала оқудағы қиындықтарды жеңіл еңсереді. Тағы бір ескеретін жағдай қадамдар саны 7 ден артық 12-ден кем болғаны ыңғайлы болмақ.

3-ден оқу дағдыларының жетілуінің әлсіздігі. Жалпы педагогика ұғымында «Жақсы оқушы деген кім?» немесе «бала бастауыш сыныпта табысты оқу үшін нені білуі тиіс?»- деп сұрақты өзгертсек де, алынатын жауап өте қарапайым. Біріншіден, бала жалпы интеллектуалды дамуы жағынан жақсы дайындықта болуы тиіс. Ол дегеніміз педагогтер мен психологтар айтуы бойынша - когнитивті дамуы жетілген, яғни зейін, есте сақтау және ойлаудың жеткілікті дамуы. Екіншіден, оқу дағдыларының дамуы. Бұл не? Бұл баланың қиындықсыз жүргізіп оқуы, жылдам жазуы, жеңіл мазмұндай алуы, есептер шығара алуы, санауы т.б. атауға болады. Аталған оқу дағдылары негізгі күрделі дағдылар мен әрекеттер болып саналады. Бала осы қиындықтарды жеңу үшін балаға мұғалім мен ата-ана тарапынан қосалқы дағдылар арқылы жетілдіру көмегі берілуі керек. Мысалы, бала әдемі және жылдам жазуды меңгеру үшін оған бірнеше қосалқы дағдылар үйретілуі керек. Дұрыс отыру мен қалам ұстаудан бастап берілген траектория бойынша қаламды түзу алып жүру қосымша дағдыларын жақсы меңгерген болуы керек. Егер қосымша дағдылардың біреуі немесе бірнешеуі меңгерілмесе, бала табысты нәтиже көрсете алмайды.

Математикадан мәтінді есептерді шешуге қалай үйретуге болады? Бала жүргізіп оқиды, бірақ мәтін есептерді шығаруда қиындықтары бар. Мен бұл жерде есепті шығаруға үйрену үрдісін екі құрамдаc бөлікке бөлемін:

- нені табу керек екендігін түсіну;
- шешуін табу және есептеу.

Жоғарыда атап өткенімдей, күрделі дағдыларды құрамдас бөліктерге бөліп, жаттықтыру тиімді. Бала оқулықтан есепті оқиды, нені табу керектігін түсіндіреді. Балаға бірден есепті шығарту керек емес, бала өз түсінігімен не туралы, нені табу керек ойын айтады.

Осы дағдыны меңгертуге әр сабақтың 5-10 минут уақытын бөлеміз. Бала осы уақыт ішінде 3-тен 10-ға дейін есептің тек не туралы, нені табу керектігін айтып үйренеді. Сыныптың немесе жеке баланың мүмкіндігіне қарай 5-20 есепке дейін жеткізуге болады. Бала өзінен не сұралып тұрғанын түсінген жағдайда, ол есептің шешімін оңай табады.

Мәтіннің мазмұнын әңгімелеу дағдысын жетілдіру бағытында «Ертегі кейіпкері» әдісін қолдануға болады. Бұл әдісті қолдану үшін барлық оқушы алынып отырған ертегінің мазмұнымен жақсы таныс болуы керек. Егерде ертегі мазмұны таныс болмаса, тез оқып беріп суреттері бойынша кейіпкерлерін есте сақтатуға болады. Мысалы, «Шалқан» ертегісі желісімен алсақ



(2-сурет):

- 1.Ата: «Оқиға кім немесе не туралы?»
- 2.Әже: «Қай кейіпкер жақсы, қай кейіпкер жаман?»
- 3.Немересі: «Кейіпкерлер қандай қиындыққа тап болды?»
- 4.Күшігі: «Барлығы неден басталып еді?»
- 5.Мысығы: «Содан соң не болды?»
- 6.Тышқан: «Сонымен оқиға немен аяқталды?» Бұл әдісті жүйелі баяндауға, толық түсінуге, мәтінді талдауға, тіл дамытуға, жалпы оқу сауаттылығын қалыптастыру бағыттарында қолдана беруге болады.

Қатесіз көшіруге үйрету жаттығуын жүргізуде оң нәтижесін береді. Қате жіберу- ол оқушының зейінсіздігі. Ол үшін оқушыға күнделікті оқулықтан екі сөйлем көшіруге бересіз. 1-ші сөйлемнен дауысты дыбыстардың орнына сызық қойып кетіп, тек дауыссыз дыбыс әріптерімен сөйлемді көшіріп жаз. Мысалы: Анам жұмыстан келді. Сөйлем былай жазылуы тиіс: _н_мж_м_ст_нк_лд_. 2-сөйлем керісінше дауысты дыбыс әріптерімен жазып шығу. Ойымды қорытындылай келе, саралау - бұл кедергілерді анықтау, оқудағы қиындықтарды жеңу жолдарын көрсету, қолдау, жетілдіру, дамыту. Саралап оқыту 1-2 сыныптарда оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, әрбір оқушының білім алу процесіне қызығушылығын арттырып, олардың оқу қарқынын, қызығушылықтарын және даму деңгейлерін ескере отырып оқытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушыларға өзіне деген сенімділікті арттырып, оқу барысында максималды нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Ойын әрекетінің баланың дамуына әсері



Шубаева Ақнұр Серікқызы
Ақтау қаласы, “Tanym balabaqshasy”
мекемесі, педагог-психолог

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуына ойын әрекетінің әсері қарастырылады. Ойын – баланың негізгі іс-әрекетінің бірі ретінде оның танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал етеді. Ойын барысында балалар қоршаған ортаны зерттеп, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Мақалада әртүрлі ойын түрлерінің баланың жеке тұлғалық қалыптасуына тигізетін әсері талданады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын қолдану жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: ойын әрекеті, мектепке дейінгі балалар, танымдық даму, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар, эмоциялық интеллект.

Abstract

This article examines the impact of play activities on the development of preschool children. Play, as one of the primary forms of a child's activity, contributes to cognitive, social, and emotional development. Through play, children explore their environment, develop communication skills, and enhance their creative and logical thinking abilities. The article analyzes the influence of various types of games on a child's personality formation. Additionally, methods for implementing play technologies in preschool institutions are proposed.

Keywords: play activity, preschool children, cognitive development, creativity, social skills, emotional intelligence.

Аннотация

В данной статье рассматривается влияние игровой деятельности на развитие детей дошкольного возраста. Игра, как одна из основных форм деятельности ребёнка, способствует его познавательному, социальному и эмоциональному развитию. В процессе игры дети изучают окружающий мир, формируют коммуникативные навыки, развивают творческое и логическое мышление. В статье анализируется влияние различных видов игр на личностное становление ребёнка. Также предложены способы использования игровых технологий в дошкольных

организациях.

Ключевые слова: игровая деятельность, дошкольники, когнитивное развитие, творчество, социальные навыки, эмоциональный интеллект.

Мен үшін мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы ең алдымен ойын арқылы жүзеге асады. Өйткені бала үшін ойын – табиғи әрекет, оның дүниені тану құралы, өз ойын білдіру тәсілі. Кішкентай кезімізден бастап біз ойын арқылы айналамыздағы әлемді зерттейміз, қарым-қатынас жасаймыз, өмір заңдылықтарын түсінеміз. Сондықтан ойын – тек көңіл көтеру ғана емес, ол баланың жан-жақты дамуының басты факторы.

Тәжірибемде ойын әрекетінің балаға қаншалықты маңызды екенін күн сайын байқаймын. Ойын барысында балалардың қиялы дамып, танымдық белсенділігі артады, олар өз ойларын еркін білдіре бастайды. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ойын әдістерін дұрыс қолдану – баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін өте маңызды қадам деп есептеймін[1].

Ойын әрекетінің теориялық негіздері

Психологтар мен педагогтар ойынның баланың дамуына тигізетін әсерін бұрыннан зерттеп келеді. Л.С. Выготский ойын баланың ақыл-ой дамуына серпін беретін негізгі факторлардың бірі екенін атап өткен.

Ал Ж. Пиаже ойын арқылы бала шынайы өмірге бейімделетінін, айналадағы құбылыстарды өзінше түсініп, модельдейтінін айтады.

Ойын – баланы тек интеллектуалды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және тұлғалық тұрғыда да дамытады. Ойын барысында балалар жаңа дағдыларды игереді, эмоцияларын басқарады, өзара қарым-қатынас орнатуды үйренеді. Бұл үдеріс оларды мектепке, әрі қарай бүкіл өмірге дайындайды[2]. Ойынның баланың дамуындағы рөлі

1. Танымдық даму

Өз тәжірибемде мен ойын арқылы баланың есте сақтау, ойлау, зейін, қиял және сөйлеу қабілеттерінің дамитынын байқаймын. Қарапайым дидактикалық ойындар баланың логикалық ойлауын жетілдіруге көмектеседі. Мысалы, «Суретті тап» ойыны баланың зейінін дамытса, «Жұмбақ шешу» ойыны қиялын дамытады[3].

2. Шығармашылық және қиялды дамыту

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін сюжеттік-рөлдік ойындар ерекше маңызды. Өз тәжірибемде «Дәрігер мен науқас», «Дүкен» сияқты ойындардың балалардың өз ойын еркін жеткізуіне, қиялын дамытуына көмектесетінін байқадым[4].

3. Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылар

Ойын – балаларға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ортақ шешім қабылдауға, өзара көмек көрсетуге мүмкіндік беретін құрал.

Мен тәрбиеші ретінде олардың өзара сөйлесуіне, ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мән беремін. Ойын барысында балалар өз эмоцияларын басқаруды, өзара құрмет көрсетуді үйренеді[5].

4. Эмоциялық даму

Менің тәжірибемде кейбір балалар эмоцияларын ашық білдіруге қиналады. Мұндайда арнайы эмоциялық ойындар олардың ішкі күйін түсінуге көмектеседі. «Көңіл-күй смайликтері» ойыны арқылы балалар өз сезімдерін еркін білдіре алады, ал «Қуанышты хат» ойыны бір-біріне жылы сөз айтуға үйретеді[6].

Ойын түрлері және олардың бала дамуына әсері

Ойынның бала дамуына әсерін толық түсіну үшін оның түрлеріне тоқталу қажет.

Сюжеттік-рөлдік ойындар

Бұл ойындар баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Менің байқауымша, балалар дәрігер, мұғалім, сатушы сияқты рөлдерді ойнағанда өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Құрылымдық ойындар

Құрылымдық ойындар (мысалы, құрастыру, мозаика) балалардың кеңістіктік ойлау қабілетін жақсартады. Құрастыру ойындары баланың қиялын дамытуға, жаңа идеяларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Қозғалыс ойындары

Дене шынықтыру ойындары моториканы дамытып, үйлесімді қимылдауға үйретеді. Мен балалармен «Қарлығаш», «Соқыртеке» сияқты ойындарды жиі ойнаймын, бұл олардың физикалық дамуына оң әсер етеді.

Дидактикалық ойындар

Оқу үдерісіне арналған ойындар баланың танымдық қабілетін дамыту үшін маңызды. «Санамақ», «Жұмбақ шешу» секілді ойындар баланың ойлау қабілетін, есте сақтауын жақсартады.

Ән-күй және театр ойындары[7].

Балалар үшін ән айтып, би билеу, театр ойнау – шығармашылық дамудың бір жолы. Мен олардың өз эмоцияларын еркін білдіруіне мүмкіндік беру үшін осындай ойын түрлерін жиі қолданамын.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын қолдану

Балалардың жан-жақты дамуы үшін мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын тиімді қолдану маңызды

рөл атқарады. Балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісін ойын арқылы ұйымдастыру – тәрбиешінің негізгі міндеттерінің бірі. Ойын – тек көңіл көтеру емес, сонымен қатар баланың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамыту құралы[8].

Мен балалармен жұмыс істеген кезде, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын әдістерін таңдаймын. Әр баланың қызығушылығын оятып, оны белсенді қатысуға ынталандыру үшін ойын технологиялары белгілі бір педагогикалық қағидаларға негізделуі керек[9].

·Белсенділік қағидасы – бала ойын барысында өзін еркін сезінуі керек.

·Қызығушылық қағидасы – ойын баланың қызығушылығын оятуы қажет.

·Дамытушылық қағидасы – әр ойын баланы жаңа нәрсеге үйретуі тиіс.

Балаларға ойын арқылы білім берудің тиімділігін арттыру үшін заманауи ойын технологияларын қолдану өте маңызды. Мысалы, интерактивті тақталар мен мультимедиялық ойындар балалардың танымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі[10].

Қорытынды

Ойын – баланың жан-жақты дамуының басты құралы. Ол тек қана көңіл көтеру емес, сонымен қатар баланың интеллектін, эмоциялық тұрақтылығын, әлеуметтік бейімделуін дамытудың негізі. Ойын барысында бала қоршаған ортаны танып, өз бетінше шешім қабылдауды үйренеді, өзін тұлға ретінде қалыптастырады. Сонымен қатар, ойын баланың қиялын дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Баланың бойында сенімділік, еркіндік және өз ойын ашық жеткізу қабілеттері де ойын арқылы қалыптасады. Әсіресе, мектепке дейінгі жаста бұл әдіс – баланы оқуға, қарым-қатынас жасауға, жаңа дағдыларды меңгеруге бейімдеудің ең тиімді жолы. Сондықтан балабақшада ойын әрекетін дұрыс ұйымдастыру – тәрбиешінің маңызды міндеті.

Ойын арқылы бала шынайы өмірге дайындалады, қоғамда өз орнын табуға үйренеді. Сюжеттік-рөлдік, дидактикалық, қозғалмалы және шығармашылық ойындар арқылы бала әлеуметтік дағдыларды меңгереді, логикалық ойлау қабілеті мен моторикасы дамиды.

Дұрыс таңдалған ойын түрлері баланың эмоционалдық тұрақтылығын арттырып, өзіндік қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Заманауи білім беру жүйесінде ойын технологияларын тиімді қолдану – балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырудың басты жолдарының бірі. Мен болашақта да ойын технологияларын дамытып, балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған жаңа әдістерді ізденіп, оларды тәжірибеме енгізуге тырысамын.

Ойын – бұл балаға берілген ең үлкен мүмкіндік, ал мен үшін – сол мүмкіндікті дұрыс бағыттау үлкен жауапкершілік. Әрбір баланың қабілетін ашу, оның дамуына оң әсер ету – менің кәсіби борышым. Осылайша, ойын арқылы мен балалардың болашағына үлес қоса алатыныма сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский, Л. С. Ойын және баланың дамуы. – Алматы: Ғылым, 2020.
2. Пиаже, Ж. Баланың интеллектін дамытудағы ойынның рөлі. – Астана:

Педагогика, 2019.

3. Эльконин, Д. Б. Дошкольная психология. – Москва: Педагогика, 1989.
4. Сухомлинский, В. А. Балалар әлемі және ойын. – Алматы: Мектеп, 2017.
5. Қазақ ұлттық тәрбие мектебі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы ойын технологиялары. – Алматы: Өрлеу, 2021.
6. Қожахметова, К. Ш. Мектепке дейінгі балалардың ойын арқылы дамуы. – Алматы: Білім, 2018.
7. Нұртазина, А. Мектепке дейінгі педагогика: теория және практика. – Астана: Назарбаев Университеті баспасы, 2020.
8. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. – Нұр-Сұлтан, 2022.
9. Фатхуллин, С. Ойын әдістерін пайдалану арқылы балалардың когнитивтік дамуын жетілдіру. – Алматы: Ұлағат, 2019.
10. Гогоберидзе, А. Г. Психолого-педагогические основы игровой деятельности детей дошкольного возраста. – Москва: Педагогика, 2016.

Ecers - 3 шкаласы бойынша балабақшада оқыту

**Айбергенова Жадыра Сағатқызы
Ақтау қаласы, «Тапым
balabaqshasy»**

Аңдатпа

Бұл мақалада ECERS-3 шкаласы бойынша балабақшада оқыту жүйесін ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. ECERS-3 (Early Childhood Environment Rating Scale – Third Edition) – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының сапасын бағалауға арналған халықаралық әдістеме. Мақалада ECERS-3 шкаласының негізгі критерийлері, оның ішінде физикалық орта, оқу үдерісі, тәрбиешімен мен бала қарым-қатынасы, әлеуметтік-эмоционалдық қолдау, денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері қарастырылады.

Сондай-ақ, балабақшаларда оқу бағдарламасын ECERS-3 стандартына сәйкестендіру, материалдық-техникалық базаны жабдықтау, педагогтардың біліктілігін арттыру және оқу ортасын тиімді ұйымдастыру жолдары талқыланады. Қазақстандық және халықаралық тәжірибелер салыстырылып, мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: ECERS-3 шкаласы, мектепке дейінгі білім беру, балабақша, оқыту сапасы, оқу ортасы, педагогикалық әдістер, әлеуметтік-эмоционалдық даму, танымдық іс-әрекет, ойын арқылы оқыту, тәрбиеші мен бала қарым-қатынасы.

Кіріспе

Мектепке дейінгі білім беру – баланың болашақ дамуы мен тұлғалық қалыптасуында шешуші рөл атқаратын маңызды кезең. Балабақшадағы оқыту сапасы мен оқу ортасының ұйымдастырылуы баланың танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық және физикалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан балабақшаларда оқу үдерісін халықаралық стандарттарға негіздей отырып жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

Мен тәрбиеші ретінде балалардың ыңғайлы, қауіпсіз, дамытушы ортада білім алуын қамтамасыз ету маңызды екенін түсінемін. Осы мақсатта мектепке дейінгі білім берудің сапасын бағалайтын ECERS-3 шкаласы (Early Childhood Environment Rating Scale – Third Edition) тиімді құрал ретінде кеңінен қолданылып келеді. Бұл шкала

балабақшаның физикалық жағдайын, оқу процесін, тәрбиеші мен балалар арасындағы қарым-қатынасты, әлеуметтік-эмоционалдық дамуды және қауіпсіздік шараларын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. [1].

ECERS-3 шкаласының маңыздылығы

ECERS-3 – мектепке дейінгі білім беру сапасын кешенді бағалайтын халықаралық әдістеме. Ол балабақшадағы білім беру ортасының баланың дамуына қаншалықты қолайлы екенін анықтауға көмектеседі. Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелердің көбі дәстүрлі оқыту әдістеріне негізделген, бірақ баланың жеке дамуын, қызығушылықтарын және эмоциялық қажеттіліктерін ескеретін жаңа әдістерді енгізу маңызды.

ECERS-3 шкаласы келесі 6 негізгі компоненттен тұрады:

Заттық дамытушы кеңістік ортасы – оқу кеңістігінің баланың жас ерекшелігіне сай жабдықталуы.

Бақылау және күтім жасау – баланың белсенділік танытуына мүмкіндік беретін әдістердің қолданылуы.

Өзара қарым-қатынас – педагогтың балалармен қалай қарым-қатынас жасайтынын, оларды қолдайтынын және ынталандыратынын бағалау.

Әлеуметтік-эмоционалдық қолдау – баланың өзін қауіпсіз сезінуіне, жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Денсаулық пен қауіпсіздік – санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы, балалардың физикалық қауіпсіздігі. Ата-аналармен және қоғаммен серіктестік – балабақша мен отбасы арасындағы байланыс деңгейі.

Менің ойымша, балабақшалар ECERS-3 шкаласына негізделіп жабдықталса, балалардың жан-жақты дамуы үшін ең қолайлы орта қалыптасады.

Балабақшадағы оқу үдерісін жетілдіру

Балабақшада сапалы білім беру үшін білім беру ортасы жан-жақты дамытушы сипатта болуы керек. Балалардың өз бетінше әрекет етуіне, зерттеулер жүргізуіне, шығармашылық қабілеттерін көрсетуіне жағдай жасау өте маңызды.

ECERS-3 шкаласына сәйкес, балабақшадағы оқу үдерісі:

Балалардың белсенділігін арттыруға бағытталуы керек.

Ойын арқылы оқыту әдістерін кеңінен қолдану қажет.

Балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыратын орта жасалуы тиіс.

Балаларды аймақтарға бөлу, математика, жаратылыстану, сурет салу, қол моторикасы, театр аймағына бөлу арқылы әр түрлі балалар қызыға орындайтын тапсырмалар ұйымдастыру қажет.

Мен өз тәжірибемде ECERS-3 шкаласы бойынша оқыту әдісінің балалардың танымдық қызығушылығын арттыратынын байқадым. ECERS-3 шкаласы барысында балалар өз бетінше шешім қабылдап, тәжірибе жасайды, зерттейді және әлемді таниды. Сондықтан ECERS-3 шкаласына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыруда ойындар маңызды орын алуы керек.

Педагогтың рөлі және біліктілігі

ECERS-3 шкаласы бойынша балабақшадағы оқыту сапасын арттыру үшін педагогтардың кәсіби дамуы маңызды факторлардың бірі. Тәрбиеші тек ақпарат беруші ғана емес, балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасайтын жетекші болуы тиіс.

ECERS-3 шкаласы тәрбиеші келесі талаптарды қояды:

Балалармен жылы, сенімді қарым-қатынас орнату.

Әр баланың жеке ерекшелігін ескеру, олардың дамуын қолдау.

Зерттеу мен шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар ұйымдастыру.

Ойын және диалогтық әдістерді қолдану.

Мен өз жұмысымда балалардың еркін ойлауына, жаңа нәрселерді зерттеуіне және өз ойын ашық айтуына мүмкіндік беретін әдістерді қолдануға тырысамын. ECERS-3 шкаласы осы талаптарды күшейтіп, педагогтың рөлін жан-жақты дамытушы бағытқа бұруға мүмкіндік береді.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы

ECERS-3 шкаласының тағы бір маңызды аспектісі – балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына қолдау көрсету. Бала балабақшада өзін қауіпсіз сезінсе, оның оқу процесіне деген қызығушылығы жоғары болады.

Осыған байланысты ECERS-3 шкаласы келесі талаптарды қояды:

Балалар арасында достық қарым-қатынас орнатуға көмектесу.

Балалардың эмоцияларын дұрыс

білдіруіне және реттеуіне қолдау көрсету.

Балаларға таңдау еркіндігін беру, олардың қызығушылықтарын ескеру.

Мен өз тәжірибемде баланың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы оның оқу жетістіктеріне үлкен әсер ететінін байқадым. Балалар өздерін жайлы сезінгенде, олар жаңа ақпаратты тез қабылдайды, басқа балалармен жақсы қарым-қатынас орнатады, өзіне сенімді болады. Сондықтан ECERS-3 шкаласын балабақшада енгізу балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

ECERS-3 шкаласын мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне енгізу балабақшадағы оқыту сапасын арттырып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Бұл шкала білім беру ортасын кешенді бағалауға және оны үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді. [3].

Мен мұғалім ретінде ECERS-3 шкаласының негізгі принциптерін күнделікті тәжірибемге енгізуге тырысамын. Бұл балалардың өзіндік ойлау дағдыларын, шығармашылығын, әлеуметтік дағдыларын және эмоциялық тұрақтылығын дамытуға көмектеседі.

Келесі бөлімде ECERS-3 шкаласының балабақшадағы оқыту жүйесіне әсері, оны енгізу әдістері және кездесетін қиындықтар туралы толық талдау жасаймыз.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесі балалардың жан-жақты дамуына бағытталған. Баланың интеллектуалдық, физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы балабақшадағы оқыту сапасына тікелей байланысты. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру, оқу ортасын балаға қолайлы етіп жасау, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Мен тәрбиеші ретінде балалардың өздерін қауіпсіз сезініп, еркін ойнап, үйренуіне мүмкіндік беретін дамытушы орта құрудың маңыздылығын жақсы түсінемін. Осы тұрғыда ECERS-3 (Early Childhood Environment Rating Scale – Third Edition) шкаласы мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалауға және жетілдіруге көмектесетін тиімді әдістемелік құрал болып табылады. [4].

ECERS-3 шкаласының құрылымы және оның балабақшадағы рөлі

ECERS-3 шкаласы – мектепке дейінгі білім беру сапасын жан-жақты бағалау үшін қолданылатын халықаралық әдістеме. Ол балабақшадағы оқу үдерісін, физикалық ортаны, тәрбиеші мен бала арасындағы

қарым-қатынасты, әлеуметтік-эмоционалдық қолдауды және денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін бағалауға мүмкіндік береді.

ECERS-3 шкаласы келесі негізгі компоненттерден тұрады:

Физикалық орта

Балабақшадағы физикалық орта – балалардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор.

Оқу бөлмелерінің кең, жарық, таза болуы.

Балалардың ойнауына, зерттеу жүргізуіне және шығармашылықпен айналысуына жағдай жасалған арнайы бұрыштардың болуы.

Ойыншықтар мен оқу құралдарының балаларға қолжетімді болуы.

Менің тәжірибемде балаларға арналған дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыратынын байқадым. Балалар әртүрлі аймақтарда (ойын бұрышы, оқу аймағы, эксперименттік зерттеу бұрышы) өз бетінше әрекет еткенде, олардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық ойлауы қарқынды дамиды.

Оқу үдерісі және оқыту әдістері

ECERS-3 шкаласы бойынша балабақшада оқу үдерісі келесі талаптарға сәйкес болуы керек:

Баланың белсенділігіне негізделуі тиіс – тәрбиеші тек ақпарат беруші емес, балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасаушы болуы қажет.

Ойын арқылы оқыту – балалар ойнап жүріп үйренеді, сондықтан оқыту барысында ойын әдістерін пайдалану маңызды.

Баланың жеке ерекшелігін ескеру – әр баланың қызығушылығын, даму деңгейін назарға алу қажет.

Мен өз тәжірибемде балаларды ECERS-3 шкаласы бойынша аймақтарға бөлу арқылы балалардың жан-жақты дамып, қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекетті өз қалаған іспен қалағанша айналыса алады, балалардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік беретінін байқадым. Балалар логикалық тапсырмалар, құрастыру ойындары, эксперименттер арқылы жаңа ақпаратты тез қабылдайды.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас

Балабақшадағы тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас ECERS-3 шкаласының маңызды критерийлерінің бірі.

Тәрбиеші балалармен жылы, сенімді қарым-қатынас орнатуы тиіс.

Баланың пікірін тыңдап, оның қызығушылығына мән беру маңызды.

Тәрбиеші балалардың өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беруі керек.

Мен өз тәжірибемде балаларға еркіндік берген кезде олардың өзіндік ойлау қабілеті дамып, жаңа нәрселерді үйренуге деген ынтасы арта түсетінін байқадым. Сондықтан балалардың ойындарын, пікірлерін қолдап отыру, олардың өздеріне деген сенімін арттыру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі.

ECERS-3 шкаласы бойынша оқытуда қолданылатын әдістер

ECERS-3 шкаласы бойынша оқыту балалардың белсенділігін арттыратын және олардың танымдық қабілеттерін дамытатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Ойын арқылы оқыту

Ойын – балалардың табиғи іс-әрекеті. Сондықтан оқытуда ойын әдістерін қолдану балалардың білімді жеңіл әрі қызықты қабылдауына көмектеседі.

Рөлдік ойындар – балалар белгілі бір мамандық иелерін сомдай отырып, өмірлік дағдыларды меңгереді.

Құрылымдық ойындар – LEGO, конструкторлар арқылы балалардың логикалық ойлауы дамиды.

Дидактикалық ойындар – арнайы оқу тапсырмаларын ойын түрінде беру арқылы оқытуды жеңілдету.

Интерактивті оқыту әдістері

Мультимедиялық ресурстарды қолдану – балаларға тақырыпқа байланысты анимациялық фильмдер, интерактивті ойындар ұсыну.

Тәжірибелер мен зерттеу жұмыстары – балаларға қоршаған ортаны зерттеуге арналған тапсырмалар беру.

Мен өз жұмысымда балалардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру үшін сандық технологияларды белсенді қолданамын. Интерактивті сабақтар балаларды белсенді оқуға ынталандырып, олардың жаңа ақпаратты тез қабылдауына мүмкіндік береді. [5].

ECERS-3 шкаласын енгізу барысында кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары

ECERS-3 шкаласын балабақшаларға енгізу барысында бірнеше қиындықтар туындауы мүмкін:

Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі – дамытушы ойын құралдарының, интерактивті жабдықтардың жетіспеуі.

Тәрбиешілердің жаңа әдістерге бейімделуі – кейбір педагогтар дәстүрлі әдістерден бас тартып, жаңа әдістерді қолдануда қиындық көруі мүмкін.

Ата-аналардың бұл жүйенің маңыздылығын толық түсінбеуі. Бұл қиындықтарды шешу үшін: Балабақшаларды заманауи оқу құралдарымен жабдықтау қажет. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру маңызды.

Ата-аналармен серіктестікті нығайту, оларға ECERS-3 шкаласының пайдасын түсіндіру қажет.

ECERS-3 шкаласы балабақшадағы білім беру сапасын жақсартуға, балаларға қолайлы дамытушы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйені енгізу балалардың танымдық белсенділігін, әлеуметтік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мен мұғалім ретінде ECERS-3 шкаласының қағидаларын тәжірибемде қолдану арқылы балабақшадағы білім беру сапасын жақсартуға үлес қосуға тырысамын. Балалардың өзіндік пікірін білдіруіне, зерттеу жүргізуіне, ойын арқылы үйренуіне мүмкіндік беру – олардың болашақ білім алуына мықты негіз қалайды.[6].

Қорытынды

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесі балалардың жан-жақты дамуына бағытталған. Балабақшадағы білім беру сапасы, оқу ортасының ұйымдастырылуы және мұғалімнің педагогикалық шеберлігі баланың когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалдық және физикалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан оқу процесін халықаралық стандарттарға сай жетілдіру маңызды. Осы орайда, ECERS-3 шкаласы (Early Childhood Environment Rating Scale – Third Edition) мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға арналған тиімді құрал болып табылады.

Мен тәрбиеші ретінде балалардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы оқу ортасын құрудың маңыздылығын түсінемін. ECERS-3 шкаласының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі баланың тек теориялық білім алуын ғана емес,

оның өз бетінше ойлауына, зерттеу жүргізуіне, проблемаларды шешу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

ECERS-3 шкаласын енгізудің артықшылықтары

ECERS-3 шкаласы балабақшадағы оқу ортасын ұйымдастырудың тиімді жолдарын ұсынады. Оның негізгі артықшылықтары:

Физикалық ортаны жақсарту – оқу кеңістігінің балаға ыңғайлы, қауіпсіз және дамытушы сипатта болуы.

Балалардың белсенділігін арттыру – оқу процесінде балалардың өз бетімен әрекет етуіне мүмкіндік беру.

Ойын арқылы оқыту – білімді тәжірибе жүзінде меңгеруге жағдай жасау.

Мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту – педагогтың балалармен диалог жүргізу дағдыларын жетілдіру.

Әлеуметтік-эмоционалдық дамуды қолдау – балалардың өзін жайлы сезініп, өз ойын еркін білдіруіне мүмкіндік беру.

Менің тәжірибемде ECERS-3 шкаласының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу ортасы балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыратынын байқадым. Егер бала өзін қауіпсіз, еркін сезінсе, ол өз бетінше жаңа нәрселерді зерттеп, шығармашылық тұрғыда ойлауға дағдыланады.

ECERS-3 шкаласы бойынша оқытудың болашағы

Қазақстанда ECERS-3 шкаласын енгізу мектепке дейінгі білім беру жүйесінің сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Бұл жүйені сәтті енгізу үшін келесі қадамдарды жүзеге асыру қажет:

Балабақшаларды қажетті оқу құралдарымен жабдықтау – ойыншықтар, оқу материалдары, интерактивті құрылғылардың болуы маңызды.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру – ECERS-3 шкаласының талаптарына сай тренингтер, семинарлар ұйымдастыру.

Ата-аналармен серіктестікті нығайту – ата-аналарға балабақшадағы жаңа әдістердің маңыздылығын түсіндіру.

Балалардың өзіндік белсенділігін арттыру – оларды еркін ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету.

Мен мұғалім ретінде ECERS-3 шкаласының негізгі қағидаларын күнделікті тәжірибемде қолдануға тырысамын.

Бұл балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың өзіндік ойын еркін білдіруіне, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ECERS-3 шкаласы бойынша ұйымдастырылған оқу процесі балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырады. Сондықтан балабақшаларда бұл шкаланы енгізу – мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы.

Мен мұғалім ретінде балалардың өзіндік пікірі қалыптасқан, еркін ойлай алатын, белсенді тұлға болып өсуіне үлес қосу – менің басты міндетім деп санаймын. Осы мақсатта ECERS-3 шкаласының негізгі принциптерін қолдану арқылы балабақшадағы білім беру жүйесін жетілдіруге барынша атсалысамын.

ECERS-3 шкаласын тиімді қолдану арқылы біз балалардың танымдық дағдыларын дамытып, олардың болашақтағы табысты оқуына негіз қалап, қоғамға бейімделген, жан-жақты дамыған тұлғалар тәрбиелей аламыз. Бұл – біз, педагогтар, атқаруға тиіс маңызды міндеттердің бірі. [7].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (2021). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (2019). Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің негізгі қағида ттары. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

3. "Өрлеу" Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы (2022). ECERS-3 шкаласын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. Алматы.

4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасы (2020-2025). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

5. Ecers-3 шкалаларын қолдана отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру ортасының сапасын бағалау бойынша әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodic_heskie_razrabotki/2022/MR_030522_kaz.pdf

Мектепке дейінгі ұйымда сапалы тәрбие мен білім беруде заттық - кеңістік дамытушы ортаның рөлі

Жұматай Ақселеу Нуетжанқызы

Кіріспе

Мектепке дейінгі білім беру – баланың өмірінде маңызды кезең, себебі осы кезеңде тұлға ретінде қалыптасудың негізгі негіздері қаланады. Осы кезеңде баланың ақыл-ойы мен шығармашылық қабілеттері, әлеуметтенуі мен мінез-құлқы қалыптасады. Балабақшада білім беру мен тәрбие процесі тек мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби шеберлігіне ғана емес, сонымен қатар заттық-кеңістіктің дұрыс ұйымдастырылуына да тікелей байланысты. Заттық-кеңістік, яғни оқу, ойын, демалу және басқа да іс-шаралар үшін арналған ортаның баланың дамуына әсер етуі маңызды. Бұл мақалада заттық-кеңістіктің баланың жеке тұлғасының дамуына, оның мінез-құлқына, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларына және өзін-өзі тануға әсері қарастырылады.

Балабақшада заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру мәселесі біркатар белгілі психологтар мен педагогтар зерттеген. (О.В. Артамонова, Т.Н.Доронова, Л.М. Кларина, В.И. Логинова, С.Л. Новоселова, Г.Н. Пантелеев, Л.Н. Пантелеева, Л.А. Парамонова, В.А. Петровский, Л.А. Смывина, Л.П. Стрелкова)[1]

Дамытушы ортаны құрудың зерттелген ұстанымдарын айта келе, авторлар мынадай тұжырым жасады: «Балалар мекемелерінде ортаны ұйымдастыру осы аймақпен тарихи байланысты фольклор элементтері бар сәндік-қолданбалы кәсіпшілік мәдениеттің аймаққа тән ерекшеліктеріне де негізделеді. Бұл, сөз жоқ, балалардың отаншылдығын, өзінің туған жері үшін мақтаныш сезімін, «шағын отан» туралы түсініктері мен оған деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға көмектеседі» [2]

Заттық-кеңістік дамытушы орта және оның маңызы

Заттық-кеңістік дамытушы орта – балаларға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділік және бала немен айналысатынын өз бетінше таңдап, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, баланың бастамасын қолдау үшін жоспаланған әртүрлі материалдары бар орта.

Балабақшадағы барлық физикалық

ортаның жиынтығы, оның ішінде бөлмелер, жиһаздар, оқу құралдары, ойыншықтар, оқу материалдары мен көрнекі құралдар. Бұл кеңістік баланың оқу мен ойлау процесін дамытуға ықпал етеді. Заттық-кеңістікті дұрыс ұйымдастыру балаға ғана емес, тәрбиешілерге де жұмыс процесін тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру баланың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуында маңызды рөл атқарады. Мысалы, кеңістік баланың белсенді әрекетін ынталандырып, оның қоршаған әлемді түсінуіне, проблемаларды шешуіне және өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дамыту ортасын ұйымдастырып жасақтауда бала дамуындағы маңызды рөл басшылыққа ала отырылып ұйымдастырылады және онда бала өзін еркін сезіне алуына, денсаулығына нұқсан келтірілмеуіне, дүниетанымын кеңейтуге қолайлы жағдай туғызуға аса көп мән беріледі. Ұйымдастырылған дамытушы орта ыңғайлы болуы керек және баланың айнала қоршаған әлеммен байланысын айқындатуына септігін тигізу керек [3].

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құрудағы принциптер

Жеке ерекшеліктерді ескеру

Балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және жеке дамуын ескере отырып, ортаны ұйымдастыру маңызды. Мысалы, кіші топтағы балалар үшін түрлі ойыншықтар мен түсті заттар, ал ересек топтағы балалар үшін күрделі құрылғылар мен танымдық тапсырмалар ұсынылады.

Әр түрлі әрекеттер үшін арнайы кеңістіктер

Балабақшадағы кеңістік оқу, ойын, шығармашылық, демалыс сияқты әртүрлі әрекеттерді қолдайтындай ұйымдастырылуы тиіс. Әр топта бала өз қызығушылығы мен қажетіне қарай әртүрлі әрекет түрлерін таңдай алатындай жағдай жасалуы керек. Көрнекі құралдардың қолжетімділігі

Балалардың өзара әрекет етуі, ойындары мен оқу құралдарының жас ерекшелігіне сәйкес болуы оларды қызықтырады және дамуына ықпал етеді.

Табиғатпен байланыстыру – заттық кеңістікке табиғи элементтерді енгізу баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Өсімдіктер, табиғи материалдар (ағаш, тас, топырақ) баланың қоршаған әлемді түсінуіне және оған деген құрметін қалыптастыруға көмектеседі.

Шығармашылыққа арналған кеңістіктер – шығармашылық дамуы үшін арнайы орындар мен материалдар болуы қажет. Сурет салу, мүсіндеу, музыкалық іс-шаралар балаға өз-өзін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік және қолайлылық – бала үшін ортаның қауіпсіз әрі қолайлы болуы өте маңызды. Баланың жасына қарай түрлі құралдар мен жиһаздардың қауіпсіз болуы олардың психологиялық және физикалық дамуына оң әсер етеді.

Заттық кеңістік дамытушы ортаның дұрыс ұйымдастырылуы балалардың өзіне сенімді, шығармашылық қабілеттері жоғары, әлеуметтік дағдылары мен эмоциялық тұрақтылығы жақсы дамыған жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. ECERS-3 шкаласы осы ортаны тиімді бағалау үшін құнды құрал болып табылады.

ECERS-3 шкаласы (Early Childhood Environment Rating Scale) – бұл балабақша мен басқа да мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің оқу ортасын бағалауға арналған құрал. Бұл шкала балалардың даму жағдайларын терең зерттей отырып, тәрбиешілердің жұмысын, оқу материалының сапасын, педагогтардың әдіс-тәсілдерін және балалардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайларын бағалауға мүмкіндік береді. Шкаланың көмегімен балабақшаның әр түрлі аспектілерінде проблемалар анықталып, оларды шешу жолдары көрсетіледі.

ECERS-3 шкаласын қолданудың тиімділігі

1. Оқытудың сапасын арттыру ECERS-3 шкаласын қолдану оқыту процесінің барлық кезеңдерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Шкаланың әр түрлі көрсеткіштері балабақшадағы оқу ортасын жақсартуға мүмкіндік беріп, педагогтар мен тәрбиешілердің өз жұмысын кәсіби тұрғыда жетілдіруіне септігін тигізеді. Мұғалімдер өз жұмысын қайта қарап, балалардың қызығушылығын арттыру үшін жаңа тәсілдер қолдануға ынталы болады.

2. Педагогтардың кәсіби даму деңгейін көтеру Бұл шкала педагогтарға өздерінің жұмысын бағалау мен жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстар береді. Осының нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасалады. Тәрбиешілер әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы балаларға барынша тиімді білім беру жолдарын іздейді.

3. Балалардың дамуына қолайлы жағдай жасау ECERS-3 балабақшада балалардың жеке қажеттіліктерін ескеретін оқыту ортасын құруға ықпал етеді. Әрбір бала үшін білім беру және тәрбиелеу жағдайларын арнайы түрде ұйымдастыру – баланың шығармашылық, танымдық, әлеуметтік және эмоциялық дамуына оң әсер етеді.

4. Оқу процесін үздіксіз бақылау Шкаланың қолданылуы балабақшадағы оқу процесін үнемі бақылап, уақытылы түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Әрбір кезеңде белгілі бір нәтижелерді бағалау мен олардың негізінде шешімдер қабылдау оқу үрдісінің сапасын арттырады.

ECERS-3 шкаласын қолдану процесі

Біздің Ақтау қаласы «Таным балабақшасы» ECERS-3 шкаласын енгізу барысында алдымен осы құралды толық зерттеп, оның барлық категориялары бойынша педагогтармен және әкімшілікпен бірлесіп жұмыс жүргіздік. Бастапқы кезеңде әрбір категория бойынша критерийлерді түсіндіріп, балабақша педагогтарына оны қалай жүзеге асыруға болатыны туралы семинарлар өткізілді. Балабақша педагогтары арасында тәжірибе алмасу – кәсіби дамудың маңызды бір кезеңі. Аптаның бір күнін ECERS-3 шкаласын оқып, талқылауға арнау, бізге өз жұмыстарымызды жетілдіруге және жаңа әдіс-тәсілдермен танысуға мүмкіндік береді. Бұл шаралардың нәтижесінде балабақшада ұйымдастырылған іс-әрекеттер әр баланың қызығушылығы мен қабілетіне сай болуы үшін үздіксіз өзгеріп, жетілдірілуде. Осы процестің алғашқы кезеңінде мен топтың көлеміне қарай әртүрлі аймақтарды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлдім. Әр аймақтың шулы, тыныш және қызығушылық аймақтарға бөлінуі баланың жеке дамуына ықпал етіп, оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Әр аймақтағы құралдар мен жабдықтар біркелкі, әрі ашық түрде орналасып, баланың өз мүмкіндіктерін толық ашуына жол ашылады.

Оқу материалдары, көрнекі құралдар, шығармашылық жұмыс үшін қажетті заттар бала үшін көрнекі түрде қолжетімді болуы тиіс. Балалар өздері қызыққан нәрселермен еркін жұмыс істей алуы үшін материалдардың ұйымдастырылуы өте маңызды.

Табиғат пен қоршаған ортаға ықпал ету

Заттық-кеңістікке табиғат элементтерін енгізу де өте маңызды. Жасыл өсімдіктер, табиғи материалдар (ағаш, тас, құм), анимациялық тақырыптар арқылы баланың қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен қамқорлық сезімін қалыптастыруға болады.

Шығармашылыққа арналған кеңістіктер

Бала шығармашылығын дамыту үшін әртүрлі өнер түрлерін – сурет салу, мүсін жасау, музыка тыңдау және орындау, театрлық ойындар үшін арнайы кеңістіктер болуы керек. Мұндай орталар баланың өзін-өзі білдіруіне, қиялын дамытуына ықпал етеді.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаның баланың дамуындағы рөлі

Баланың жеке тұлғасының дамуы көпқырлы процесс. Бұл процесс психоәлеуметтік, когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік дамуды қамтиды. Заттық кеңістіктің әрбір элементі осы даму аспектілерін қолдайды, оны әрбір жас кезеңінде белгілі бір бағытта жүзеге асырады.

Қоршаған орта және баланың өзіндік танымын дамыту

Бала өзінің қоршаған ортасын зерттей отырып, өзіндік түсінік қалыптастырады. Оқу бөлмесіндегі құралдар, ойын аймақтары, табиғат элементтері – бәрі де балаға әлемді тануға көмектеседі. Мысалы, ойыншықтар мен құрылыс материалдары арқылы бала өз ой-санасын дамытады, өз әрекеттерінің нәтижелерін көріп, бағалай алады. Бала өз-өзіне сұрақ қойып, оны шешу жолдарын іздейді, жаңа нәрселерді үйренеді. Осы арқылы бала өзіндік «Мен» түсінігін қалыптастырып, өзінің орнын және мүмкіндіктерін сезінеді.

Әлеуметтік қарым-қатынасты дамыту

Заттық кеңістік баланың әлеуметтік дамуында да маңызды рөл атқарады. Қоршаған ортадағы балалардың бірлескен әрекеттері, ойындар мен тапсырмалар балаға әлеуметтік дағдыларды үйретеді. Әртүрлі ойын аймақтары мен топтық іс-шаралар балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Мысалы, ортақ ойын алаңдарында балалар өзара әрекеттесіп, келісімге келеді, ортақ мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істейді. Бұл процессте бала

коммуникативті дағдыларын дамытады, өз пікірін айтуға, басқалардың пікірін тыңдауға үйренеді.

Заттық кеңістік сондай-ақ, баланың әлеуметтік ролдер мен жауапкершіліктерді түсінуге ықпал етеді. Қандай да бір ойын немесе тапсырма кезінде баланың нақты міндеттерді орындауы оған топтық жұмысқа бейімделуге, басқалардың қажеттіліктеріне жауап беруге үйретеді. Бұл әлеуметтендіру процесі баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда өте маңызды кезең болып табылады.

Эмоционалды және психологиялық даму

Заттық кеңістік баланың эмоционалды дамуында да айтарлықтай рөл атқарады. Қоршаған орта баланың эмоциялық жағдайына әсер ете отырып, оның өзін-өзі бағалау деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, үйірмелер немесе шығармашылық бөлмелері арқылы бала өз эмоцияларымен жұмыс істей алады, өз сезімдерін білдіру арқылы ішкі әлемін таниды. Қоршаған ортадағы оң атмосфера, ыңғайлы орындар мен тыныштық балаға өз эмоцияларын басқаруға және өзін жайлы сезінуге ықпал етеді.

Балаға сәйкес атмосфераны жасау, оның көңіл күйіне қарай әр түрлі заттарды қолдану, шығармашылық әрекеттерге мүмкіндік беру балада сенімділік пен тұрақтылықты қалыптастырады. Қоршаған ортадағы эстетикалық элементтер, түстер, жарық, тыныштық немесе керісінше белсенді ойын аймақтары – бәрі де баланың эмоционалды жағдайын қалыптастыруға әсер етеді.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту

Заттық кеңістік баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Әртүрлі оқу және ойын құралдары арқылы бала өз қиялын еркін дамыта алады. Конструкторлар, сурет салу құралдары, мүсіндеу материалдары сияқты заттар баланың шығармашылық ойлауын, ізденуін және өзіндік идеяларын дамытуға мүмкіндік береді. Шығармашылық жұмыстар барысында бала тек қана физикалық әрекет жасап қоймай, өз ішкі әлемін түсініп, оны сыртқа шығаруға дағдыланады. Бұл процесс баланың тұлғасын жан-жақты дамытуға әсер етеді. Заттық кеңістікті ұйымдастырудың негізгі принциптері

Әр жас ерекшелігіне сай құрылым – балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес заттық кеңістік ұйымдастырылуы тиіс.

Тақырыпқа сай тапсырмаларды орындау барысында әр аймақтың функциясы мен мақсаты айқын көрінеді, бұл өз кезегінде балалардың назарын аударып, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына септігін тигізеді. Аймақтарды ұйымдастырудағы әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға тырысамыз. Баланың қызығушылығын, идеяларын көргенде, мен үшін ең маңызды мақсат орындалды деп есептеймін.

Өз тәжірибемдегі нәтижелер

Заттық кеңістікті дамытушы ортаны қолдану барысында мен байқаған бірнеше маңызды нәтижелер бар:

Балалардың оқу процесіне деген қызығушылығы артты. Шығармашылық аймақтар мен ойын құралдары балаларды белсенді түрде оқу мен зерттеуге тартты.

Әлеуметтік дағдылардың дамуы. Топтық іс-шаралар кезінде балалар бір-бірімен өзара әрекет етуге, келісімге келуге, басқалардың пікірін ескеруге үйренді.

Эмоционалды даму. Балалардың эмоционалдық жайлылығы артты, олар өздерінің сезімдерін басқаруға және басқа балалармен тиімді қарым-қатынас жасауға бейімделді.

Шығармашылық қабілеттердің дамуы. Балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарында көркемдік, логикалық ойлау қабілеттерін көрсетті.

Қорытындылай келе, заттық-кеңістік дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттырады. Менің тәжірибемде балалардың жеке тұлғасының қалыптасуы, шығармашылық қабілеттерінің дамуы және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуы осы ортаның дұрыс құрылуына байланысты болды. Сондықтан, балабақшадағы заттық кеңістікті дұрыс ұйымдастыру – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды фактор

болып табылады. Болашақта да осы бағытта жұмыстарымды жалғастырып, балаларға қолайлы орта қалыптастыруды жоспарлап отырмын.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны дамыту бойынша ұсыныстар

Әр бөлменің мақсатқа бағытталған болуы – әрбір топтың, ойын бөлмесінің және шығармашылық алаңының арнайы ұйымдастырылуы, яғни ол тек арнайы әрекеттерге арналып, балалардың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Материалдардың сапасы мен саны – оқу және ойын материалдары сан мен сапа жағынан жеткілікті, әртүрлі болуы қажет. Балаға өз қызығушылығына сай материал таңдау мүмкіндігі берілуі керек.

Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер – қоршаған ортаны жыл мезгілдеріне қарай өзгертіп отыру (мысалы, қыс мезгілінде қармен ойын, жазда гүлдер мен көкөністер отырғызу) балалардың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастырады.

Баланың толыққанды дамуы үшін осы ортаның дұрыс ұйымдастырылуы өте маңызды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық кеңістікті дамыту арқылы балалардың өмірлік дағдылары мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға зор мүмкіндік бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Данашева А. Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі // Бастауыш мектеп. — 2009. — № 10.

2 Петровский В.А., Кларина Л.М., Смывина Л.А., Стрелкова Л.П. Построение развивающей среды в дошкольном учреждении. — М.: Новая школа, 1993. Репозиторий КарГУ Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны Серия «Педагогика». № 1(81)/2016 31

3 Нұсқабаев О. Мектеп — жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. — Алматы: Қазақстан, 1997.

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамытудың тиімді жолдары

Сартаева Қалданай Джанбыровна
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
«Тапым balabaqshasy» мекемесі
Тәрбиеші

Аңдатпа.

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамытудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Түйін сөздер: балалар, логикалық ойлау, балаларды дамыту, ойын.

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі болашақ. Сондықтан да қазірден бастап баланың дамуы мен ойлау дәрежесін арттыра отырып білім беруге дағдылануымыз қажет. Балабақшадан бастап баланың ойлау қабілетін арттыратын әдіс-тәсілдерді қолдана білуіміз қажет. Өйткені кезінде ата-бабаларымыз: «балаға жас күнінде берілген білім – тасқа қашалғанмен бірдей» деп айтып өткен болатын. Сондықтан да ойлау дәрежесін арттыратын жаттығулар мен тапсырмаларды бала күнінен бастап санасында қалыптастырған жөн. Логикалық ойлау – баланың қоршаған ортаны тануы мен түсінуіне, шешім қабылдауына, жаңа ақпаратты меңгеруіне көмектесетін маңызды қабілеттердің бірі. Бұл қабілет мектеп жасына дейінгі кезеңде қарқынды дамиды және болашақта табысты оқу мен шығармашылық жетістіктердің негізін қалайды. Баланың логикалық ойлауын дұрыс дамыту үшін тәрбиешілер мен ата-аналар тиімді әдістер мен арнайы тапсырмалар қолдануы қажет.

Логикалық ойлаудың дамуы баланың:

- Ақыл-ой қабілетін жетілдіреді.
- Қоршаған ортадағы құбылыстарды дұрыс түсінуіне көмектеседі.
- Проблемаларды шешу дағдысын қалыптастырады.
- Өз ойын анық әрі жүйелі жеткізуін дамытады.
- Сабақ үлгеріміне және шығармашылық қабілеттеріне оң әсер етеді.

Бұл дағдылар мектепке дейінгі кезеңде белсенді түрде дамитындықтан, баланы кішкентай кезінен логикалық ойындарға, тапсырмаларға баулу маңызды. Логикалық ойлауды дамытудың тиімді әдістерінің бірі – ойын. Баланың логикасын дамытатын ойын түрлері:

Дидактикалық ойындар – салыстыру, топтастыру, сәйкестендіру сияқты логикалық

дағдыларды жетілдіреді. Мысалы: «Артық затты тап», «Қайсысы үлкен?» деген сияқты сұрақтар баланың заттарды салыстыра отырып ойлану қабілетін жетілдіреді.

- Құрастыру және пазлдар – логикалық ойлау мен кеңістікті қабылдау қабілеттерін жақсартады.

- Рөлдік ойындар – балаларға шешім қабылдауды және ойлануды үйретеді.

Балаларға арнайы логикалық тапсырмалар беру арқылы олардың ойлау қабілетін дамытуға болады.

- Жұмбақтар мен ребустар – ойлау жылдамдығын арттырады, тапқырлыққа баулиды.

- Салыстыру тапсырмалары – мысалы, «Бұл заттар несімен ұқсайды?» немесе «Бұл заттардың айырмашылығы қандай?»

- Топтастыру және жіктеу – мысалы, «Артық затты тап», «Түрлі түсті пішіндерді топтастыр». Математикалық ойындар баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі құралдарының бірі.

- Сандармен ойындар – сандарды ретімен орналастыру, азайту мен қосу.

- Геометриялық фигуралармен ойындар – пішіндерді ажырату, дұрыс сәйкестендіру.

- Сандық қатарларды жалғастыру – «1, 2, 3, ... келесі қандай сан?»

- Қарапайым арифметикалық есептер – логиканы дамытуға көмектеседі.

Көрнекі түрде ойлау баланың логикалық қабілеттерін жетілдіреді. Сондықтан бұл тәсілге суретпен жұмыс жасау мен лабиринттер тиімді болып табылады. Лабиринттегі дұрыс жолды табу арқылы баланың шешім қабылдау қабілеті дамиды. Сурет бойынша әңгіме құруда – балалардың байланыстырып сөйлеу және ойлау дағдылары жетіледі. Кескіндердегі айырмашылықтарды табу арқылы – бақылау мен талдау қабілеті артады.

Құрастыру және құрылыс ойындарының да баланың ойлау деңгейінің артуына ықпалы зор. Конструкторлар мен кубиктерден

эртүрлі фигуралар жасау баланың кеңістіктік ойлауын және логикалық байланыстарды құру қабілетін дамытады. «Лего», пазлдар, мозайка сияқты ойындар баланың ұсақ моторикасын жетілдіреді. Құрылыс ойындары – пропорцияларды түсінуге, симметрия мен тәртіпті ұғынуға көмектеседі. Күнделікті өмірде ата-ана да қарапайым логикалық тапсырмалар мен ойындарды қолдануы керек. Баланың сұрақтарына логикалық жауап беріп, ойлануға ынталандыруы тиіс. Сабырлық танытып, баланы өздігінен шешім қабылдауға үйретуі қажет. Баланың жетістіктерін мадақтап, оны ынталандыруы керек.

Қорытындылай айтқанда, мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін

дамыту – олардың болашақтағы табысты білім алуына, шығармашылық қабілеттерінің артуына және күнделікті өмірде ойларын дұрыс жеткізуіне ықпал етеді. Ойындар, логикалық тапсырмалар, математикалық есептер, құрылыс ойындары мен суреттер арқылы балалардың ойлау дағдыларын жан-жақты дамытуға болады. Тәрбиешілер мен ата-аналар баланың логикалық ойлауын дамытуға белсенді түрде атсалысуы қажет. Осылайша, бала болашақта күрделі мәселелерді шешуге қабілетті, шығармашыл және тапқыр тұлға болып қалыптасады. Сіз болып, біз болып жас ұрпақтың саналы да жан-жақты, білімді ұрпақ болып шығуына ат салысайық!

**Сингапур математикасы
бастауыш сыныпта**

**Байболатова Сәния Бахытқызы
Ақтау қаласы, «Тапым school»
мектебі
Математика пәнінің мұғалімі**

Бастауыш математикасы – 1-4 сынып оқушыларына арналған негізгі математикалық ұғымдар мен дағдыларды қамтитын негізгі пәндердің бірі. Ол - баланың логикалық ойлауын, есептеу қабілетін және күнделікті өмірде қолданатын математикалық білімдерін дамытуды мақсат етеді. Бастауыш сынып математикасы - баланың математика ғылымына алғашқы кіріспесі, негізгі фундаменти десек те болады.

1-4 сынып математикасы: сандар мен олардың қасиеттері, натурал сандарды оқу, жазу және салыстыру, қосу, азайту, көбейту, бөлу, ұзындық, салмақ, көлем, уақыт және ақша ұғымдары, геометрияның негізгі ұғымдары, логикалық есептер мен мәтін есептерді шешу секілді негізгі тақырыптарды қамтиды.

Сингапур математикасы — әлемдік деңгейде мойындалған, мектеп оқушыларының математикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған, халықаралық деңгейде жоғары нәтижелер көрсеткен білім беру әдістемесі. Бұл жүйенің тиімділігі халықаралық бағалау жүйелерінде, атап айтқанда PISA (*Programme for International Student Assessment*) және TIMSS (*Trends in International Mathematics and Science Study*) зерттеулерінде Сингапур оқушылары жыл сайын үздік үштікке енуінен анық көрінеді. Қазақстандық білім беру жүйесінде де PISA мен TIMSS зерттеулерінің талаптарын ескеру маңызды. Себебі баланың логикасын, есептеу дағдыларын және өмірлік жағдайларда математиканы қолдану қабілетін дамыту маңызды.

Сингапур математикасының ерекшеліктеріне тоқталайық:

1. CPA әдісі (*Concrete - Pictorial - Abstract*)

✓ *Concrete (Нақты заттар):*

Балалар алдымен нақты заттармен (моншақтар, текшелер, таяқшалар) жұмыс істеу арқылы жаңа ұғымды түсінеді.

✓ *Pictorial (Көрнекі модельдер):*

Кейіннен олар сызбалар мен диаграммалар арқылы есептерді модельдеуді үйренеді.

✓ *Abstract (Абстракттілі ұғымдар):*

Соңында формулалар мен сандық өрнектер арқылы ойлау дағдылары дамиды.

2. Бар моделін қолдану (*Bar Model Method*)

✓ Мәтіндік есептерді шешуде балаларға ақпаратты диаграмма түрінде көрсете отырып, түсінуді жеңілдетеді.

3. Ойлау қабілетін дамыту

✓ Сингапур математикасында стандартты жаттығулардан бөлек, баланың терең ойлауына бағытталған тапсырмалар беріледі.

4. Логикалық және сыни ойлауды дамыту. Сингапур математикалық бағдарламасы логикалық ойлауды, аналитикалық қабілетті және шығармашылық есеп шешу дағдыларын дамытады.

✓ Оқушыларға бір есепті бірнеше әдіспен шешу ұсынылады.

✓ Мұғалімдер сұрақ қою арқылы оқушылардың ойлау процесін ынталандырады.

✓ “Неге бұл әдіс дұрыс?”, “Егер сандар өзгерсе, жауап қалай өзгереді?” сияқты сұрақтар қойылады.

5. Ойын элементтері мен зерттеуге негізделген оқыту. Сингапур математикасында ойын элементтері, топтық жұмыс және жобалық зерттеулер маңызды рөл атқарады.

✓ Математикалық ойындар арқылы оқушылар қиын концепцияларды оңай меңгереді.

✓ Өзара пікір алмасу арқылы оқушылар өз түсінігін нақтылай алады.

Бір мысал қарастырып көрелік:

Айжанның 12 алмасы бар еді. Ол 4 алманы күрбысына берді. Айжанда неше алма қалды?

Сингапур әдісі бойынша шешім:

1. Concrete: 12 алма мен 4 алманы нақты заттармен көрсетеміз.

2. Pictorial: 12 алманың ішінен 4 алманы сызып тастап, қалғанын санаймыз.

3. Abstract: $12 - 4 = 8$

Осылайша, Сингапур математикасы бастауыш деңгейдегі балаларға күрделі есептерді қарапайым әрі түсінікті етіп түсіндіруге көмектеседі.

Бұл әдісті Қазақстандағы бастауыш математика сабағына енгізу оқушылардың логикалық ойлауын одан әрі жетілдіруге үлкен ықпал ете алады.

Қорытындылай келе, Сингапур математикалық жүйесін Қазақстан білім беру жүйесімен сабақтастыра отырып оқыту - балаларға математикаға деген сүйіспеншілікті оятып, оны өмірлік қажеттілік ретінде түсінуге көмектеседі деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ng, S. F., Lee, K., & Tay, E. G. (2010). *Mathematics Education: The Singapore Journey*. Singapore: World Scientific Publishing.

2. Ministry of Education, Singapore (2019). *Singapore Mathematics Curriculum Framework*. Retrieved from <https://www.moe.gov.sg>

3. Fan, L., Kho, T. H., & Choy, B. H. (2005). *How Singapore Develops Mathematics Thinkers*. Singapore: Marshall Cavendish Education.

4. OECD (2018). *PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do*. Paris: OECD Publishing.

5. Singapore Examinations and Assessment Board (SEAB) (2020). *Primary Mathematics Syllabus*. Retrieved from <https://www.seab.gov.sg>

6. Charles, R. I., & Swee, L. K. (2016). *Singapore Math: Teaching Strategies That Work*. New York:

Бастауыш сыныптарда тиімді сұрақтар қою арқылы ойлау дағдыларын дамыту

Бигожаева У

Ақтау қаласы, «Tanym school» мектебі

Диалог-тек алма кезек сөйлеу емес, оймен ойдың жалындауы, мінез бен мінездің найзаласуы, идея мен идеяның қылыштасуы.

Ә. Тәжібаев

«Сұрақ» дегеніміз не? Оны адам не үшін қолданады? Оқыту үдерісінде ол қаншалықты пайдалы? Сұрақты қалай қойған дұрыс? Сұрақ адамның білім алу үдерісінде қандай рөл атқарады деген мәселенің төңірегінде ойлана отырып, сұрақ қою жолдарымен танысу, сұрақ қоюды үйрету тәсілдері туралы әңгіме қозғаймыз.

Сұрақ – біліп-танудың бір тәсілі деуге болады, өйткені сұрақ қою арқылы біз жаңа ақпараттарды анықтап, білімімізді толықтыруға тырысамыз, өзімізді қызықтырған ақпаратқа ие болуға ұмтыламыз, бір-бірімізбен диалогқа түсеміз. Диалог «сұрақ-жауап» үлгісі бойынша іске асырылып, алынған ақпарат арқылы белгілі бір мәселені шешумен аяқталады. Сондықтан осы мақсатқа жету үшін сұрақ қоятын адамның «қоржынындағы» сұрақ түрлерінің жиынтығы неғұрлым бай болу керек. Сабақ барысында қойылған сұрақтардың саны емес, сапасы мен құндылығы маңызды. Сұрақ қою мәселесімен айналысу барысында мұғалімдердің сабақтарына қатысып, бақылау жүргізілді. Сондағы байқағаным, біріншіден, барлық сұрақтарды мұғалімдердің өздері қоятыны, екіншіден, қойған сұрақтары бір сарынды, үшіншіден, оқушының ойлау қабілеті мен өзіндік пікірін, ойын білдіруге жетелемейтін, өзінше баға беруге мүмкіндік тудырмайтын сұрақтар жиі қолданылады. Мысалы бастауыш сынып оқушыларына сабақтың басында қойылған сұрақтар: «Қоршаған орта деген не?», «Табиғатқа не жатады?», «Жанды табиғат деген не?» яғни, жаттанды ақпаратты қайталауға бағытталған сұрақтар. Бір сабақтың көлемінде қойылған қырық бір сарынды сұрақтың мұғалім үшін де, оқушы үшін де қандай пайдасы болғаны? Оның пайдасы шамалы болса, оны не үшін қойғанымыз? Сондықтан да сұрақ қояр алдында мұғалім өзіне «Менің қолданайын деп отырған сұрағымның сапасы қандай?» деген сауалды өзіне жиі қою қажет. Сыныпта сұрақ қою үлгісі негізінде «сұрақ-жауап-кейінгі әрекет» нысаны бойынша іске

асырылады.

Мысалы: Мұғалім: «Зат есім деген не?»

Оқушы: «Зат есім дегеніміз сөз табы»

Мұғалім: «Дұрыс» – деген үлгісі бойынша қолданылған сұрақтар мұғалімнің басымдылығын көрсетіп, оқушының білім алуына ықпал етуі шамалы болмақ. «Бұл модель сыныпта бастама жасайтын және де оны бақылап отыратын адам мұғалім болатын жағдайларын көрсетеді» Өйткені, оқушы механикалық түрде жаттаған мәліметті қайталап отыр. Оқушы тарапынан ешқандай танымдық белсенділік байқалмайды, бұл модельдегі сұрақтар оның ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етпейді. Осыған байланысты сабақта қойылған сұрақтардың жауаптарынан кейін мұғалімнің әрекеті «Неге?», «Оған қандай дәлелдеме келтіре аласың?», «Басқаша түсініктеме беруге бола ма?» деген сұрақтар арқылы оқушының ойлау қабілетін дамытуға бағытталғаны дұрыс болады. Сондықтан сұрақтардың деңгейлеріне қарай бір сабақта қолданатын сауалдардың теңгерімін дұрыс сақтап үйрену қажет.

Сабақтарда жиі ашық сұрақтар қолданылып, оқушылардың жоғары деңгейде ойланатын дағдыларын дамытуға себеп болатын сұрақтар тым сирек қолданыста болатыны ойландыратын жағдай. Осы күнге дейін оқушылардың арасында қалыптасып қалған пікір – әр сұрақтың дайын дұрыс жауап болу керек және олар, барлығын жаттап алса, ол сұрақтарға жауап бере алатыны. Сондықтан да оқушы сұраққа жауап бере алмай қалған жағдайда оның өзіне деген сенімсіздігі пайда болып, жауап беруде қорқыныш сезімі туындайды. Білім алуға кері әсерін тигізетін бұл жағымсыз қасиеттерден оқушыны құтқару қажет. Ол үшін мұғалімнің сабақ барысында сұрақтарды қолдануына байланысты кейбір жағдайларды естен шығармағаны дұрыс болар. Ендеше сұрақ қоюда мұғалім қандай жағдайларды ескеру қажет?

Сұрақты балық аулайтын қармақпен салыстыруға болады: қармаққа балық

Сұрау	Кейіпкерлер: Құрмаш, Көксерек
Қалай?	Құрмаш қасқырдың бөлтірігін қалай асырап алды? Құрмаштың әрекетін қалай
Не?	Көксеректі асырап алғандағы Құрмаштың ойы не болды? Көксерек үйдің тамағын
Қайда?	Құрмаш Көксерек үшін жататын орнын қайда ауыстырды? Көксерек өсіп келе
Неге?	Көксеректің тісі неге көп уақыт бойы жетілмей келе жатты? Неге оны ауыл иттері
Неше?	Ауыл иттері талап тастаған кезде Құрмаш неше рет араша түсіп алып қалды?
Қайдан?	Қой жайып жүрген Құрмашқа Көксерек қайдан тап болды? Ауыл адамдары Құрмаштың жазым болуына себепкер болған қасқырдың Көксерек екенін қайдан
Қандай?	Көксеректің ашуға булығып, ауылға шабуыл жасауына қандай жағдайлар себеп болды
Не үшін?	Не үшін ауыл адамдары қасқырды басынан теуіп, қарғыс айтты? Не үшін Құрмаш

уланса, сұрақ арқылы түрлі идеяларды іліп шығаруға болады. Жақсы сұрақтың идеялардың, қызықты жауаптардың кепілі. Сондықтан әр мұғалім өзінің сұрақ қою шеберлігі туралы жиі ойланып, сұрақ қояр алдында келесі мәселелерді ойдан шығармаған дұрыс болар: сұрақты қандай мақсатпен қоясыз? Қойған сұрағыңызды сапасы қандай? Сұрақтың ашық немесе жабық болуы сұрақтардың өзіне емес, мұғалімдердің сұрақты сурау себебіне байланысты болуы мүмкін. Мысалы «Аспанның түсі қандай?» сұрағы ғылым сабағында жабық сұрақ болып, өнер сабағында ашық сұрақ болуы мүмкін. Жақсы сұрақ қоя білу – ол үйрету арқылы қалыптасатын дағды. Сондықтан жақсы тиімді сұрақ қоюды оқушыға үйрету қажет. Сұрақ қою кезінде міндетті түрде қойылатын шарт – оқушы өзі қойған сұраққа жауабын білмеу керек. Содан соң оқушылар өз сұрақтарын басқаларға қоя отырып жауабын алады немесе өз бетінше іздене жұмыс жасайды.

Әдебиет сабағында бір шығармамен танысып болған соң оқушылардың мазмұнды меңгеру деңгейін анықтау мен сұрақ қоюға үйрету мақсатында келесі кестені толтырғызуға болады. Оқушылар бірінші бағанның сұраулы есімдіктерін қолдана отырып, екінші бағандағы материалға қатысты сұрақ қояды. Бұл жұмысты жеке жасап, бір-бірінің жұмыстарын алмастырып, жауап бергізуге болады, немесе жұптық жұмысы ретінде де ұйымдастыруға

болады. Генри Форд: «Сұрақтары бар адамда ғана білім болады», – дегендей сұрақты көп қоятын оқушыларды қолдаңыздар және сұрақтарды қоюға ынталандырыңыздар. Себебі, сұрақ қою техникасын жақсы меңгерген бала келешекте кез келген жағдайда тиімді сұрақ қоя біледі, яғни, сұрақ қою арқылы туындаған мәселені шешу жолын тез таба алады.

Блум таксономиясына негізделген сұрақтар

«Білу» деңгейінде қойылған сұрақтар арқылы қарастырған мәселеге қатысты оқушының білім деңгейін анықталып, алған танымдық ақпаратты есте сақтауы қабілетін анықтау талап етіледі. Бұл сатыда «жабық», альтернативті, нақтылаушы сұрақтар қолданылады.

«Түсіну» деңгейінде оқушыдан алған ақпараттың мағынасын түсініп, оны мәтіннен басқаша қолдана алуын, өзбетінше интерпретация жасай алуын анықтауды талап етеді. (нысаналарды салыстыру, оқиғаны нақты түсіндіру, оқиғаның аяқталуын өз бетінше болжау. Сондықтан бұл сатыда оқушылардан қарастырған айғақтарға, ережелерге, қағидаттарға өзінің түсініктемесін беруді, талқыланған ережені математикалық өрнек арқылы көрсетуді, таныс болған оқиғалар немен аяқталатынын алдын ала болжауды қарастыратын сұрақтар мен тапсырмалар берілуі мүмкін.

«Қолдану» деңгейінде оқушыдан алған теориялық білімін нақты бір жағдайда, жаңа жағдаятта дұрыс қолдана алуын талап етеді.

Оқушылар алынған деректерді қолдану, түрлендіру, құру, құрастыру, шешу, есеп беру, суреттеу, өндіру мақсатында жұмыстар істейді. Оларға берілген ақпараттарды қорытып, өз бетінше тұжырымдар мен қорытындалар жасайды. Алған теориялық білімдерін қорытып, сараптайды.

«Талдау» деңгейінде оқушылар зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатында оны құрамдас бөліктерге жіктеп, әр бөліктің қалай жүзеге асатындығын, нәтижеге қалай жететіндігін анықтайды. Түсіну сатысынан қарағанда талдауда алынған мәліметтерді өңдеумен, жаңа өнім шығарумен (продуктивті), оны терең игерумен ерекшеленеді. Бұл сатыда оқушылар бөліп шығарып көрсету, талдау, жіктеу, түсіндіру, жекелеген бөліктерге баға беру, саралау, санап шығару, тәжірибе жасау, тестілеу, өзара байланысын көрсету, қарама-қарсы қоя білу, сынау, диаграмма жасай отырып ажырату, салыстыру, үміт арту, даулау, жатқызу, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеу сынды әрекеттермен айналысады.

«Жинақтау» деңгейінде оқушылар құрастыру, жоспарлау, жасау, өзгерту, алмастыру, жинақтау, ұйымдастыру, шығармашылықпен орындау, дайындау, тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтап ұсыну әрекеттерін жүзеге асыра отырып, жаңа мазмұн тудырады. Бұл кезеңде шығармашылық іскерлік орын алуы мүмкін. Жұмыс түрлерінен эссе жазу, шығарма, шешендік сөз құрау, сценарий жазу сынды тәсілдерді кеңінен пайдануға болады. Жинақтау барысында оқушылардың арасындағы дарынды және талантты балаларды анықтау үшін өте қолайлы сұрақтар мен тапсырмалар беруге болады. «Бағалау» деңгейінде оқушылар қарастырған мәселеге, танысқан ақпаратқа, талқылаған материалға қатысты баға беру дағдыларын қалыптастыруға тырысады, яғни, олар тұжырымдама, көркем шығарма, зерттеу мәліметтері және т.б. материалдармен жұмыс жасай отырып, олардың маңыздылығына, дұрыс/бұрысына, жақсы/жаманына өз пікірлерін білдіреді. Оқушының пайымы

нақты өлшемдерге негізделуі керек: ішкі (логикалық, құрылымдық) немесе сыртқы (белгіленген мақсаттарға сай). Бұл өлшемдерді оқушылар өздері белгілеулері мүмкін, немесе сырттан ұсынылуы мүмкін (мысалы, мұғалім тарапынан). Оқушы белгіленген өлшемдер арқылы *жорамалдау, бағалау, таңдау, баға қою, анықтау, санау, өлшеу, айыптау* деген оқу мақсаттарына қол жеткізеді. Өз тарапынан баға бере алу қабілеті оқушының осы деңгейге дейінгі барлық деңгейлердің оқу мақсаттарына қол жеткізгенін дәлелдейді. «Төменнен-жоғары» техникасы бойынша қойылатын сұрақтар

Ана тілімізден бөлек өзге тілді білу – әрбір адам үшін мүмкіндіктердің көбеюі. Шет тілін білу адам баласының ой-өрісінің, білімінің дамуына әсер етеді, сонымен қатар есте сақтау қабілетінің жақсара түсуіне, көзқарастың кеңеюіне көмектеседі. Бала қаншалықты ағылшын тілін оқуды ерте бастаса, соншалықты жаңа тілді меңгеру оңай болады. Бұл туралы ғалымдарда дәлелдер келтірген. Баланың алғашқы төрт жасына дейін когнитивті қабілеттері қалыптасса, 7-8 жасында негізгі дағдылары мен ептілігі құрылады. 8-10жастан бастап бала өзінің іскерлігін үздіксіз тәжірибе арқылы дамытады. Сол себепті ересек адамнан көрі, балаға жаңа тіл меңгеру оңайға соғады. Біздің мектебімізде оқушыларға бірінші сыныптан бастап ағылшын тілі оқытылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту басқа пәндерді меңгеруге ешқандай кері әсерін тигізбейді. Тәжірибе жүзінде оқытылып келе жатырғандықтан сеніммен айта аламын. Бастауыш сынып оқушыларын тілді оқуға қызықтырудың ең басты жолы – ойын арқылы оқыту және бірлілік.

Кіші жастағы балаларды ешқашан ағылшын тілін зорлықпен оқытуға болмайды. Егер оларды міндеттеп оқыту сабақ процесінің көп бөлігін алатын болса, балалар бірден зерігіп, жалғастырғысы келмей қалады. Сонымен қатар, қате жіберетін болса да, сенікі дұрыс емес деп тіке айтудан да аулақ болған жөн. “Кім көмектескісі келеді? немесе “Тағы ойланып көрмейсіңбе?” деп жұмсақ жеткізу маңызды. Балалар жаңа тілді ойын арқылы үйренсе, әлемді таниды, оқу процесінде өзін еркін сезінеді әрі тілдің маңызды бөліктерін меңгеріп алады. Оқушыларға ойын ұйымдастырарда ескеретін нәрсе – әрбір сабақ сайын сол ойынды қайталау арқылы сабақты еске түсіріп отыру және сол ойынға жаңа бір элеменеттер, әрекеттер, фразалар қосып отыру. Кәзір сынып оқушыларына сабақ жүргізгендіктен, көбіне мысалдарда сол жас ерекшелікке қатысты болмақ. Мысал келтірер болсақ, балаларға ағылшын тілінде түстерді

үйрету тек суреттерін көрсетіп айту арқылы емес, өздерінің түрлі-түсті қарындаштарын қолдану арқылы үйретіп кейін олардан айтылуын сұрау қызықтырақ әрі тиімдірек болады. Кейінгі сабақтарда жеміс-көкөністерді өтетін мезгілде оқушылардан түстерін сұрау арқылы байланыстырып еске түсіруге болады. Нәтижесінде оқушылар сәтті меңгерсе, олар “An apple is red”, “An orange is orange” деген сияқты сөйлемдер құрастырып үйренеді. Ары қарай, жануарларды үйрену сабағына келгенде сабақты қызықтырақ өткізу үшін балаға таңдау беріп, мысалы, жануардың суретін салу немесе пластилиннен жасау арқылы есте жақсы сақталады. Қорытындысында оқушы “Rabbit is white. It eats carrots.”, “Monkey is brown. It eats bananas” деп сөйлемдер құрауына көмектесуге болады. Жаңа сөздерді оқушылардың меңгергенін тексеру мақсатында “I like” or “I don’t like” фразаларын қолданып сұрауға болады. Мысалы, 1 сынып оқушыларына “Toys” тақырыбын өтіп, келесі сабағында оқушылармен диалог жасауға тырыстым.

- What’s this Fatima?

- It’s a bike.

- Ok, good. Have you got any bike?

- Yes (Осы жерде I have деп бірге айтқызу маңызды. Яғни оқушы солай дағдыланса алдағы уақытта сұрақтарға өз бетімен толық жауап береді.)

- Great! What colour is your bike?

- It’s red and black.

- Wow, do you like your bike?

- Yes, I do.

Бұл жауаптарда оқушы есімдік пен етістікті қолданып, өткен сабақтың жаңа сөзін дұрыс айтып әрі түстерді еске түсіреді. Осылай әр баламен кішігірім диалог жүргізілсе, оқушының айтылым дағдысы дами түседі.

Кіші жастағы балаларға арнайылап ағылшын тілі грамматикасын түсіндіріп қиындатпау керек. Себебі олар әлі оған

дайын емес. Сондықтан бастауыш оқушыларының тек айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдыларын дамытуға күш салса жеткілікті. Мысалға алсақ, plural forms түсіндіру керек жағдайда жәй ғана оқулықта бір суретте көп құстар тұратын болса “They are birds. Wow, why birds? Because we know the word bird but there is s here, so they are lots of birds” деп ол мезетте зат есімнің көпше түрін астыртын түсіндіріп жіберуге болады. Қарапайым мысал, сынып бөлмесінде бір нәрсені көрсетіп “This is a computer” деп жанындағы орындықтарды көрсетіп “These are chairs” деп көзге көрініп тұрған нәрселермен түсіндірсе оқушылар оңай түсініп алады. Сол сияқты I have got/He has got тіркесінде сыныпта өзара бір партада отырған оқушылармен диалог жасатуға болады. I have got pink pencil case and he has got blue pencil case. Егер оқушы қате жіберетін болса (“He have got” деген сияқты), міндетті түрде түзеу керек, яғни балаға ол грамматиканы оқуға ерте болса да, қатесіз айтып дағдыланғаны жақсы.

Сонымен қатар, кіші жастағы оқушылар ойын баласы болғандықтан, сабақ барысында сергіту сәтін орындатып, бір серпілтіп алған

жақсы. Оған қоса сергіту сәті сабақ тақырыбымен байланысты болса оқушылар тақырыпты жақсы түсініп, өмірінде қолдана алады.

Мұғалім мамандығы қызығы мен шыжығы мол мамандық. Өмір бойы білім алуды ұрандатқан әрбір мұғалім әрдайым ізденісте жүреді. Бастысы - өз мамандығын сүйіп, бар ынтамен сабақ жүргізіп, әрі балалармен шынайы болып, оларға ашыла түссең, олардың сезімін, ойларын сыйлай білсең оларда мұғалімді өз жақыны санап, сабаққа да белсене қатысып, өзін еркін сезінеді. Баланы оқытумен қатар, оның өміріне, көзқарасына жақсы жағынан әсер ететін, жақсы мінез, әдеп қалыптастыра алатын, сол баланың біліммен қатар адамгершілік тәрбиесін сіңірте алатын мұғалім болып қалу – әр ұстаздың басты мақсаты болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://tefl-tesol-certification.com/blog/strategies-for-teaching-english-to-young-learners>
<https://www.myenglishpages.com/teaching-english-to-young-learners/>

Оқушылардың мәтінмен жұмыс жасауға Дағдыландырудың мүмкіндіктері

Қарамурзаева Айжан Алпысбайқызы
Бастауыш сынып мұғалімі, Ақтау қаласы, «Тапым school» мектебі

Мәтінмен жұмыс жасау — оқу процесінің маңызды бөлігі және оқушылардың ойлау, талдау, және шығармашылық қабілеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады. Оқушыларға мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын игерту тек білім берудің маңызды кезеңі ғана емес, сонымен қатар өмірлік дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мәтіндермен дұрыс жұмыс жасай білу қабілеті балалардың ақпаратты қабылдап, оны түсініп, талдай алуына мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың сөздік қорын, жазу дағдыларын арттырады. Мәтін – оқытудағы негізгі құрал. Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын байыту мен еркін сөйлеуге үйрету немесе өз ойын ашық, анық жеткізе білу дағдысын қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен, тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ

Мәтінмен жұмыс жасау — ойлау қабілетін дамыту құралы

Оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау арқылы алатын ең басты пайдасы — олардың сыни ойлау дағдыларының дамуы. Қазіргі уақытта ақпараттың көптігі мен әртүрлілігі, оқу және жазу қабілеттерін арттырудың аса маңызды екенін көрсетеді. Мәтіндерді оқыған кезде оқушылар тек сөздердің мағынасын ғана түсініп қоймай, оларды талдап, салыстырып, тұжырымдар жасайды. Мұндай жұмыс оқушылардың нақты мәселелерді шешуге және өз көзқарастарын қорғай білуге үйретеді.

Мәтінмен жұмыс істеу әдістері

Оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін әртүрлі әдістер мен әдістерді қолдануға болады. Олардың ішінде мыналар ерекше маңызға ие:

1. Мәтінді оқу және талдау: әр мәтінді оқығаннан кейін студенттер оны толық түсініп, талдауы керек. Оқушыларға мәтін бойынша сұрақтар қою, негізгі ойды анықтау, мәтін құрылымын зерттеу арқылы терең ойлауға үйретуге болады.

2. Топтық жұмыс: оқушылар топта

жұмыс істегенде, олар бір-біріне сұрақтар қояды, пікірлерімен бөліседі және мәтінді бірлесіп талдайды. Бұл әдіс оларға қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және ынтымақтастық процесінде мәтіннің мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық тапсырмалар: оқушыларға мәтінмен жұмыс істегеннен кейін шығармашылық тапсырмалар беру, мысалы, мәтіннің жалғасын жазу, өз ойларын қосу немесе мәтінге түсініктеме беру олардың жазу дағдыларын жақсартады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың жұмысын тек ақылмен ғана емес, шығармашылықпен де байланыстырады.

4. Дебаттар мен пікірталастар: мәтін мазмұны бойынша пікірталас ұйымдастыру арқылы студенттер өз көзқарастарын қорғай алады. Бұл әдіс олардың сыни ойлауын дамытады және мәтіннен алатын ақпаратты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

5. Кроссвордтар, тесттер және ойынның басқа элементтері: мәтінмен жұмыс істеу кезінде ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырады және оларды мәтіндермен жұмыс істеуге ынталандырады. Бұл тәсіл оқушылардың назарын аударады және мәтінмен жұмыс істеуге қызығушылық тудырады.

Мәтінмен жұмыс тиімділігі

Мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың бірнеше қабілеттерін дамытады. Оларды ескере отырып, бұл процестің тиімділігі айқын болады:

1. Ақпаратты өңдеу дағдыларын дамыту: студенттер мәтіндерді оқып қана қоймай, оларды талдап, қорытынды жасай алады. Бұл дағды студенттерге өз өмірінде үйренген ақпаратты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Сөздік қорын дамыту: мәтіндермен жұмыс балалардың сөздік қорын арттырады және олардың тілдерін байытады. Әрбір жаңа мәтін жаңа сөздер мен терминдермен таныстырады, олардың мағыналарын түсінуге және қолдануға мүмкіндік береді.

3. Шығармашылықты дамыту: мәтіндермен жұмыс жасау шығармашылықты арттыруға ықпал етеді. Оқушылар мәтінді оқып қана қоймай, өз идеяларын қосып, шығармашылық шешімдер ұсына алады. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауының бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. Оқыту мен оқу үдерісінде білім алушы теориялық, танымдық ақпаратты мәтін арқылы алады, ал алынған ақпаратты қабылдап, ой елегінен өткізу арқылы шығармашылық әрекетпен өмірде қолданады.

4. Жазу дағдыларын жетілдіру: мәтінмен жұмыс жасай отырып, студенттер өз ойларын дұрыс және сауатты жеткізу дағдыларын дамытады. Олардың жазбаша және ауызша сөйлеу дағдылары жақсарады.

Қорытынды

Мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың

оқуы мен жеке дамуына үлкен әсер етеді. Бұл дағдыны дамыта отырып, оқушылар оқуды және жазуды үйреніп қана қоймайды, сонымен қатар ақпаратты түсіну, талдау, сыни пайымдау, шығармашылық ойлау және өз ойларын дәлелдеу дағдыларын меңгереді. Әрбір мұғалім оқушыларға мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін үйрете алады және оларды білімдерін тереңдетуге және өмірде қолдануға бағыттай алады. Мәтінмен жұмыс істеу оқу процесінің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар болашақта өмірде табысқа жетуге көмектесетін маңызды дағды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мәтінмен жұмыс жасаудағы тиімді әдіс – тәсілдер «Білімді ел» газеті –10.06.2021 <https://bilim.dinews.kz/?p=157109>

2. Кушмурзина Д.Х., Шинбулатова К.Б.

Әдебиеттік оқу әдістемесі: «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» оқу-әдістемелік құрал / Д.Х. Кушмурзина, К.Б. Шинбулатова. – Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы, 2018. – 152 б.

Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретуде ертегілер мен әңгімелердің рөлі

Тайгарина Альбина Серикғалиевна

Ағылшын тілі пәні мұғалімі, Ақтау қаласы, «Тапым school» мектебі

Ағылшын тілін үйретудің тиімді әдістерінің бірі - storytelling (әңгімелеу, ертегі айту). Бұл әдіс оқушылардың тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілетін, тыңдау, сөйлеу, түсіну және есте сақтау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бастауыш сынып оқушылары үшін тілді үйрену тек грамматика мен сөздік жаттаумен шектелмеуі керек, керісінше, қызықты әрі тартымды болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, storytelling - тілді меңгерудің табиғи әрі тиімді тәсілі.

Бастауыш сынып оқушылары тілді табиғи ортада, нақты жағдайлар арқылы үйренгенде жақсы меңгереді. Әңгімелер мен ертегілер - осы табиғи органы құрудың тамаша тәсілі. Оқушылар әңгімені тыңдай отырып, жаңа сөздерді, грамматикалық құрылымдарды, интонацияны және сөйлеу мәнерін автоматты түрде қабылдайды. Әңгімелерде жаңа сөздер табиғи контексте беріледі, бұл оқушыларға оларды оңай түсініп, есінде сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, ертегілерде грамматикалық құрылымдар жиі қайталанатындықтан, балалар оларды өздігінен меңгеруге дағдыланады. Сонымен қатар, Storytelling - балалардың тыңдау қабілетін жақсартып, сөйлеу дағдысын дамытуға көмектеседі. Оқушылар әңгімені тыңдап, негізгі мағынасын түсінуге үйренеді, кейіннен оны өз сөздерімен баяндап, сөйлеу қабілетін жетілдіреді. Балалар оқиғаны тыңдай отырып, оны көз алдына елестетеді. Бұл олардың қиялын дамытып, шығармашылық ойлау қабілетін арттырады. Балалар storytelling арқылы тілді қолдануға сенімді бола бастайды. Әңгімелерді қайталау, рөлдік ойындар мен сахналық қойылымдар арқылы оқушылар ағылшын тілінде сөйлеуге деген қорқынышын жеңеді. Storytelling әдісін сабақта қалай тиімді қолдануға болады?

Дұрыс оқиға немесе ертегі таңдау. Әңгіме оқушылардың жас ерекшелігіне, тілдік деңгейіне және қызығушылығына сәйкес болуы керек. Қысқа әрі түсінікті мәтіндерден бастау ұсынылады. Мектепке дейінгі және 1-

сынып: Қысқа ертегілер, суреттері бар әңгімелер, қайталанатын сөздері бар оқиғалар. 2-3-сынып: Күрделірек оқиғалар, қарапайым диалогтар. 4-сынып: Ұзақтау әңгімелер, қысқа әңгімелерден үзінділер саналатын ертегілер.

«The Very Hungry Caterpillar» - азық-түлік және күндер тақырыбында;

«Goldilocks and the Three Bears» - өлшем мен сипаттау сөздерін үйрену үшін;

«The Three Little Pigs» - қарапайым грамматикалық құрылымдар үшін;

«Jack and the Beanstalk» - батылдық пен шытырман оқиғалар туралы.

Storytelling әдісінің нәтижелері мен тиімділігі

Тілдік дағдылардың жылдам дамуы - Storytelling арқылы балалар ағылшын тіліндегі сөздерді тезірек үйренеді. Балалардың сабаққа белсенді қатысуы - Оқушылар storytelling-ті қызығушылықпен тыңдайды, өйткені ол ойын түрінде өтеді.

Есте сақтау қабілетін жақсартады - қайталанатын сөздер мен оқиғаларды есте сақтауға көмектеседі.

Оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне ықпал етеді - Олар сөйлеуге ұялып, қорықпайтын болады. Storytelling әдісінің психологиялық негіздері

Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты storytelling әдісі бірнеше психологиялық қағидаларға негізделеді:

Жады теориясы – Әңгімелер оқушылардың жұмыс жадысын күшейтеді. Оқиғалармен байланыстырылған ақпарат тезірек есте сақталады. Көп арналы оқыту – Storytelling көру (суреттер, бейнелер), есту (аудио, әндер), қимыл (қимылмен көрсету) арналарын қатар іске қосады.

Эмоциялық интеллект – Оқушылар кейіпкерлермен эмоционалды байланыс орнатып, тілдік материалды жақсы қабылдайды.

Қиял мен шығармашылық – Storytelling оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып, олардың өз ертегілерін құрастыруына мүмкіндік береді..

Storytelling әдісінің білім берудегі артықшылықтары

Табиғи тілдік орта қалыптастырады – Балалар сөздерді тек жаттап қана қоймай, оларды күнделікті өмірде қалай қолданатынын түсінеді.

Күрделі грамматикалық құрылымдарды жеңіл түсінуге көмектеседі – Грамматика ережелерін жаттаудан гөрі, оларды контекстте үйрену оңай.

Тыңдау дағдыларын дамытады – Storytelling арқылы оқушылар шынайы сөйлеу ырғағы мен интонациясын қабылдайды.

Қызықты әрі мотивациясы жоғары сабақтар өтеді – Балалар ертегілер мен әңгімелерді қызыға тыңдап, ағылшын тіліне деген қызығушылығы артады.

Әңгімеге оқушыларды белсенді қатыстырып, оларды диалогқа тарту

«What do you think will happen next?» (Одан кейін не болады деп ойлайсың?)

«Who is your favorite character?» (Саған қай кейіпкер ұнайды?)

Қимылмен көрсету

«Fly like a bird!» (Құс сияқты ұш!)

«Jump like a frog!» (Бақа сияқты секір!)

Рөлдік ойындар мен сахналық қойылымдар

Оқушыларды оқиға кейіпкерлеріне бөліп, әңгімені сахналау

Қарапайым диалогтарды жаттату

Диалог негізінде тілдік құрылымдарды меңгеру

Қосымша шығармашылық тапсырмалар

Сурет салу – Балалар оқиғаның кейіпкерлерін салып, оларды сипаттайды.

Оқиғаны жалғастыру – Оқушыларға әңгіменің өзіндік нұсқасын ойлап табуды тапсыру.

Қысқа әндер мен тақпақтар – Storytelling-ке байланысты әндер үйрету.

Storytelling әдісін технологиямен интеграциялау

Аудио storytelling – Балалар ертегіні тыңдап, оған сурет салып, өз ойларын айтуға үйренеді.

Бейне storytelling – Қысқа мультфильмдер немесе анимациялық әңгімелерді сабақта қолдану.

Интерактивті кітаптар – Балалардың өз ертегілерін жасауына мүмкіндік беретін қосымшалар.

Жасанды интеллект және чат-боттар – Балалар ағылшын тілінде чат-боттармен диалог құра алады.

Storytelling және дофамин

Әңгіме қызықты әрі тартымды болса, мида дофамин бөлініп, оқушылардың мотивациясы артады. Бұл оқылған материалды есте сақтау қабілетін күшейтеді.

Storytelling арқылы мәдениаралық қатынасты дамыту

Ағылшын тілі сабағында storytelling тек тілдік дағдыларды дамытып қана қоймай, басқа мәдениеттер туралы ақпарат беруге көмектеседі.

Ағылшын тілді елдердің ертегілерін қолдану – балалар ағылшын мәдениетімен танысады.

Көпмәдениетті көзқарас қалыптастыру – әртүрлі елдердің ертегілерін салыстыру арқылы мәдени айырмашылықтарды түсінеді.

Әлем халықтарының ортақ құндылықтарын меңгеру – достық, адалдық, еңбексүйгіштік сияқты тақырыптарды талқылау.

Мысал:

Британ ертегісі: “Goldilocks and the Three Bears”

Қазақ ертегісі: “Алтын сақа”

Америкалық ертегі: “The Little Red Hen”

Оқушыларға осы ертегілерді салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талқылауға мүмкіндік беруге болады.

Storytelling және STEM пәндері

Storytelling тек гуманитарлық пәндермен шектелмейді. Оны ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) пәндерімен біріктіруге болады.

Ғылым: “Why do stars shine?” деген оқиғалар арқылы астрономияны үйрету.

Математика: “The Adventures of Numberland” деп аталатын математикалық әңгімелер арқылы сан ұғымдарын түсіндіру.

Технология: Робототехника немесе жасанды интеллект туралы қызықты оқиғаларды баяндау.

Мысал:

Сабақ тақырыбы: “The Story of Zero” (Нөл санының тарихы)

Мақсаты: Нөлдің математикадағы рөлін түсіндіру

Практикалық жұмыс: Оқушылар өздерінің математикалық ертегілерін құрастырады

Storytelling-ті креативті оқыту әдістерімен біріктіру

Gamification (ойын элементтерін қосу)

Сюжетке негізделген ойындар – Әңгімелерді рөлдік ойындар арқылы ойнау

“Choose Your Own Adventure” әдісі –

Оқушыларға оқиғаның жалғасын таңдауға мүмкіндік беру

“Escape Room” форматындағы storytelling – Тапсырмаларды орындау арқылы оқиганы дамыту

Мысал:

Сюжет: Балалар сиқырлы кітап ішіне түсіп кетеді және одан шығу үшін әртүрлі тапсырмаларды орындауы керек.

Мақсаты: Жаңа сөздерді бекіту, сөйлеу дағдыларын дамыту.

Drama-based storytelling

Оқушыларға әңгіме кейіпкерлерін ойнап, сахналық қойылым жасауға мүмкіндік беру.

Интонация мен дауыс ырғағын дұрыс қолдануды үйрету.

Multisensory storytelling (Көпарналы storytelling)

Storytelling әдісінің ғылыми зерттеулердегі орны

Vygotsky (1978) – Балалар әңгімелер арқылы әлеуметтік ортада тілдік дағдыларын дамытады.

Bruner (1986) – Әңгімелер когнитивті дамуға ықпал етеді.

Krashen (1982) – Оқушылар storytelling арқылы тілді еркін меңгереді.

Практика:

Storytelling әдісінің оқушылардың тілді меңгеру жылдамдығына әсерін зерттеу.

Балалардың өз storytelling дағдыларын қалай дамытатынын бақылау.

Storytelling әдісін онлайн оқытуда қолдану

Виртуалды storytelling платформалары –

Storybird, Book Creator

Интерактивті storytelling құралдары – Canva, Powtoon

Чат-боттар арқылы storytelling – AI-мен сөйлесу, диалогқа қатысу

Storytelling әдісінің тиімділігін бағалау

Жазбаша рефлексия – Оқушылар өз ойларын қысқаша жазады.

Жетістік журналы – Әр оқушының storytelling дағдыларын бақылау.

Өзін-өзі бағалау – Оқушылар өздерін бағалайды (мысалы, “Мен бүгін ағылшын тілінде жаңа 5 сөз қолдандым”).

Қорытынды Storytelling – тек бастауыш сынып оқушыларына ғана емес, STEM пәндерімен, ойын технологияларымен, театр элементтерімен және заманауи цифрлық құралдармен біріктіруге болатын тиімді әрі қызықты әдістерінің бірі. Бұл тек тілді үйрету әдісі ғана емес, балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын және өзін-өзі сенімді түрде жеткізуін дамытуға ықпал ететін мықты құрал. Егер мұғалім storytelling әдісін дұрыс қолданса, ағылшын тілі сабағы балалар үшін тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар қызықты әрі есте қаларлық тәжірибеге айналады.

Пайдаланған әдебиеттер

Білім беру үдерісінде SMART-технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 120 б

Кітап – білім бұлағы немесе баланы кітап оқуға баулудың маңызы

Тулегенова Алина Шораевна
Бастауыш сынып мұғалімі, Ақтау қаласы «Тапұт» мектебі

Кітап адамзаттың ең басты және бағалы қазынасы болып табылады. Ол адамды ойландыруға, дүниетанымын кеңейтуге, өмірдің мәнін түсінуге жол ашады. Кітап тек білімнің көзі ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің, руханияттың, адамның ішкі дүниесінің айнасы. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – кітаптың адам өміріндегі орнын, оның білім алу мен тұлғалық дамуға әсерін, сонымен қатар баланы кітап оқуға баулудың маңыздылығын қарастыру.

Кітаптың білім көзі ретіндегі мәні

Кітап – ғасырлар бойы адамзат жинақтаған барлық білім мен тәжірибенің сақтаушысы. Олардың арқасында біз өткен замандардың мәдениетін, тарихын, ғылымын, өнерін білеміз. Кітаптар арқылы біз әлемнің әртүрлі бөліктері мен халықтарының өмірі мен дәстүрлері туралы ақпарат ала аламыз. Кітап арқылы адам жаңа білім алады, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік алады, жаңа идеялар мен көзқарастарды ұстанады.

Кітап оқудың білім алу процесіндегі рөлі зор. Ол адамның когнитивті қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Кітап оқу арқылы адамның ойлау, қабылдау және талдау қабілеттері дамиды. Әртүрлі тақырыптарда жазылған кітаптар адамды әртүрлі әлемдерге, мәдениеттерге, түрлі кезеңдерге саяхат жасатып, оның дүниетанымын кеңейтеді. Әдебиеттер арқылы біз тек білім ала алмаймыз, сонымен қатар адамгершілік, мейірімділік, адалдық және басқа да адамзатқа тән құндылықтарды да үйренеміз.

Кітап оқудың баланың дамуына әсері

Балалар үшін кітап оқу – білім алу мен ойлау қабілетін дамытудағы басты құралдардың бірі. Кітап баланың сөздік қорын байытып, жаңа сөздер мен тіркестерді үйретеді. Сондай-ақ, кітап оқыған кезде бала қиялдайды, оқиғаны елестетіп, кейіпкерлермен бірге өмір сүріп, сол әлемде болуды армандайды. Бұл жағдай оның шығармашылық ойлауын дамытады.

Кітап оқу баланың ақыл-ойын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Кітаптардың мазмұны балаларға қиындықтарды жеңу, қиын жағдайда дұрыс шешімдер қабылдау, өз ойларын жүйелі түрде

білдіру және басқа адамдардың пікірін сыйлау сияқты дағдыларды қалыптастырады. Әрбір жаңа кітап бала үшін жаңа әлем, жаңа өмір сүру тәсілдерін үйретеді.

Кітап оқу баланың білімге деген құштарлығын арттырады. Бала жаңа нәрселерді білуге, қоршаған әлемді танып білуге ұмтылады. Ол әлемдегі әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлермен таныса отырып, өз әлемін кеңейтеді.

Кітаптың тәрбиелік маңызы

Кітап оқу тек білім алуға ғана емес, бала тәрбиесіне де айтарлықтай әсер етеді. Әдеби шығармаларды оқу арқылы балалар мейірімділік, адалдық, батылдық, жауапкершілік, әділдік сияқты қасиеттерді үйренеді. Кітап кейіпкерлерінің әрекеттері мен олардың өмірлік шешімдері балаға өмірдің қиыншылықтары мен қуаныштарына дұрыс көзқараспен қарауға үйретеді.

Баланың тәрбиесінде кітаптың орны ерекше. Әдебиеттер арқылы бала жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты айыра алады. Ол қиын жағдайлардан шығу жолдарын, адамдармен қарым-қатынаста дұрыс мінез-құлықты, әділеттілік пен мейірімділікті түсінеді. Сонымен қатар, кітап оқу балаға өзінің ойлары мен сезімдерін түсінуге, оларды дұрыс жеткізуге үйретеді. Баланың рухани дамуында да кітаптың рөлі зор. Әр кітап жаңа бір дүниені ашып, баланың әлемді қабылдауын өзгертеді. Оқылған әрбір кітап баланың моральдық тұғырын қалыптастырып, оның адамгершілік ұстанымдарын айқындайды.

Баланы кітап оқуға баулу жолдары

Баланы кітап оқуға баулу – ата-ананың, ұстаздардың басты міндеттерінің бірі. Балаға кітап оқудың маңыздылығын түсіндіріп, оған кітаптың қызық әрі пайдалы екенін көрсету керек. Мұның басты қағидалары мен әдістері келесідей:

1. Балаға үлгі болу

Ата-ана кітап оқып отырса, бала да осыған қызығушылық танытады. Егер бала үйде ата-анасын кітап оқып отырғанын көрсе, ол да кітапқа қызығушылық танытып, оқуға деген ынта пайда болады. Ата-ананың кітап оқу мәдениеті балаға да беріледі.

2. Қызықты кітап таңдау

Баланың жасына, қызығушылығына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес кітаптар таңдау өте маңызды. Егер балаға алғашқы кітаптар өте қызықты әрі түсінікті болса, оны оқуға деген құштарлығы артады. Мысалы, ертегілер, жұмбақтар, комикстер немесе балаларға арналған білім беру кітаптары.

3. Қызықты және әсерлі оқуды ұйымдастыру

Балаға кітап оқуды тек міндет ретінде емес, қызықты әрі көңілді шара ретінде көрсету қажет. Әке-шеше немесе мұғалім оқып берген кітапты талқылау, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау, оқиға бойынша сұрақтар қою бала үшін қызықты болады. Оқылған кітап туралы әңгімелесу балаға түсінік береді және оның оқуға деген қызығушылығын арттырады.

4. Кітап оқуды тұрақты әдетке айналдыру

Кітап оқу дағдысын балаға ерте жастан сіңдіру өте маңызды. Күн сайынғы оқу сәттері балада тұрақты әдет қалыптастырады. Оқуды әдетке айналдырған бала болашақта кітапқа деген құштарлығын жоғалтпайды.

5. Кітапхана мен әдеби шаралар ұйымдастыру.

Бала үшін кітапханаларға барып, жаңа кітаптармен танысу маңызды. Сонымен қатар, әдеби кештер, кітап клубтары немесе кітап оқу жарыстары сияқты шаралар да баланың кітапқа деген қызығушылығын арттырады.

PISA халықаралық бағдарламасының емтиханында оқу сауаттылығы бойынша Қазақстан оқушыларының нәтижесі кейінгі жылдары нашарлап кетті. Бұл проблеманы шешуде мұғалімдер еңбегінің маңызы зор және одан өзге бірнеше фактор бар. Соның бірі мектеп жасындағы балаларды кітап оқуға баулу. Қазіргі уақытта балаларымыз ақпаратты смартфондар мен гаджеттер алса да, ол ақпараттардың дұрыс бұрыстығына бағыт бағдар беретін ол ата-ана және мұғалім. Егер ересектер баламен дұрыс, жүйелі қарым-қатынас орнатса, оның дамуына әсер етіп, қабілетін жан-жақты дамыта алады.

Бала кітапқа деген қызығушылықты өзі қалыптастыра алмайды. Оған айнала қоршаған ортасы, ата-анасы, мектеп әсер етеді. Ол қасындағы ересек адамның көмегімен, одан сабақ алу арқылы дамиды. Кітап оқуға баулу үшін мұғалім оқушыға

«демеу» болуы қажет. Баланың сауат ашуға, оқуға деген қызығушылығы «табиғи түрде» оянбайды. Адамдармен тығыз байланыста болған кезде және жақсы мұғалімнің арқасында пайда болады.

Бастауыш сынып мұғалімі педагогикалық тәжірибесінде кітап оқуға қиналатын оқушыларды жиі кездестіреді. Ол жағдай баланың бойындағы әр түрлі факторларға байланысты болуы мүмкін. Кейбір балалардың оқуының нашарлығы миының дамуымен тікелей байланысты болуы мүмкін. Алайда солай екен деп, балаға мән бермей қоюға болмайды. Баламен жасалған үздіксіз жұмыстар нәтижесін берері сөзсіз.

Баланың оқу сауатына төмендегі факторлар әсер етеді: қағаз кітаптардың қолжетімді болуы, ата-ана мен баланың қарым-қатынасы, ата-ананың білім деңгейі. Барлық ата-ана баласының білімді әрі сауатты болғанын қалайды. Олардың балаға жеткілікті кітап сатып әпермеуін немесе уақыт бөлмеуіне кінә арта алмаймыз. Дегенмен, мұғалім баланың оқу сауатын бағалағанда баланың әлеуметтік жағдайы мен отбасындағы тәрбиені есепке алған жөн. Баланың сауатты болуына тек мектеп мұғалімдері жауапты деп айту қиын. Бұл қоғам болып көтеретін жүк.

Кітап бәрінен бұрын адамның қиялын дамытады. Альберт Эйнштейннің «Қиял білімнен артық, білім шектеулі ал қиял шектеусіз. Қиялмен бүкіл әлемді қамтуға болады. Қиял адамзаттың дамуына әсер етеді» деген сөздері осыған дәлел. Кітап оқуға дағдыланған бала сауатты, жан-жақты білімді, өз пікірі бар тәуелсіз азамат болып қалыптасады. Ең маңыздысы: қиялы дамыған әрі жақсы тәрбие көрген бала болашақта адамзатқа қызмет етері хақ. Балаларға кітап оқу үшін қалай мотивация бере аламыз деген сауалға келсек, оның екі жолы бар. Біріншісі ішкі мотивациясын ояту, екіншісі пайдалы екенін түсіндіру.

Ішкі мотивациясын ояту үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Яғни, ынталандыру, сыйлықтар, жарыстар және мұғалім өзі де кітап оқу арқылы үлгі болу. Балаларға кітапты дұрыс жарнамалай білу де өте маңызды. Балаға кітап таңдау еркіндігі берілуі тиіс. Осылайша кітапқа деген тұрақтылық пайда болады.

Әр кітаптың өз берері бар, соны балаға талдап-талқылау арқылы беру де өте маңызды. Және оқиға желісін өмірмен байланыстырып түсіндіру де өте өзекті рөл ойнайды. Осы орайда, мен өз тәжірибеммен бөлісіп кеткім келеді. Біздің мектептің өзіндік өткізетін кітап сағаттары бар.

Кітап сағатының маңыздылығы ол аз-аздан, бірақ үздіксіз процесс болуында. Өйткені күн сайын сабақ бастамас алдын, кітап оқу сағатын жүргізу арқылы балалардың ойлау деңгейінің сатысын жоғарлатамыз. Әр кітапты кезеңдерге бөліп оқу балаларға да қызық болары сөзсіз. Оқылған материалды бірлесе талқылап автордың бергісі келген мазмұнды түйінін оқушылармен бірге талдаймыз. Кітап оқу сағатының жүйелі өтуіне басшылық тарап та, мұғалім де бар ынта ықыласымен кіріскен жөн. Кітап сағаттарын алып жүруі үшін мұғалім де ынталы болуы қажет. Ата-анамен байланыста болып, оларға кітап оқу сағатының маңыздылығын түсіндірсе, олардың балаларға әсер етері анық. Біз бір қоғам болып қана, баланың кітапқа деген ынтасын арттыра аламыз. Қазіргі интернет жүйесі дамыған ақпараттық көздер көп заманда, баланы оқуға баулу қиынырақ, дегенмен балаға ерте жастан осы әдісті қолданатын болсақ, балалардың бойында кітап оқи білу дағдысы қалыптасары анық.

Қорытынды

Кітап – білім мен тәрбие көзі. Ол баланың интеллектуалдық дамуына, шығармашылық қабілеттерінің жетілуіне және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланы кітап оқуға баулу – бұл оның өмір бойы пайдалы дағдылар мен қасиеттерді меңгеруіне ықпал етеді. Әрбір ата-ана мен ұстаз баланың кітап оқуға деген қызығушылығын оятып, оған тұрақты дағды қалыптастыруға көмектесуі тиіс. Тек осылайша біз болашақ ұрпақтың білімді, саналы, мәдениетті және адамгершілігі жоғары тұлғалар болып өсуіне жағдай жасай аламыз.

Болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, бәсекеге қабілетті білім беруге талпынған әрбір ұстазға сәттілік болсын!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Баланы кітап оқуға баулудың жолдары Құрық, 2016
https://ef-ca.kz/uploads/user_20/2017_27_03_09_54_18_965.pdf
2. Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға қызықтыру — білім беру үрдісінің субъектілерін дамытудың алғышарты <https://ustazvko.orleu-edu.kz/?p=989>
3. Баланы кітап оқуға қалай баулимыз? <https://aqmeshit-zhastary.kz/bilim/balany-kitap-oqwgha-qalaj-bawlimyz-55751/>

Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастырудағы жұмыстар

Шохарбаева Гаухар Амантаевна

бастауыш сынып мұғалімі, Ақтау қаласы, «Тапым school» мектебі

Әр баланың шығармашылық қабілеті мен дарындылығын дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік - бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Зерттеу ісі қазіргі кезде ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай - ақ бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады. Биік танымдық қабілет, тұрмыс - тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Дарынды бала қойылған проблеманы тұтастай көре біліп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығып, түсініксіз нәрсені біліп, ынтазар болып, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді.

Қазіргі таңдағы білім беру үрдісінің негізгі мақсаты - оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау, білімді өз бетінше меңгерту, оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру және интеллектуалдық іс - әрекетке әзірлеу. Сонымен бірге, жаңаша оқыту жолдарын тауып, оны дамыту мен қалыптастырудың алғы шарттарын іске асыру.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау - мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесу ең басты қажеттіліктің бірі.

Оқушыны шығармашылыққа баулу үшін оның танымдық қызығушылығын арттыру бағытында төмендегідей жұмыстар жүргізіп отыру керек:

- Оқушы қабілетін, анықтауда психологпен бірлескен жұмыс жасау;
- Ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізу;
- Оқушыларға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою.
- Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен - зерттеушімін», «Мен - жобалаушымын» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстыруға мүмкіндік жасайды. Жалпы айтқанда, ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік, ізденушілік қабілеттерін қалыптастыру әдістері, кез келген жағдайда шешім қабылдай алатын, дүниетанымы терең, жан - жақты дамыған шәкірттер тәрбиелеуді көздейді.

Мектепте балаларды ғылыми - ізденіске, ғылыми жоба қорғауға баулу арқылы білімдерін тереңдету ісі оны -әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы тұлғаны дамыту аймағына кіргізу мақсатындағы бір қадам деп есептеуге болады.

Оқушылардың бойында зерттеушілік қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстары ескерілгені жөн.

Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Алайда, бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналы өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады.

Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Бастауыш сынып тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады. Мен ұстаздық тәжірибемде осы бастауыш сынып оқушыларын «Зерде» ғылыми жобасына дайындауда көп еңбек сіңірдім деп айта аламын. Өйткені оқушы бойындағы дарындылықты байқаған сәттен зерттеу жұмысына мақсат қойып, тақырып таңдап, қорытынды шығару жолында аянбай еңбектенуді талап ететін бағытта зерттеуді үйретіп, жеңіске жетуге үнемі талпыныс жасап келемін.

2014-2015 оқу жылдарында 3 сыныпта оқитын оқушым-Зинуллаев Бексланға актуалды тақырып ретінде «ГМО модификацияланған өнімдердің зияны» тақырыбын алып, зерттеу жұмысын

жүргізуді қолға алдым. Оқушымды зерттеу жұмысына баулып, материалдар жинақтап, сауалнамалар жасап бастадым.

2016 жылы 16-18 наурызда Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен Щучье қаласында өткізілген «Зерде» ХІ республикалық конкурсында оқушыларым: Зинуллаев Бекслан «Медицина, психология» секциясында «ГМО: көштен қалмау ма, ғылыми таңдау ма?!» тақырыбында, Ізтөре Ерасыл «Тарих, өлкетану, этномәдениеттану» секциясында «Киіз үйдің заманауи қолданысы» тақырыбында жобаларын қорғап, І орын жеңімпазы атанды. 2018 жылы Қалалық «Зерде» ғылыми жобалар байқауының қалалық кезеңіне Зинуллаева Софиянур «Латын әліпбиі-Рухани жаңғыру талабы» тақырыбында жобасын қорғады. 2021 жылы 11 ақпанда 2 сыныптағы шәкіртім Жасұланқызы Жанель «Зерде» ХVІІ республикалық конкурсына қатысып, «биология» секциясында

«Гидрогельдің өсімдіктердің өнуі мен өсуіне көмегі» тақырыбында жобасын қорғап, ІІІ дәрежелі диплом иегері атанды.

Бұндай жетістіктерге жету жолы оңай еместігін айтуға болады. Жобаға қатысу көптеген ізеністер, зерттеулер мен бақылау жұмыстарын жүргізу және қорытынды жасай алу, оны көпшілік алдында қорғап, талдау жасауды талап ететін дүние. Ол үшін жетекші мен оқушының бірнеше жылдар бойы қойылған мақсатына төзімділікпен жету жолындағы күрес деп санаймын.

Атап айтсам, Жанель шәкіртімді жобаға дайындау кезінде көптеген қиындықтарға кездестім. І-сыныптан бастап өсімдік өсіру жұмыстарын жүргіздік. Пандемия кезінде түрлі кедергілер орын алды. Өсірген өскіндерін зерттеу жұмыстарын онлайнға ауыстыруға тура келді. Ата-аналар көмегіне сүйене отырып, зерттеу жұмыстарын жалғастырдық. Жұмыс барысында ережеге сүйене отырып, конкурста ұсынылатын жобалардың өзіндік рәсімделуін талапқа сай жүйелі орындау қажет. Осындай зерттеу жұмыстарын бастауыш сыныптан бастау алып, жоғарғы буында жалғасын табуға мол мүмкіндік алады.

Бүгінде осы жеткен жетістіктерді «Таным» мектебінде ары қарай жалғастырып, өскелең ұрпаққа шығармашылық қабілеті мен дарындылығын өзіндік зерттеу тәжірибесі арқылы дамытудың жолдарын үйретуде PBL — Project-Based Learning (жобамен оқыту) әдісін пайдалануды жоспарлап отырмыз. Бұл білім беру тәсілі оқушыларды нақты жобаларды орындау арқылы білім алуға тартатын әдіс болып табылады. PBL оқушыларға теориялық білім мен дағдыларды нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырып, оларды шешім қабылдауға, зерттеу жасауға, командада жұмыс істеуге үйретеді.

PBL әдісінің ерекшеліктері:

- Жобаны орындау: Оқушылар нақты бір мәселеге немесе тапсырмаға негізделген жобаны жүзеге асырады.

- Зерттеу: Оқушылар проблеманы

зерттеп, қажетті ақпаратты жинайды, талдайды.

- Құзыреттіліктерді дамыту: Оқушылар пәндік біліммен қатар, сыни ойлау, шығармашылық және командада жұмыс жасау сияқты дағдыларды да дамытады.

- Қорытынды нәтиже: Жоба барысында оқушылар өздерінің жасаған жұмыстарын (көрмелер, баяндамалар, презентациялар, т.б.) жария етеді.

Бұл тиімді әдіс оқушылардың білімін тереңдетуге, сондай-ақ оларды нақты өмірде кездесетін қиындықтарға дайын етуге бағытталған.

Бұндай жобаларға бала дайындау оқушылармен қатар зерттеуші-педагогтерге өз жұмыстары мен еңбектерінің нәтижесін көрсетуге таптырмайтын мүмкіндік деп ойлаймын.

Оқушылардың мотивациясын арттыру: Психологиялық әдістер мен тәсілдер

Байдаулетова Айзада Күнтуарқызы

Бастауыш сынып жетекшісі, Ақтау қаласы, «Tanym school» мектебі

Андатпа

Бұл мақалада оқушылардың мотивациясын арттыру үшін қолданылатын психологиялық әдістер мен тәсілдер қарастырылады. Оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын және ынтасын ояту, олардың ішкі мотивациясын дамыту маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Мұғалімдер балалардың әртүрлі қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес оқу процесін ұйымдастырып, олардың жетістіктерін уақытында атап өту арқылы оқу белсенділігін арттырады. Сондай-ақ, ойын элементтері мен топтық жұмыстар арқылы балаларды ынталандырудың тиімді жолдары талқыланады. Осы әдістердің барлығы оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырып, олардың табысты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Аннотация

В этой статье рассматриваются психологические методы и приемы, направленные на повышение мотивации учащихся в процессе обучения. Важным аспектом является пробуждение интереса и энтузиазма у учащихся, а также развитие их внутренней мотивации. Учителя организуют процесс обучения, учитывая различные интересы и потребности учеников, а также повышают их мотивацию путем своевременного признания их достижений. В статье также обсуждаются эффективные способы стимулирования мотивации учащихся через игровые элементы и групповые работы. Все эти методы способствуют развитию у учащихся навыков самостоятельного обучения и играют важную роль в их будущем успехе как ответственных граждан.

Abstract

This article explores psychological methods and techniques aimed at enhancing students' motivation in the learning process. Awakened students' interest and enthusiasm, as well as developing their intrinsic motivation, is a key aspect of educational success. Teachers organize

the learning process according to the diverse interests and needs of students, boosting their motivation by acknowledging their achievements in a timely manner. The article also discusses the effective use of game elements and group work to stimulate motivation. These methods contribute to the development of students' independent learning skills and play a vital role in their future success as responsible citizens.

Білім беру үдерісінде оқушылардың мотивациясын арттыру ерекше маңызды, өйткені олар тек оқу материалдарын меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруы тиіс. Мотивация — бұл адамның іс-әрекеттерін жүзеге асыруға бағытталған ішкі күш, ол оқу процесін тиімді ету үшін өте маңызды. Бастауыш сынып кезеңінде баланың қызығушылығы мен ынтасын ояту, оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру ерекше назар аударатын мәселелердің бірі болып табылады.

Оқушылардың мотивациясы екі түрге бөлінеді: ішкі мотивация және сыртқы мотивация.

-Ішкі мотивация — бұл оқушының өзіндік қызығушылығы, білім алуға деген табиғи ынтасы. Ішкі мотивация жоғары оқушылар білім алу барысында қанағаттану мен өзін-өзі жетілдіруді іздейді..

-Сыртқы мотивация — бұл сыртқы күштер, мысалы, мұғалімнің мақтауы, бағалар немесе сыйлықтар. Сыртқы мотивация баланың оқу іс-әрекетін уақытша ынталандырады, бірақ оның ішкі мотивациясы болмаса, бұл түр ұзақ уақыт бойы тұрақты әсер етпейді.[1]Мұғалімдер оқушылардың ішкі мотивациясын арттыруға назар аудару арқылы олардың оқу процесіне деген шынайы қызығушылығын оятуы қажет.

Балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдер әр сабақта жаңа нәрсе ұсынуы керек. Бұл оқу процесінің мазмұны мен түріне жаңашылдық енгізуді қажет етеді. Әрбір сабақ қызықты әрі танымды болуы тиіс. Мысалы, сабақтың бастапқы бөлімінде оқушылардың

қызығушылығын тудыратын сұрақтар қою немесе жұмбақтар шешу арқылы сабаққа тарту — оқушының сабаққа деген ынтасын арттырады.

Мұғалімдер балаларға тек қана білім берумен шектелмей, өмірдің мәні мен маңыздылығын түсіндіруі тиіс. Оқушыларға білімнің болашақ өмірінде, тұлғалық және кәсіби дамуда қаншалықты қажет екенін түсіндіру маңызды. Балалардың оқу процесін түсініп, оның құндылығын сезінуіне көмектесу мотивацияның артуына ықпал етеді.[2]

Әр оқушының қызығушылығы, қабілеті мен қажеттілігі әртүрлі. Мұғалім балалардың әрқайсысының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруы керек. Оқушыларды топтарға бөлу, олардың деңгейіне сәйкес тапсырмалар беру және оларды жеке жетістіктері үшін мақтау балалардың өзін бағалауы мен оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады.

Баланың мотивациясын арттыру үшін мұғалімдер оқушылардың жетістіктерін уақытында атап өтуі тиіс. Бұл позитивті кері байланыс баланың өзіне деген сенімін нығайтады. Егер бала өз еңбегінің бағаланып жатқанын сезсе, ол одан әрі күш салуға ынталы болады. Мысалы, сабақ барысында жақсы орындаған тапсырмалары үшін мақтау, сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін құрмет көрсету — бұл баланың өзін-өзі тану және оқу белсенділігін арттырады.[3]

Баланың мотивациясын арттыруда оның өз құрдастарымен қарым-қатынасы да маңызды рөл атқарады. Оқушылар арасында ынтымақтастық, бірлескен жұмыс арқылы балалар өздерін маңызды сезінеді. Мысалы, топтық жұмыстар, жарыстар, викториналар ұйымдастыру арқылы оқушылар бір-біріне көмектесіп, бәсекелестік ортада жұмыс істейді, бұл олардың мотивациясын жоғарылатады.

Оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру үшін, оларды табысқа жетуге бағыттау өте маңызды. Әр оқушы өз мақсатына жету үшін белгілі бір қадамдарды жасауы керек екенін түсінуі тиіс. Мұғалімдер балаларға әр тапсырманы орындау үшін белгілі бір кезеңдер мен мақсаттарды қоюды үйретуі қажет. Бұл олардың өз жұмысын дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі және әр жетістікке жеткен сайын баланың мотивациясы артады.[4]

Ойын — балалар үшін ең тиімді мотивациялық құралдардың бірі. Оқу ойындары балалардың қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ықыласын күшейтеді. Ойын арқылы балалар тапсырмаларды жеңіл әрі қызықты орындауға тырысады, бұл олардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, викториналар, рөлдік ойындар, шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін дамытуға әрі ойын элементтері арқылы мотивациясын сақтауға мүмкіндік алады. Баланың жеке тұлғасының дамуы үшін өз жетістіктерін бағалай білуі маңызды. Мұғалімдер оқушыларды өз жетістіктеріне талдау жасап, өз кемшіліктерін көріп, оларды жақсарту жолдарын іздеуге ынталандыруы керек. Өз жетістіктерін бағалауға үйренген бала, сонымен қатар, мотивацияны сақтау үшін өз күшіне сенімді болады.

Оқушылардың мотивациясын арттыру — бұл мұғалімнің үнемі ізденіс пен шығармашылықпен жұмыс істеуді талап ететін процесс. Психологиялық әдістер мен тәсілдер балалардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, олардың өздігінен білім алуға деген ынтасын күшейтеді. Оқушылардың ішкі мотивациясын дамыту, шығармашылық тәсілдер мен әлеуметтік ынталандыру арқылы мұғалімдер олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, болашақта табысты азамат болуына жол ашады. Балаларға мақсат қойып, оған жету үшін қандай әрекеттер жасау керектігін түсіндіру, әр қадамда қолдау көрсету — бұл педагогтың басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметова, А. Ә. Мектепте оқушылардың мотивациясын дамыту әдістері. Алматы: Рауан. .2018ж.
2. Айтмұхамбетова, Ж. С. (2019). Педагогикалық психология: Мотивация және оның мәні. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
3. Бегалиев, А. М. Білім беру үдерісіндегі мотивацияны арттыру жолдары. Астана: Нұр-Пресс. .2020ж.
4. Қожамқұлов, А. Б. Оқу процесінде мотивацияны қалыптастырудың психологиялық негіздері. Алматы: Білім. 2021ж.
5. Мұхамбетова, М. РОқушылардың ішкі мотивациясын арттыру тәсілдері. Шымкент: Қожа Ахмет Ясауи университеті. .2020ж.

Многомыслие вопреки многоумию. Как учить эффективно?

Барабаш Кристина Александровна

Учитель начальных классов, г.Ақтау, школа "Tanym school"

В современном и динамичном мире совсем другие требования к человеку. Сейчас ценится не просто исполнитель, а человек, который способен творить, креативно мыслить, создавать. Как воспитать такого человека и как построить учебно-воспитательный процесс, направленный больше на овладение практических навыков.

В этом вопросе важно поменять и все стереотипы в обучении детей самого учителя.

Как часто родители озадачены вопросом многомыслия своих детей.

Как хочется всем нам видеть умных и пытливых до знаний чад.

В чем же заключается основная задача педагога, чтобы ребенок быстро и уверенно решал задачи школьной программы и выполнял задания?

Дело в том, что многие родители и педагоги пытаются дать как можно больше различных знаний детям. Заучить, зазубрить без осознания материала. Как долго такие знания останутся в голове ребенка? Сможет ли он применять их в последующие учебные годы?

Именно этот вопрос я хотела осветить в своей статье.

С чего начать? Основной задачей успешного обучения является развитие психических процессов ребенка. Развитие памяти, воображения, внимания и всех форм мышления.

Ребенок, у которого хорошо развиты психические процессы решит любую поставленную школьную задачу в разы быстрее, чем у которого они слабо развиты. Готовя к школьному обучению своего ребенка, многие родители считают, что овладение основными навыками письма, умение читать и решать примеры этого всего более чем достаточно, чтобы начать учебную деятельность в школе. Работая только по этим направлениям совершенно недостаточно для качественной подготовки к школе. Ориентируясь в обучении только на навыки школьного процесса формирует «туннельность» мышления у детей. К

